

«АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ

ӘӨЖ 81'25:004:378

Қолжазба құқығында

**Байшымырова Айгерим Утегеновна**

**Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының  
кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен  
әдістемесі**

**«6D011900 – Шетел тілі: екі шетел тілі»**

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі:  
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Абылай хан атындағы  
Қазақ халықаралық қатынастар  
және әлем тілдері университеті  
Садыкова А.К.

Шетелдік кеңесшісі:  
педагогика ғылымдарының докторы  
қауымдастырылған профессор,  
«Хаджи Байрам Вели» Университеті  
(Түркия, Анкара)  
Айдан Ыргатоуглы

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2024

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ-НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ.....	16
1.1 Шеттілдік аудармашыларды даярлаудың ерекшеліктері мен тенденциялары.....	16
1.2 Кәсіби-негізделген құзыреттілігінің ұғымының мәні мен құрылымы.....	32
1.3 Заманауи ақпараттық коммуникациялық ресурстар – аудармашыларды шеттілдік-кәсіби даярлаудың құрамдас бөлігі.....	44
Бірінші тарау бойынша қорытынды.....	60
2 АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАР АРҚЫЛЫ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ-НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	62
2.1 Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделі.....	62
2.2 Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың интеграцияланған тезаурусты кәсіби концептісі.....	82
2.3 Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы қалыптастыруға бағытталған жаттығулар типологиясы мен жүйесі.....	110
Екінші тарау бойынша қорытынды.....	122
3 АҚПАРАТТЫҚ КОМУНИКАЦИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ-НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК – ЭКСПЕРИМЕНТ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	124
3.1 Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін диагностикалық бағалау.....	124
3.2 Аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы қалыптастырудың кезеңдік әдістемесінің алгоритмі.....	132
3.3 Ақпараттық коммуникациялық ресурстары арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелік-эксперимент нәтижесін талдау.....	148
Үшінші тарау бойынша қорытындысы.....	155
ҚОРЫТЫНДЫ.....	157
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	159
ҚОСЫМШАЛАР.....	169

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы
2. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы
4. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауы. – 2019, қыркүйек – 2. <http://www.akorda.kz/kz/> (дата обращения 02.09.2019)
5. 2021-2025 жылдар аралығындағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы.
6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқынан Жолдауы. 2021 жылғы 01 қыркүйек.
7. «Аудармашы» кәсіби стандарты. – 2021 жылғы 26 қаңтардағы №14 бұйрыққа сәйкес, Қазақстан Республикасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары бекіткен. Қосымша №1.

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылған:

**Білім**—жүйелендірілген білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеру, ақыл-ойы мен сезімталдығын дамыту, дүниетанымымен танымдық үдерістерді, адамның қызметтәсілдерін игеруі арқылы тұлғаны қалыптастырудың нәтижесі.

**Білімберу** – тұлғаның физикалық және рухани тұрғыда қалыптасуының бірегей үдерісі, кейбір мінсіз образдарға, қоғамдық санада әлеуметтік тарихи бекіп қалған эталондарға бағдарланған әлеуметтену үдерісі.

**Құзырет** – белгілі бір пәндер мен үдерістердің шеңберіне қатысты қойылатын және оларға қатысты сапалы өнімді қызмет үшін қажетті жеке тұлғаның өзара байланысты қасиеттерінің (білім, білік, дағды, қызмет тәсілдері) жиынтығы.

**Құзыретті** (лат. *competens, competence* – тиісті, қабілетті) – белгілі бір салада білікті, хабардар, өз білімдері немесе өкілеттері бойынша бір нәрсені жасауға немесе шешім қабылдауға құқығы бар.

**Құзыреттілік** – адамның өзіне және қызмет нысанына жеке қатынасын қамтитын тиісті құзыреттілікке ие болуы.

**Кәсіби құзыреттілік** – кәсіби білім, білік, сондай-ақ кәсіби қызметті орындау тәсілдерінің жиынтығы.

**Үдеріс** – нақты бір мақсатқа жету үшін жүйелі түрде орындалатын әрекеттер мен кезеңдердің жиынтығы болып табылады. Үдеріс түрлі салаларда қолданылады және оның тиімділігі мен нәтижелілігі үдеріс кезеңдерін дұрыс ұйымдастыруға байланысты.

**Ақпараттық-коммуникациялық ресурс (АҚР)** – ақпарат пен коммуникациямен байланысты ресурстар мен құралдардың жиынтығы. Бұл ресурстар ақпаратты сақтау, өңдеу, жеткізу және қолдану үшін пайдаланылатын технологиялар мен жүйелерді қамтиды.

**Аударма** – әртүрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі, нәтижесінде шығатын тілдегі (ШТ) мәтіннің мағынасы аударма тіліне (АТ) аударма мәтіні (АМ) түрінде беріледі; бұл аудармашының әрекеті, яғни бір тілде жасалған мәтінді екінші тілге ауыстыру, қайта кодтау арқылы, аралық екітілді коммуникацияны толықтығы, тиімділігі және табиғилығы жағынан біртүлді коммуникацияға жақындату мақсатын көздейтін қызмет.

**Аудармашы** – аударма жасаумен айналысатын маман, яғни белгілі бір тілде (аударма тілі деп аталатын) жазбаша немесе ауызша мәтіннің екінші тілдегі эквивалентін (жазбаша немесе ауызша мәтін) жасайтын адам.

**Аударма қызметі** – аудармашының (фрилансер аудармашы, аударма бюросының қызметкері, аударма компаниясының қызметкері, коммерциялық және мемлекеттік ұйымдардың қызметкері) қызметі.

**Тезаурус** (лат. thesaurus – қазына, жинақ) – бұл белгілі бір саладағы білімнің ұғымдары мен терминдерін, олардың арасындағы байланыстарды жүйелі түрде сипаттайтын сөздік немесе ақпараттық-анықтамалық жүйе.

## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

**ҚР** – Қазақстан Республикасы

**ЖОО** – Жоғарғы оқу орны

**БҒСҚЕК** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

**МЖМБС** – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

**АКТ** – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

**АҚР** – Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар

**ШТ** – Шетел тілі

**КНҚ** – Кәсіби - негізделген күзiреттiлiк

**ОӘК** – Оқу әдістемелік кешен

**ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шеңбері

**ЭББР** – Электрондық білім беру ресурстары

**МАОК(МООС)**- Массивті ашық онлайн курстар

**ЦББР** – Цифрлық білім беру ресурстары

**КЛК** – Когнитивті-лингвомәдени кешен

**ҚазХҚжӘТУ** – Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті

**TPR** – (Total Physical Response) Толық физикалық жауап қайтару әдісі

**ЖЖОКБҰ** – Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары

**МА** – машиналық аударма

**ЭТ** – Эксперименталды топ

**БТ** – Бақылаушы топ

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің көкейкестілігі.** Экономиканың жаһандану үдерістері, ақпараттық қоғамның қалыптасуы, сондай-ақ халықаралық қатынастардың тұрақты және қарқынды дамуы адам қызметінің түрлі салаларында жоғары білікті қазақстандық аудармашы мамандарға деген сұранысты арттыруда. Қазақстандық білім беру жүйесін жаңғырту оқыту үдерісінің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуге бағытталған және бұл негізгі және кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін заманауи білім беру бағдарламаларын қалыптастыруды талап етеді. Бұл үдеріс дәстүрлі академиялық тәсілден құзыреттілікке негізделген тәсілге көшу мәселесімен тығыз байланысты. Құзыреттерді табысты қалыптастыру білім мен дағдыларды тәжірибелік қолдану жағдайында ғана мүмкін, сондықтан кәсіби негізделген құзыреттілік болашақ маманның кәсіби дайындық деңгейін қалыптастырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. Бұл процесс болашақ маманның кәсіби қызметінің мазмұны туралы кешенді түсініктерді айқындауға ықпал етеді. Қазіргі таңда аудармашы мамандығы ең талап етілетін және кең таралған салалардың біріне айналуда, бұл жалпы аудармашыларды даярлау мәселесінен гөрі, белгілі бір мамандандырылған бағыттар бойынша оқытуды көздейді: ауызша аудармашы, синхронды аудармашы, жазбаша аудармашы, редактор-аудармашы және тағы басқалар. Аудармашыларды дайындауда тілдік, кәсіби және техникалық құзыреттіліктердің біріктірілуі аса маңызды. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды интеграцияланған әдістемелік жүйеде қолдану болашақ мамандардың кешенді дайындығын қамтамасыз етеді, бұл қазіргі білім беру жүйесінде жеткіліксіз қамтылған мәселе.

Онымен қоса, Қазақстан Республикасы Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың халқына Жолдауларында болашақ білікті маман иесін даярлауға өзгерістер енгізудің бірқатар шаралары көрсетілген. Сапалы білім беру – Қазақстанның индустриясы мен инновациялық дамуының негізіне айналуы тиістігін» атап өткен. Болашақ мамандардың, соның ішінде бүгінгі аудармашы бәсекеге қабілетті болуы, кәсіби құзыретті, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерліктері мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген [1]. 2021 жылғы 14 қаңтарда «Атамекен» ҰҚП-ның Адам капиталы мен әлеуметтік саясатты дамыту комитетінде «Аудармашы» кәсіби стандарты бірауыздан қолдау тауып, бекітілді. Осыған байланысты аударма ісі мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындарына ерекше рөл жүктеледі. Аталған стандарт бекітілгеннен кейін жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларын нақтылап, өзгерістер енгізіп, жұмыс берушілермен байланысын нығайту міндеті түр [2]. ҚР мен шетелдік әріптестер арасындағы әртүрлі қызмет салаларындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстарды дамыту кәсіби шеттілді маман-аудармашылардың мәдениетаралық коммуникация шеңберінде делдалдық функцияны жүзеге асыру қажеттілігін өзектендірді. Болашақ аудармашылар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы үшін АКТ

құралдарын және АҚ ресурстарды да меңгеруі қажет. Бұл олардың кәсіби өсуіне және аударма саласына жаңа білім қосуына ықпал етеді.

Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыда зерттелу дәрежесі. Соңғы он жылдықта шеттілдік аудармашылардың кәсіби даярлығын жетілдіруде, оның мазмұны мен жаңа ақпараттық-коммуникациялық ресурстары негізінде шеттілдік білім беруде лингводидактикалық материалды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне бағытталған зерттеулер жүргізілді. Құзыреттілікке негізделген оқыту мен білім берудің мәні мен өзекті мәселелерін зерттеу барысында біз отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйендік (С.С.Кунанбаева, И.Л.Бим, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, С.Кэмпбелл, А.Нойберт және басқалары).

Аударма мәселелері мен аударма қызметін жүзеге асыру қазіргі уақытта түрлі бағыттарда зерттелуде. Аударма теориясы мен практикасының дамуына бірқатар отандық және шетелдік ғалымдар өз үлестерін қосты (С.С. Кунанбаева, А.К. Жумабекова, А.Ислам, Л.С. Бархударов, Н.Н. Гавриленко, В.Н. Комиссаров, Л.К. Латышев, А.Л. Семенов, А.Д. Швейцержәне басқалары). Аударматану саласындағы жаңашылдықтар оның пәнаралық сипатын мойындау арқылы аударма оқыту әдістері мен полимәдени тілдік тұлғаны қалыптастыруға арналған қолдану тәсілдеріне деген қызығушылықты күшейтіп келеді.

Соңғы онжылдықтарда пәнаралық антропоорталық және когнитивті-эрекеттік парадигмалардың аясында жаңа ғылыми бағыт – аударма қызметін оқыту әдістемесі пайда болды (Н.Н. Гавриленко, Н.К. Гарбовский, Т.А. Кульгильдинова, Е.Р. Поршнева, Е.Г. Тарева, О.В. Федотова және басқалары), және, сол себепті, оның көпқырлы түсінілуіне қажеттілік туындап отыр.

Аударманы оқыту әдістемесі мәселелеріне қатысты бірқатар отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қаралған (А.Т. Чакликова, А.К. Садыкова, В.В. Алексеева, Н.Ф. Михеева, Е.Р. Поршнева, А.Ф. Ширяев, А.П. Чужакин, Г. Барик және басқалары). Соңғы жылдары аудармашының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінің теориялық және практикалық негіздерін зерттеуге арналған зерттеулер пайда болды (Д.А.Алферова, Л.С. Бархударов, Г.Будин, Р.К. Миньяр-Белоручев, Л.В.Ремезова, А.Б.Шевнин, О.Каде, М. Снелл-Хорнби және басқалар).

Академик С.С. Кунанбаеваның ғылыми мектебі арқылы «аударманың когнитивтік тұжырымдамасының» ғылыми-теориялық платформасы мен әдіснамасы анықталды. Аударма мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі ретінде шетел тіліндегі білім берудің когнитивті-лингвомәдени әдістемесіне негізделген. Қазіргі аударманың жаңа парадигмасында аудармашы қызметінің танымдық компонентіне маңызды назар аударылады. Когнитивистиканың жетістіктері «аударма мен аударматанудың когнитивті тұжырымдамасы» заманауи әдістемесінің негізгі және даму бағыты бола алады [3]. Барлық зерттеулер болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми білімді жинақтауға және жүйелеуге ықпал етеді.



Білім беруді ақпараттандыру, шетел тілдерін оқытуда ақпараттық коммуникациялық ресурстарын құру және қолдану саласындағы елеулі ғылыми-теориялық және практикалық нәтижелер отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады (Е.В. Артыкбаева, Д.М. Джусубалиева, А.Т. Чакликова, В.Н. Крупнов, Е.В. Михеева, П.В. Сысоев, Ю.В. Тиссен, В.Н. Шевчук және басқалар). Ақпараттық коммуникациялық ресурстар ақпарат берудің жаңа мәдениетін тудырды, сонымен бірге оның көлемін едәуір арттырды. Осының әсерінен, және, халықаралық ынтымақтастықтың кеңеюінен аударма саны едәуір өсті. Аударма үдерісінің сипаты өзгеріп, заманауи ақпараттық коммуникациялық ресурстарды пайдалану арқылы аударма қызметінің тиімділігін арттыру қажеттілігі туындады. Ақпараттық коммуникациялық ресурстар аудармаға байланысты идеяларға өзгеріс әкелумен бірге аударма дидактикасына да айтарлықтай серпіліс беріп, сөйтіп олар аудиовизуалды ақпараттың және мүмкіндігінше аударма индустриясының көрінісін өзгертті.

Осылайша, қазіргі ғылымда аудармашылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеуге қажетті әлеует жинақталған. Алайда, болашақ аудармашыларды кәсіби даярлау мәселелерін қарастыратын теориялық тұрғыдан маңызды және практикалық маңызы зор зерттеулердің алуан түрлілігіне қарамастан, аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі ғылыми-зерттеу жұмыстарында әлі толық зерттелмеген. Бұл бізге келесі **қарама-қайшылықтардың** бар екенін көрсетуге мүмкіндік береді:

– мәдени және тілдерлік коммуникация жағдайында сапалы аударманы қамтамасыздандыратын жоғары білікті аудармашы кадрларға әлеуметтік сұраныстың өсуі мен мұндай деңгейде болашақ аудармашыны даярлауға байланысты ғылыми тұжырымдаманың жоқтығы арасында;

– аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі мен осы үдерістің әдістемелік тұрғыда теориялық негізделу деңгейінің жеткіліксіздігі арасында;

– қоғам мен мемлекеттің кәсіби аудармашыларды даярлауға деген қажеттілігінің жоғарылауы және осы салада қолданылатын әдістемелік тәсілдердің жеткіліксіздігі арасында;

– аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру проблемасының өзектілігі мен әдістемелік ғылымда аудармашыларды даярлау моделінің теориялық және қолданбалы аспектілерінің жеткіліксіз дамуы арасында;

– қазіргі ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды аудармашының кәсіби-негізделген құзыретін қалыптастыруда қолдану қажеттілігін түсіну мен оларды тиімді пайдалануға арналған ғылыми негізделген лингводидактикалық шарттардың жоқтығы арасындағы қарама-қайшылық.

Осы қарама-қайшылықтың шешімін іздестіру біздің зерттеу проблемамызды айқындауға және тақырыпты **«Ақпараттық коммуникациялық**

*ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі» зерттеу таңдауымызға себеп болды.*

**Зерттеудің объектісі:** аудармашыларды жоғары шетел тілі білім беру саласында кәсіби даярлау үдерісі.

**Зерттеудің пәні:** ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

**Зерттеудің мақсаты:** ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы ғылыми-теориялық негіздерін айқындау, құрылымдық-функционалды моделін жасау және оны тәжірибелі-эксперимент барысында тексерістен өткізу.

**Зерттеудің болжамы.** Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі тиімді болады, *егер:*

– аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің ұғымдық мәні ашылып, оның құрылымы мен мазмұны анықталса;

– ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру құрылымдық-функционалды моделі құрылса;

– кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастырудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын әдістемесінің алгоритмі ұсынылыса, және ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы жаттығулардың жүйесі жүзеге асырылса; **онда,** аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға жағдай жасалады, **өйткені** аудармашыларды даярлау білім беру үдерісі кәсіби-құзыреттілік, ақпараттық-технологиялық, когнитивті-белсенділік, жеке тұлғалық-тезаурыстық тәсілдері және пәнаралық-модульдік интеграция, мәдениетаралық коммуникативті өзара әрекеттесу, жүйелік-тұтастық аутенттілік концептуалды принциптерінің негізінде құрылады.

**Зерттеудің міндеттері:**

– Аудармашының «кәсіби-негізделген құзыреттілігі» ұғымының мәнін, мазмұнын мен құрылымын анықтау;

– Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру құрылымдық-функционалды моделін құру;

– Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың интеграцияланған тезаурусты кәсіби концептісін жетілдірудің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету негіздерін айқындау;

– Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесін жасау;

– Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға ұсынылған әдістемесінің тиімділігін тәжірибелік- эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері:**

– шеттілдік білім берудің когнитивті-лингвомәдени әдістемесі және мәдениетаралық коммуникация теориясы саласындағы академик

С.С.Кунанбаеваның зерттеулері;

– білім берудегі құзыреттілік тәсілді іске асыру жөніндегі еңбектер (В.И. Байденко, И.Л.Бим, И.А. Зимняя, С.С. Кунанбаева, А.В. Хуторской);

– аударма теориясы мен тәжірибесі жөніндегі еңбектер (И.С. Алексеева, В.С. Виноградов, А.К. Жумабекова, А. Ислам, А. Есенқұлова, Г.Қ. Қазбек, В.Н. Комиссаров, Г.Э. Мирам, В.А. Митягина, А.В. Федоров, О.В. Федотова, М.Я. Цвиллинг, А.Д. Швейцер, R. Bell);

– аударма іс-әрекетінің дидактикасы (Е.В. Аликина, Н.Н. Гавриленко, Н.К. Гарбовский, П.К. Елубаева, Т.А. Кульгильдинова, Е.Р. Поршнева, И.И. Халеева, M. Lederer, D. Selescovitch);

– аудармашының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулер (И.С. Алексеева, В.Н. Комиссаров, Л.К.Латышев, Р.К. Миньяр-Белоручев, Е.Р. Поршнева, О.В. Федотова, A. Neubert);

– аударманы модельдеу мәселелері бойынша, оның ішінде когнитивті аударма саласындағы жұмыстар (О. Каде, Д. Кирали, А.В.Козуляев, А.Г. Минченкова, В.В. Сдобников, А.М.Т ютебаева);

– шеттілдік оқу үдерісінде ақпараттық технологияларды қолдану саласындағы жұмыстар үлкен маңызға ие (Е.В.Артыкбаева, Л.Н. Беляева, Г.О. Беркинбаева, В.В. Гончарова, Д.М. Джусубалиева, Т.А. Казакова, П.В. Сысоев, А.Т.Чакликова, В.Н. Шевчук);

– аудармашы қызметінің ақпараттық-технологиялық құрамдас бөлігі саласындағы зерттеулер (Н.К. Грабовский, Н.Г. Инютин, Р.Е. Дабылтаева, В.Н. Крупнов, Н.Ф. Михеева, А.К. Садыкова, О.В. Петрова, Ю.В. Тиссен) құрайды.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** Болашақ аудармашыны шетел тілінде кәсіби даярлаудың мақсаты мен нәтижесі ретінде кәсіби-негізделген құзыреттілік когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенциялардың біртұтастығын құрайды. Болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру үдерісі ақпараттық-коммуникациялық ресурстарға негізделеді және шетел тілін меңгеру мен аудармашылық базалық дайындық саласындағы интегративті білімге сүйеніп жүзеге асады. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану болашақ аудармашыларға жаңа ақпаратты игеріп, тұлғалық қасиеттерін дамыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

#### **Зерттеу әдістері:**

– теориялық (зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқу және талдау, жалпылау, нормативтік құжаттарды және оқу-әдістемелік тұжырымдарды саралау, салыстыру, жүйелеу; моделдеу);

– эмпирикалық (сауалнама, педагогикалық бақылау, диагностикалық әдістер, тәжірибелік-эксперимент);

– статистикалық (математикалық статистика әдісімен зерттеу нәтижелерді сандық және сапалық өңдеу).

**Зерттеудің теориялық мәні:** аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттіліктің мәні негізделді және оның когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу, операциялық-инструменталды

субкомпетенциялары анықталды, олардың қалыптасу дескрипторлары кәсіби стандартқа бейімделіп алынды; аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыру үшін теориялық тұрғыда негізделген лингводидактикалық шарттар анықталды; аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделі құрылды.

**Зерттеудің практикалық мәні:** оқу үдерісіне ақпараттық коммуникациялық ресурстары арқылы аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген әдістемесі енгізілді; аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің қалыптасу деңгейлерін бағалауға арналған әрбір құрылымдық компонентке қатысты жаттығулар мен тестілерді қамтитын диагностикалық құралдар жасалды. Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға арналған жаттығулар жүйесі ұсынылды. «Basic English For Translators» бойынша 2 курс студенттеріне арналған электрондық оқу құралы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

– Болашақ аудармашының «кәсіби-негізделген құзыреттілігі» мәні негізделді және оның когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу, операциялық-инструменталды субкомпетенциялардан тұратын құрылымы анықталды.

– Кәсіби-негізделген құзыреттілік, ақпараттық-технологиялық, когнитивті-белсенділік, жеке тұлғалық-тезаурыстық тәсілдер жиынтығынан қамтыған және пәнаралық-модульдік интеграция, мәдениетаралық-коммуникативті өзара әрекеттесу, жүйелік-тұтастық, аутенттілік ғылыми принциптермен байланыстағы болашақ аудармашыны даярлаудың кәсіби тұжырымдамасы анықталып, сипаттама берілді.

– Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру мақсатты, тұжырымдамалық, мазмұндық, процессуалды, бағалау блоктарын қамтитын құрылымдық-функционалды моделі ұсынылды.

– Аудармашыны даярлауға бағытталған аудармашының интеграцияланған тезаурустық кәсіби концептсі жасалып, оны жетілдірудің оқу-әдістемелік негіздері нақтыланды.

– Құрастырылған бағдарламалар негізінде ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдана отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын әдістемесінің алгоритмі әзірленді және оның аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігі тәжірибелік эксперимент жүзінде дәлелденді.

**Қорғауға келесі қағидалар ұсынылады:**

1. Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігі– бұл аудармашының теориялық, процедуралық және интегративті білімі мен қасиеттері, сондай-ақ аударма мәселелерін тиімді шешу үшін шеттілдік білім беру және аудармашының интеграцияланған тезаурыстық кәсіби концептісін АҚ ресурстар арқылы жаттығулар типологиясын пайдалана білу қабілеті. Бұл құзыреттіліктің

құрылымы аудармашының шеттілдік когнитивті-ұғымдық, кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенцияларын қамтиды.

2. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар — ақпаратты алу, өңдеу, сақтау және тарату үшін пайдаланылатын технологиялар мен құралдардың жиынтығы. Бұл ресурстар аударма үдерісін жеңілдетіп, студенттердің когнитивті-ұғымдық, кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенцияларын дамытуға мүмкіндік береді. Оларға аудармаға арналған арнайы бағдарламалар, онлайн сөздіктер, корпус-лингвистика, мәліметтер базалары, сонымен қатар, білім беру платформалары, аудио және видео құралдар кіреді.

3. Ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды пайдалану арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі құрылып, оның бес негізгі блогы (мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұнды, процессуалдық және бағалау) айқындалып, лингводидактикалық шарттары анықталды.

4. Интеграцияланған тезаурустық кәсіби концепт аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндік мазмұндық бірлігі ретінде кәсіби-құзыреттілік, ақпараттық-технологиялық, когнитивті-белсенділік және жеке тұлғалық-тезаурустық тәсілдерге негізделген. Аудармашыларды даярлауға арналған интеграцияланған тезаурустық кәсіби концептің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі пәнаралық оқытудың негізгі идеяларын жүзеге асыра отырып, әрқайсысы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін және оның шетел тілінде кәсіби білім беру процесіндегі субкомпетенцияларын қалыптастыруға бағытталған пәндердің мазмұндарын қамтиды.

5. Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі келесідегідей екі блоктан тұрады: аудармашының шеттілдік кәсіби-коммуникативтік дайындығын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар блогы және аудармашының кәсіби-қолданбалы аударма дайындығын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар блогы.

6. Кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастырудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын әдістемесінің алгоритмі келесідей кезеңдердің жиынтығы ретінде ұсынылған: теориялық-фундаменталды, лингвокәсіби-коммуникативті, аналитикалық-синтездеу және кәсіби-қолданбалы. Әрбір кезең оқу мақсаттарына сәйкес келетін, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды (АҚР) қолдануға негізделген жаттығулар жүйесін пайдалануды қамтиды және аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпараттық-іздеу, операциялық-инструменталды субкомпетенцияларын қалыптастыруға бағытталған.

**Зерттеудің түпнұсқалары мен дереккөздері:** зерттеу мәселесі бойынша ҚР Үкіметінің ресми материалдары, Жоғары білім және ғылым министрлігінің жоғары білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары мен

оқу әдістемелік кешендері (стандарттар, типтік оқу бағдарламалары және т.б.), ғылыми-зерттеу еңбектері, дидакттардың ғылыми жетістіктері мен үздік тәжірибелері, оқу-әдістемелік құралдары, диссертанттың зерттеуші тәжірибесі қолданыс тапты.

**Зерттеу базасы:** тәжірибелік эксперимент жұмысы Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінің «Б02301 – Аударма ісі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 2 курс студенттерінің қатысуымен өткізілді. Тәжірибеге 60 білім алатын студенттер қатысты.

**Зерттеудің нәтижелерінің мақұлдануы мен жарияланымдары:** алынған нәтижелер халықаралық ғылыми конференция материалдарында, ғылыми мақалаларда көрініс тапты.

1. Олардың екеуі Scopus деректер базасына енгізілген журналдарында жарияланған: 1) Skills and Professionally-based Competencies of Translator Candidates // Investigating of Information and Communication Technology (ICT). – 2022. – Vol. 10, No. 4. – P. 894-917. [https://ijemst.net/index.php/ij\\_emst/issue/view/48](https://ijemst.net/index.php/ij_emst/issue/view/48); 2) Investigating the Relationships Between Intercultural Competences, Academic and Professional Self-Efficacy of Translators // Journal of Social Studies Education Research. – 2024. – Vol. 15, No. 3. – P. 374-399. <https://jsser.org/index.php/jsser/issue/view/48/showToc>

2. Бесеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда: 1) To the issue of using infocommunication technologies in the formation of professional competence of translators // Al-Farabi Kazakh National University Journal of Educational Sciences. – 2019. – No. 1(58) – P. 13-21. – ISSN 2520-2634; 2) Application of infocommunication resources for the optimization of future translators' foreign language preparation // Science and life of Kazakhstan. – 2019. – No. 12(2). – P. 96-103. – ISSN 2073-333X; 3) Formation of professionally based competence of future translators on the basis of information and communication resources // Вестник Торайгыров Университета. – 2021. – № 1. – ISSN 2710-3528 <https://vestnik.tou.edu.kz/Series/Journal/3>; 4) Application of modern digital and infocommunication technologies in translation of economic texts // Science and life of Kazakhstan. – 2021. – No. 1. – P. 155-162. – ISSN 2073-333X; 5) Peculiarities of the formation of professionally-based competence as a part of the professional training of future translators // Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті “педагогика ғылымдары” сериясы. – 2022. – № 2(65). – Б. 38-42. – ISSN 2412-2149 (Print) ISSN 2710-3269 (Online)

3. РФДИ (РИНЦ) негізіндегі бір мақала: Digital resources in professionally-based training of future translators // Цифровизация и формирование цифровой культуры: социальный и образовательный аспекты. – Астрахань, 2019. – С. 193-200. – ISBN 978-5-6042580-0-2

4. Шетелдік және халықаралық конференциялар материалдарындағы жеті мақала: 1) Classification of digital educational resources (DER) and electronic educational methodological complexes (E-EMC): implementation in foreign language education // V International scientific and practical conference “Foreign Language

Education: Best practices, Pedagogical innovations and Perspectives”. – 2018. – No. 12-13. – 640p. – P. 196-199. – ISBN 978-601-270-337-5;2) To the problem of forming professional competence of future translators on the basis of info communication resources // Journal of Language Research and leaching Practice. – Almaty: Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, 2018. – P. 61-70. – ISSN 2618-0375;3) Features of translator training in new technological conditions // «The Science. Socium. Society» Proceedings of the International media conference of Association "Society for Academic Activity". – Belgrad, 2019. – P. 228-231. – ISBN 978-86-901928-0-9; 3) A Study of the Importance of Digital educational resources in Higher Education // V International scientific and practical conference proceedings “Foreign Language Education: Best practices, Pedagogical innovations and Perspectives”. – No. 12-13. – 640 p. – P. 200-202. – ISBN 978-601-270-337-5; 4)Болашақ аудармашыларды шетелдік кәсіби даярлаудағы ақпараттық коммуникациялық ресурстардың дидактикалық әлеуеті // «XXI Ғасырдағы Ғылым Және Білім» атты V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы. – Нур-Султан, 2020. – Б. 122-126. – ISBN 978-601-301-389-3; 5) Болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыретінің компоненттік құрамының тұжырымдамалық мәні мен сипаттамасы // Materials of the 7-th International Research and Practical Conference «A word in language and speech current issues in language research», dedicated to the 85th anniversary of Doctor of Philology, Professor O.A. Sultanyayev. – Көкшетау: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, 2023. – ISBN 978-601-261-551-7; 6) Концептуально-методологические основы проектирования модели формирования профессионально-базируемой компетенции будущего переводчика //«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» республикалық институтының ақпарат-әдістемелік хабаршысы «Білім Берудегі Менеджмент». –2021. – №1(100). – Б. 77-80. – ISSN 2226-1176

Осылайша, жұмыстың мазмұны 17 басылымда, оның ішінде 2 – SCOPUS базасына кіретін ғылыми басылымдарда,5– КОКСНВО ұсынған басылымдарда,7 –халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында және 3 – ҚР ғылыми журналдарында көрсетілген.

**Зерттеу жұмысының құрылымы мен жоспары.** Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, объектісі мен пәні, негізгі болжамы мен міндеттері анықталып, теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу әдістері, зерттеу кезеңдері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар, зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы мен жарияланымдары баяндалған.

Диссертациялық жұмыстың «Шетілдік білім беру жүйесінде аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы» деп аталатын бірінші тарауында заманауи тенденциялар мамандардың тілдік және мәдениаралық құзыреттіліктерін дамытумен қатар, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды тиімді қолдана білуіне талдаулар жүргізілді. Ақпараттық коммуникациялық ресурстары арқылы болашақ аудармашылардың кәсіби-құзыреттілігі ұғымын тұжырымдауға, кәсіби-негізделген құзыреттілігінің

құрылымы мен мазмұнын анықтауға, құрамдас бөліктерін сипаттауға мүмкіндік берді.

Диссертациялық жұмыстың «Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі» деп аталатын екінші тарауында ақпараттық коммуникациялық ресурстарды (АҚР) пайдалану арқылы болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің негізгі аспектілері қарастырылды. Құрылымдық-функционалды модель АҚР-ды қолдана отырып, аударма ісіндегі кәсіби құзыреттілікті дамытудың әдістемелік негізін қалыптастырады. Модель компоненттері болашақ аудармашылардың кәсіби дайындықтарын кешенді дамытуға бағытталған және олардың ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалану қабілетін арттырады. Интеграцияланған тезаурыстық кәсіби концептіде болашақ аудармашыларға ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдану арқылы тілдік және мәдени білімдерді меңгерту жолдары көрсетілді.

Диссертациялық жұмыстың «Ақпараттық коммуникациялық ресурстары арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы моделі бойынша тәжірибелік – эксперимент жұмысының нәтижелері» деп аталатын үшінші тарауында ақпараттық коммуникациялық ресурстар (АҚР) арқылы болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері талданды. Бұл тарау диагностикалық әдістерді қолдану, кезеңдік әдістемелік алгоритмді енгізу және эксперимент нәтижелерін бағалауды қамтиды. Алғашқы бөлімде АҚР арқылы аудармашылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикалық жүйесі көрсетілді. Диагностика студенттердің АҚР-ды қолдану қабілеттерін, кәсіби және техникалық дағдыларын, тілдік және мәдени дайындықтарын бағалауға бағытталды.

Қорытындыда жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша алынған негізгі тұжырымдар берілді.

Диссертация бойынша қосымшаларда зерттеу жүргізу жұмысы барысында пайдаланылған материалдар келтірілген.



# 1 ШЕТТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ АУДАРМАШЫНЫҢ КӘСІБИ-НЕГІЗДЕЛГЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕОРИЯСЫ

## 1.1 Шеттілдік аудармашыларды даярлаудың ерекшеліктерімен заманауи тенденциялары

Қазақстан Республикасында аудармашының кәсіби қызметі уақыт өткен сайын ұсынылатын аударма қызметтерінің мазмұны жағынан әлеуметтік және экономикалық жаңа сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі таңда аударма әлемі жаңа технологиялардың үнемі өсіп келе жатқан даму деңгейі мен сипатталатын жаһандық ортаның шындығына бейімделіп жатқанда, болашақ аудармашылардың кәсіби дайындығы мен тілдік білімін жаңғырту қажеттілігі байқалады. Қазіргі жағдайда аудармашылардың еңбек мазмұны, кәсіби дағдылары мен шеберліктері тез өзгеріп, күрделене түседі, ал жоғары оқу орындарының білім беру үдерісі әрдайым осы өзгерістерге сәйкес келе бермейді. Қазақстан Республикасының Білім туралы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңының білім беру жүйесі туралы 3-тарауының білім беру жүйесінің міндеттеріне арналған 11-бабында оқытудың жаңа технологияларын, білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды, технологияларды енгізу және тиімді пайдалану айтылған [4].

Аударматану теориясында үлкен тәжірибенің жинақталуы, кәсіби салалық аудармашыларды дайындаудың қажеттілігі аударма құбылысын жан-жақты теориялық тұрғыда зерттеуді, аударма қызметінің ерекшеліктерін талдауды, аударма саласында бар білімдерді жинақтап, осы негізде аударма дидактикасын жасауды маңызды етті. Қазіргі уақытта аударма қызметі дидактикасы психология, лингвистика және шетел тілін оқыту әдістемесін біріктіру негізінде әдістемелік ғылымның жеке саласы ретінде қалыптасып келеді. Алғашқы теориялық тұжырымдар өздерінің «аудармашылық кредосын» ұсынған танымал аудармашы-тәжірибешілерге тиесілі болды [5].

В.Н. Комиссаров «Аударманың ғасырлар бойы тарихы болғанымен, қазіргі заманғы аударма негізінен ХХ ғасырдың екінші жартысында дербес ғылыми пән ретінде қалыптасты, деді [6]. Аударманың ғылыми теориясының пайда болуы мен дамуының алғышарты қазіргі әлемдегі әлеуметті күдерістерге байланысты аударма практикасының күрт кеңеюі болды. А.В. Федоровтың пікірінше, ХХ ғасырдың ортасынан бастап аударма қызметінің барлық түрлері халықаралық байланыстардың қарқындылығының артуына байланысты бұрын-соңды болмаған ауқымға ие болды, бұл біздің ғасырымызды «аударма ғасыры» деп атауға негіз болды [7].

«Аударма» ұғымының мазмұны ғасырлар бойы өзгеріп отырды және әртүрлі аударма бағыттарының өкілдері тарапынан екі ұшты түрде түсіндірілді.

Дегенмен, бұл терминді әртүрлі түсіндіруге болатынын түсіну қажет. Ең алдымен, ол процесс немесе нәтиже ретінде қарастырылуы мүмкін. Нәтиже ретінде ол дайын аударылған мәтіннің атауы болып табылады, ал процесс

ретінде белгілі бір мәтінді аудару әрекетін білдіреді. Қарапайым адам, аудармашы болмағандықтан, аударма ұғымын көбінесе дайын аударылған мәтін ретінде түсінеді. Ал аудармашы, керісінше, аударманы ең алдымен процесс деп есептеуге бейім. Осылайша, аударма теориясы мен практикасы мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстарда авторлар бұл ұғымды әртүрлі, кейде мүлдем қарама-қайшы ұстанымдардан анықтайды. Төмендегі кесте 1-де –«Аударма» сөзінің мағынасы бойынша ғалымдардың анықтамасы беріліп отыр.

Кесте 1 – «Аударма» сөзінің мағынасы бойынша ғалымдардың анықтамасы

Зерттеушілер 1	«Аударма» сөзінің мағынасы 2
И.С. Алексеева	Аударма – бір тілдегі мәтінді басқа тілге өзгертіп жеткізу әрекеті, мұнда аудармашы шығармашылық пен тілдің вариативті ресурстарына, аударма түріне, мәтіннің мақсатына және өзіне тән ерекшеліктеріне сәйкес варианттарды таңдайды.
Л.С. Бархударов	Аударма–біртілдегі сөздік шығарманы басқатіл дегі сөздік шығармаға өзгерту процесі, мұнда мазмұнның, яғни мағынаның өзгермейтін жоспары сақталады.
В.С. Виноградов	Қоғамдық қажеттіліктен туындаған процесс және нәтиже, ол ақпаратты (мазмұнды) біртілдегі жазбаша немесе ауызша мәтіннен басқа тілдегі эквивалентті (сәйкес)мәтінге жеткізу.
А.К. Жумабекова	Аударма–мәдени аралық коммуникацияның негізгі түрі болып табылады, сондықтан біртілде жасалған мәтіндібасқатілдежасалған мәтінге ауыстыру – бір мәдениеттен екінші мәдениеткекөшу дегенді білдіреді.
В.Н. Комиссаров	Аударма–тілдер арасындағы коммуникация құралы,түрлі тілдерде сөйлейтін адамдар арасындағы байланыста негізгі элемент болып табылады; аударма прагматикасы тұрғысынан – басқа тілде мәтін жасау арқылы түпнұсқаны толыққанды алмастыруды мақсат ететін тілдік делдалдықтың бір түрі.
С.С. Құнанбаева	Аударма - сөзінің мағынасы негізінен мәтіннің немесе сөздің біртілден екінші тілге ауыстырылуын білдіреді. Аударма тек тілдік бірліктерді ауыстыру ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық байланысты қалыптастыру мен түсіністік орнату процесі болып табылады.
Л.К. Латышев	Аударма – тілдік делдалдықтың түрі, оның қоғамдық мақсаты – екітілдік коммуникацияны толықтығы, тиімділігі және табиғилығы бойынша бір тілдік коммуникацияға мүмкіндігінше жақындату.
Р.К. Миньяр-Белоручев	Аударма – коммуникация компоненттерін қосатын тілдік қызмет түрі, мақсат–хабарламаны кодтар сәйкес келмеген жағдайда жеткізу.
А.В. Федоров	"Аударма — бұл бір тілдің құралдарымен екінші тілде бұрыннан айтылған нәрсені дұрыс және толық білдіру."
А.Д. Швейцер	Аударма – бір жақты және екі фазалы процесс, ол межа тілдер мен мәдениеттер арасында арнайы («аударма») бастапқы мәтінді талдауды қамтиды, бұл мәтін басқа тілдік және мәдени жағдайларда бастапқы мәтіннің орнына қолданылатын қосымша мәтін жасауға бағытталған.

## Кесте 1 жалғасы

1	2
Ю. Найда	Аударма–аударма тілінде түпнұсқа тілінің хабарламасына мүмкіндігінше жақын табиғи эквивалентті жасау, негізінен мағынасы бойынша, сондай-ақ стиль бойынша.
Р.О. Якобсон	Аударма–қайта кодтау ретінде, вербалды белгі мағына сынбасқа белгі жүйесіне жеткізу ретінде.

Л.О. Гуревичтің пікірінше, аударма – «туыстас мамандықтардың күрделі құрылымы» [8]. Бұл мамандықтың барлық күрделілігі келесі сөздерде жақсы сипатталған: «Адам үнемі бірде дәрігер, бірде заңгер, инженер, ақын немесе менеджер болу үшін қандай қабілеттерге ие болуы керек, тіпті уақытша және тек өз компьютерінің экранында ғана болса да? Олар не – рөлдер арасында оңай ауысатын талантты актерлер ме? Олар осыншама терминдерді қайдан біледі? Олар не – жүретін сөздіктер мен энциклопедиялар ма? Әлде олар «Не? Қайда? Қашан?» бағдарламасындағы білімпаздар ма?» [9, б. 28].

Қазіргі таңда аударма қызметінің дидактикасында әртүрлі тәсілдерді біріктіру үдерісі байқалады. Аударманы лингвистикалық-әлеуметтік-мәдени коммуникация ретінде қарастыру тілді мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде түсінуден туындайды. Мәдениет адамдардың өздері жасаған және қоғамның материалдық және рухани жетістіктерінің жиынтығы мен ұсынылған адам ортасының бір бөлігін білдіреді. Мәдениет этностың (ұлттың, халықтың) болмысының (институттары, өмір сүру жағдайлары және т.б.) және санасының барлық аспектілерін, оның тарихи және әлеуметтік ерекшеліктерін (көзқарастар, идеялар, құндылықтар жүйелері, дәстүрлер, ойлау және қабылдау тәсілдері, вербалды және вербалды емес мінез-құлықтарын) көрсетеді [10]. Мәдениетті осылай түсінген кезде ғана тілмәдениеттің құрамдас бөлігі, оның құрамдас бөлігі ретінде түсініледі. Тіл– бұл этностың лингвомәдениеті, оны басқа мәдениеттерден ерекшелейтін белгілі бір мәдениеттің тасымалдаушы этносының ерекшеліктерін көрсететін бірыңғай әлеуметтік-мәдени білім. Л.Б. Бойконың айтуынша, аударма ғылымы аударма үдерісінің мәдени аспектісін елемеді деп айту әділетсіз болар еді. Соған қарамастан, ол лингвистердің назарында бірінші кезекте өмір шындығын, мәдениеттің ерекше құбылыстарын, АТ-да жоқ ұғымдарды білдіретін сөздер болды [11]. Ғасырлар бойғы аударма тәжірибесі көрсеткендей, тіл бірегей компенсаторлық мүмкіндіктерге ие бола отырып, лексиканы, аналогтарды, калькалауды және басқа да тілдік құралдарды алу үшін транскрипция әдісін қолдана отырып, лакундарды толтыруға ресурстар табады. Тұжырымдамалардың иерархиялық қосындысы ұлттық мәдениеттің концептосферасын құрайды. Тіл мен мәдениеттің қиылысу саласы, осы екі құбылыстың кездесу орны–лингвомәдениет ұғымы [12, б. 171].

Мәдениетаралық коммуникация мәселелері үлкен маңызға ие болды, өйткені жаңа жағдайлар тек шетел тілдерін білетін мамандарды ғана емес, сонымен қатар тілді әртүрлі мәдениеттер мен халықтардың өкілдерімен қарым-қатынастың нақты құралы ретінде қолдануды талап етті. Осыған байланысты

көптеген жоғары оқу орындарында тілдерді осы халықтың мәдениетімен ажырамас бірлікте зерделеу керек деген аспектіде шетел тілін үйренуге деген көзқарас өзгерді [13].

Қазіргі әлемде елдердің мәдени және тілдік айырмашылықтарына байланысты мәселелерді азайтуға бағытталған мәдениетаралық коммуникация маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты аударма мен аудармашының мәдениеттер арасындағы делдал ретіндегі рөлі тұрақты түрде артып келеді, сондықтан мәдениетаралық қарым-қатынастың орталық тұлғасы бола отырып, аудармашылар саяси, экономикалық, коммерциялық, ғылыми-техникалық және басқа салалардағы халықаралық байланыстарды қамтитын әлеуметтік маңызды коммуникативті функцияны орындайды. Бұл «аударманы» қарастырудағы маңызды сәттердің бірі, өйткені қарым-қатынас – бұл жеке тұлғалардың өзара әрекеті, онда коммуниканттар мәдениет субъектілері, белгілі бір «лингво-әлеуметтік-мәдени» қауымдастықтың өкілдері ретінде көрінеді. Ал «аударма» медиация түрі ретінде лингвомәдени (тіларалық және мәдениетаралық) қарым-қатынас тәсілі, яғни өзіне тән тіл мен ұлттық сананы меңгерген осы ұлттық мәдениет шеңберінде әртүрлі ұлттық мәдениеттерге жататын субъектілердің өзара іс-қимылы жүзеге асырылатын осындай қарым-қатынас болып табылады. Бұл дегеніміз, кәсіби аудармашы шетел тіліндегі мәтінді құруға байланысты барлық мәдени және жағдаяттық факторларды көрсете отырып, аялық ақпаратты ескеруі керек, оны мүлдем басқа әлеуметтік-мәдени білімі бар жаңа коммуникант үшін шетел тіліне аудару стратегиясын таңдауы керек [14].

В.А. Митягина аударма жалпы коммуникативті үдерістерге тәуелді қызмет екендігіне назар аударады, ол кәсіби коммуникация туралы жаңа идеяларға сәйкес жүзеге асырылады, оған сәйкес табиғи ерекше өзектілікке ие болады. Яғни, қосымша қиындықтармен байланысты болуы мүмкін тең диалог кеңістігін құру ерекше маңызға ие. Коммуниканттардың этномәдени және жеке басын сақтауға деген ұмтылысы аудармашыдан үлкен когнитивті және эмоционалды күш-жігерді талап ететін рөлдік масканы үнемі киюден бас тарту арқылы жүзеге асырылады [15]. Аудармашының мәдениетаралық қарым-қатынастағы маңыздылығын мүмкіндігінше толық, объективті және мүдделі анықтау тіларалық қарым-қатынасқа қатысушылардың өздері тарапынан мүмкін: олар тиімді қарым-қатынасқа қол жеткізуде оның кәсіби қызметінің рөлін белгілейді. Яғни, коммуникация және интеракция серіктестерінің ақпаратты бірлесіп өңдеуі олардың арасындағы қарым-қатынасқа, олардың ниеттеріне, әсерлеріне, мүдделері мен рөлдеріне байланысты.

Айта кететін болсақ, зерттеушілердің көпшілігі коммуникация барысында аудармашының қызметін делдал ретінде анықтайды, ол көбінесе әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің «джунгли» тәріздес қарым-қатынасында жол бастаушы рөлін атқарады, дейді А.П. Чужакин [16]. Осыған ұқсас пікірді Е.Р. Поршнева да айтады, ол «аударма қызметін аударма мәселелерін іздеу, қою, шешу және нәтижелерді мәдениетаралық коммуникацияда жазбаша немесе ауызша түрде жүзеге асыру жұмысы ретінде сипаттайды» [17, б. 153].

Осылайша, аударма қызметінің құрылымы оның қызметінің мақсатына бағынатын оны құрайтын сөйлеу-ойлау әрекеттерінің дәйектілігімен қалыптасады. Тұтастай алғанда қызмет те, әрбір іс-әрекет те құрылымның үш мүшелігімен ерекшеленеді: тапсырма, жоспарлау, іздестіру және шешім таңдау жағдайындағы бағдарлау кезеңі; қабылданған шешімді жүзеге асыру кезеңі, жоспарды іске асыру; алынған нәтижені бақылау немесе көзделген мақсатпен салыстыру кезеңі. Сонымен, бағдарлау кезеңінде мыналар орын алады: аударманы алдын-ала баптауды анықтайтын мақсатты орнатуға мүмкіндік беретін жағдаяттың көп құрамдас сипатын бағдарлау және түсіну; іс-әрекеттің жағдаяттық шарттылығын түсінуге әкелетін тапсырманың шарттарын анықтау; «бағдарлау бірліктері» бойынша сөйлеу қабілетінің жұмыс істеуінің эвристикалық қағидатына сәйкес аударма нысанының аударылған мәтінін түсіну; шешім қабылдау. Әрекеттің операциялық кезеңі мыналарды қамтиды: қабылданған мәтіннің мағынасын құру мұнда мағынаны есте сақтау маңызды; аударма тіліндегі жаңа мәтіннің мағынасын құрылымдау үшін лексикалық-грамматикалық құралдарды таңдауды көрсететін аударма тіліндегі мәтінді құрастыру; жағдаятқа байланысты дайындалған (канондық) мәтіндер қатарынан таңдау; аударма тіліндегі мәтінді құру ауызша немесе жазбаша түрде аударма тіліндегі мәтінді сыртқы сөйлеуде, ішкі мәлімдеме бағдарламасын іске асыру кезінде орналастыру жағдаятқа бағдарлаудың арқасында аудармашының санасында қалыптасады [18]. Сонымен, бақылау кезеңінде: аудармашының аударманың дұрыстығын және қабылданған шешім үшін таңдалған стратегияны бағалауы, аударма адресатының реакциясын және түсінудің жеткіліктілігін бақылау.

В.Н. Комиссаровтың пайымдауынша, «Аударма әрқашан жазбаша немесе ауызша мәтін жасау болып табылады...» [19]. Екі (немесе оданда көп) лингво-әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың субъектілері арасындағы мәтіндік қызмет ретінде әрекет ете отырып, аударма қызметі бірқатар сипаттамалар мен ерекшеленетін тіларалық және мәдениетаралық коммуникация (қарым-қатынас) болып табылады. А.Д. Швейцердің айтуы бойынша, «аударма тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияның бір бағытты және екі фазалы үдерісі ретінде анықталуы мүмкін, онда бастапқы мәтіннің мақсатты («аударма») талдауы негізінде екіншіл ингвистикалық және мәдени ортадағы бастапқы мәтінді алмастыратын екінші мәтін (метамәтін) жасалады [20]. Екі тіл, екі мәдениет және екі коммуникативті жағдай арасындағы айырмашылықтар мен ішінара өзгертілген бастапқы мәтіннің коммуникативті әсерін берумен сипатталатын үдеріс. Аударма дегеніміз – бір тілдің құралдарымен бұрын айтылған нәрсені басқа тілдің құралдарымен дұрыс және толық білдіру. Аударма процедурасына жататын материал және аудармаәдістері әртүрлі сипаттамаларға және аударма әлеуетіне ие болғандықтан, бұл аударма ұғымының өзінеде, оның баламалылық пен сәйкестік ұғымдарына қатынасына да әсер етеді. Оның негізгі, маңызды, мәнді элементтерін сақтау міндетті болып табылады. Сонымен, аударманың арнайы әдістері мен аударма трансформациялары сипатталып, жіктелді. Бірақ мәтіннің барлық құрамдастары аудармада бірдей берілу әлеуетіне ие емес.

Прагматикалық немесе экспрессивті-эмоционалды жүктемені көтеретін, көркемдік-эстетикалық құндылығы бар, коннотативті маңызы бар мәтін элементтері қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Контекст мәселесі көптеген лингвисттердің еңбектерінде қарастырылады. Контекст дегеніміз – белгілі бір сөздің немесе тіркестің сөйлеудегі лексикалық айналасы, ол сол сөздің немесе тіркестің мағынасын анық көрсетеді немесе оған жаңа реңктер қосады. Аудармамен айналысатын адамға белгілі, сөйлем құрылымын жасауға жұмсалатын күштен кем емес қиындық — қолайлы сөзді немесе эквивалентті таңдау. М.Ю. Илюшкина контекстің келесі түрлерін атайды [21]:

Лингвистикалық контекст – тіл бірлігінің қолданылуындағы тілдік орта, ол тар контекстке (синтаксистік және лексикалық контекст) бөлінеді;

Кең контекст (макроконтекст) – бұл бірліктің тілдік ортасы, ол сөйлем шеңберінен шығып, мәтіндік контекстке (текстік контекст) айналады;

Ситуативті (экстралингвистикалық) контекст – айтылған сөзге қатысты жағдай, уақыт және орын; нақты шынайы өмірдің кез келген фактілері, оларды білу аудармашыға сөйлеудегі тіл бірліктерінің мағынасын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Аудармадағы жаңа идеялар түпнұсқа және аударма мәтіндерінің баламалылығы мәселесімен байланысты. «Адекваттылық» және «эквиваленттілік» терминдері әрдайым аударма тақырыбына арналған ғылыми еңбектерде кездеседі [22]. Эквиваленттілік (Equivalence) – қазіргі аударматанудың маңызды және орталық ұғымдарының бірі, оның түсінуі көптеген басқа ұғымдардың мағынасын түсінуге және аударма қызметіне концептуалды көзқарасты анықтауға негіз болады. Қазіргі аударматану ғылымында эквиваленттілік ұғымы барлық негізгі құрамдастарды – денотативті, коннотативті, жанрлық, прагматикалық және формальды-эстетикалық аспектілерді қамтитын, күрделі, көпқырлы және динамикалық тұжырымдама ретінде қарастырылады [23]. Түпнұсқаның формальды-тілдік құрылымын мазмұнымен формасының ажырамас байланысында сақтай отырып, түпнұсқаның бастапқы ақпарат көзінің ішкі мағынасын, коммуникативті ниетін толық және дәл жеткізетін аударма барабар деп саналады. Аударма теориясы аударманы процесс әрі түпнұсқа тіліндегі ойды дәл әрі толық жеткізудің нәтижесі ретінде қарастыруды талап етеді. Бұл процесс тек тілдік емес, сондай-ақ коммуникативтік факторларды да қамтиды, олар аударма сәйкестіктерінің бағаланатын негізін анықтайды [24].

Мәтіннің негізгі функциясына сәйкес (хабарлама, әсер ету және қарым-қатынас функциялары) аударманың келесі функционалды түрлері бөлінеді: көркем аударма, діни шығармалардың аудармасы және ақпараттық (арнайы, прагматикалық, көркемемес) аударма [25]. Аударматанудың күрделі салаларының бірі – көркем туынды. Көркем аударма – бұл көркем шығармашылықтың бір түрі, мұнда түпнұсқа өзінің тірі шындыққа қатысты шығармашылықтың функциясына ұқсас қызмет атқарады. Көркем аударма халықтардың мәдени байланыстарына ықпал ететін адамдарды біріктірудің ең

эмбебап құралы ретінде қазіргі әдеби үдерістің және мәдени дипломатия құбылысының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл қазіргі дәуірдегі жаһандану үдерістеріне қарамастан, қызығушылығы жойылмайтын ұлттық әдебиеттердің өзара байытылуына ықпал етеді, деп есептейді Г.Қ. Қазбек [26].

Ақпараттық аударма – қандай да болмасын ақпаратты, мәліметтерді беру болып табылады [27]. Әдебиеттерге шолу көрсеткендей, қазіргі уақытта аудармалардың екіжақты сипаты байқалады: ақпараттық (көркем емес, арнайы, прагматикалық) аудармаға ғылыми аударма, ресми іскерлік және қоғамдық-ақпараттық мәтіндердің аудармасы, сондай-ақ бейресми аударма (ауызекі тұрмыстық мәтіндердің аудармасы) жатады. Ауызекі мәтіндердің ерекшелігі сол, олар ауызша диалог түрінде жүзеге асырылады және әдетте жеке қатынастарға бағытталған. Ресми іскерлік мәтіндердің аудармасы мемлекеттік, әкімшілік және заңды құжаттардың, іскерлік хат-хабарлардың аудармасын қамтиды. Бұл құжаттар адамдардың қоғам мүшелері ретіндегі қатынастарын реттейді. Әдетте, бұл мәтіндер жазбаша түрде реттеледі және ресми іскерлік қарым-қатынастың ауызша түрлерінен ерекшеленеді. Ақпараттық аударманың тағы бір кіші түрі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының (газеттер, журналдар, радио және теледидар) әртүрлі ақпаратын қамтитын қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени сипаттағы құжаттарды қамтитын қоғамдық-ақпараттық мәтіндердің аудармасы ерекшеленеді.

Аударма қызметін сипаттау үшін аударылатын материалдардың жанрлық-тақырыптық ерекшеліктері маңызды болып табылады, нәтижесінде аудармашының белгілі бір саладағы мамандануын анықтайды. Осыған байланысты, *кәсіби аударма* ұғымына тіларалық семантикалық трансформация ретінде толығырақ тоқталайық, ол тек сөйлеу әрекетінің ерекше түрі ретінде ғана емес, сонымен қатар жазбаша немесе ауызша мәтіндердің семантикалық мазмұнын анықтауға және түсіндіруге бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның күрделі, жан-жақты және көпфункционалды түрі ретінде арнайы дайындықпен байланысты. Кәсіби аударма ерекше сөйлеу әрекеті ретінде, бұл тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынастың көпфункционалды түрі болып табылады және бір мәдениеттің тілінде жасалған мәтіннің мазмұнын басқа мәдениеттің тілінде қайта тұжырымдау арқылы түсінуден және жеткізуден тұрады. Кәсіби аударманың шарттарының бірі — оны бір мәдениетте құру және оның мазмұнын басқа мәдениет өкілдерінің қабылдауына сәйкес ұсыну. Бұл ретте, белгілі бір мәтіндік өнімді жазбаша немесе ауызша нысанда өндіру үшін, оның мазмұнының ақпараттық дәлдігі мен барабарлығы үшін аудармашы толық жауапты болады [28].

Кәсіби қызмет барысында кәсіби салалық коммуникация саласындағы аудармашы көбінесе дәстүрлі түрде сөйлеудің ғылыми стиліне қатысты мәтіндермен айналысады. Кәсіби-салалық мәтіндердің аудармасы екі мәтіннің ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар коммуникативті жағдайлармен және екі мәдениетпен де байланысты кәсіби қызмет ретінде қарастырылады. Мәтінге мұндай көзқарас «дискурс» тұрғысынан мүмкін. Мәтін, сөйлеу, диалог ұғымдарына қатысты жалпы категория ретінде дискурсты кеңінен қолдану

лингвистикалық әдебиеттерде жиі кездеседі. Дискурс категориясы коммуникативті лингвистикадағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады және көптеген ғылыми түсіндірмелерге ие. Дискурсты зерттеушілер әлеуметтік-тарихи жағдайлармен, сондай-ақ мәтіндерді оның ерекшелігін құрайтын және көрсететін компоненттер ретінде ұйымдастыру мен түсіндірудің қалыптасқан стереотиптерімен анықталған адам қызметінің кез-келген саласындағы субъектінің сөйлеу әрекетінің жалпы қабылданған түрі ретінде түсінеді [29].

Голландиялық лингвист Т.А. ван Дейк «дискурс» терминін қарым-қатынас жағдайына батырылған мәтін ретінде айтады. Дискурс – бұл қарым-қатынасқа қатысушылардың интерактивті қызметі, ақпарат алмасу, бір-біріне әсер ету, әртүрлі коммуникативті стратегияларды қолдану, олардың қарым-қатынас тәжірибесінде вербалды және вербалды емес көрінісі. Зерттеушілердің көпшілігі дискурстың екі негізгі түрін ажыратады: тұлғаға бағытталған (жеке) және мәртебеге бағытталған (институционалды) дискурс [30]. Әдебиеттерге жасалған талдау көрсеткендей, кәсіби коммуникацияда институционалды дискурстың әртүрлі түрлері қызмет етеді, кәсіби қызметтің қандай да бір саласындағы сипаттамаларға сәйкес олардың әрқайсысының өз ерекшеліктері бар. Алайда, дискурстың барлық түрлеріне төмендегідей жалпы сипаттамалар тән: тақырыптық байланыстылық; ақпараттылық; қарқындылық; әлеуметтік бағдар; құрылымдылық; коммуникативтік тұтастық; ақпараттық әсер; эмоционалды әсер; интенциялар; қарым-қатынас стратегиялары мен тактикасы; ақпараттық сөйлеу актілерінің әртүрлі типтері; терминтанымдық; мамандандырылған клишелеу; контекстпен аздау байланыстылық; монологтылық [31].

Қазіргі аудармашылар көбінесе тар бағыттағы мәтіндердің үлкен тақырыптық әртүрлілігімен күресуге мәжбүр. В.П. Беляниннің пікірінше, мәтін коммуникацияның негізгі бірлігі, ақпаратты сақтау және беру тәсілі, мәдениеттің өмір сүру формасы, белгілі бір тарихи дәуірдің өнімі, адамның психикалық өмірінің көрінісі және т.б. [32]. Мұндай мәтіндерді аудару аудармашыдан пәндік саланы білуді талап етеді. Бүгінгі таңда салалық аударма қызметтердің ең сұранысқа ие түрлерінің бірі болып табылады.

Кәсіби салалық аударма – бұл кез-келген мамандандырылған мәтіннің шетел тілінен аудармасы, ол қатаң ғылыми-техникалық стильде орындалуы керек, дәлдігімен эмоцияларының жоқтығымен ерекшеленеді. Бір сөз бір салада бірнеше мағынаға ие болуы мүмкін. Мәтін лингвистикалық, яғни символдық бірліктер тізбегі болғандықтан, осы бірліктердің және жалпы мәтіннің семантикалық мазмұны осы бірліктердің өздері мен олардың сыртында жатқан нәрсе арасында байланыс орнату арқылы ашылуы керек, яғни символдық бірліктер мен олардың нені білдіретіні арасындағы қатынастарды, сондай-ақ символдық бірліктердің бір-біріне қатынастарын ашу керек. Аудармашының міндеті – бастапқы мәтіннің мағынасын түсініп, сол мағынаны басқа тілдің көмегімен білдіру. Бұл жағдайда, ең алдымен, бастапқы мәтіннің тілішілік мағыналар жүйесіне қатысты семантикалық шығындардың болуы сөзсіз. Аудармашы бұл шығындарды барынша азайтуға қол жеткізуі керек, яғни бастапқы мәтін мен аударма мәтінінің эквиваленттілігінің максималды



дәрежесін қамтамасыз етуі керек. Мұның бәрі тек шетел тілімен шектелмейтін терең пәндік білімді қажет етеді.

Терминологияны білу және барлық үдерістерді түсіну, салаға қарамастан, мәтінді сапалы және мүмкіндігінше дұрыс аударуға мүмкіндік береді. Терминологиялық лексика кәсіби дискурста маңызды орын алады, себебі терминдер басқа лексикалық бірліктермен салыстырғанда әлдеқайда көп ақпаратты қамтиды және олардың саны да көп, сондай-ақ олар кәсіби саладағы негізгі ұғымдарды бейнелейді. Терминдер – бұл белгілі бір ғылым немесе техника саласындағы мамандар пайдаланатын, арнайы объектілер мен ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері.

М.М. Бахтин мәтінді түсінумен түсіндірудің өте маңызды айырмашылығын көрсетеді. Ол реципиенттің шығарманы түсінуі автордың санасына және оның ішкі әлеміне енуді білдіреді, нәтижесінде бір емес, екі сана пайда болады; Бір емес, екі әлем. Осылайша, түсіну әрқашан диалогтық болып табылады [33]. Сонымен қатар, мәтінді түсінудің өзі екі мүмкіндікті қамтиды. Төмендегі сурет 1-де аударма түрінің жіктелік белгілері бейнеленген.



Сурет 1 – Аударма түрінің жіктелік белгілері

Функционалды жіктеу шеңберінде аударманың келесі түрлері қарастырылады: сөзбе-сөз (сөздік), семантикалық (контекстік) және ситуациялық (коммуникативті-прагматикалық). Сонымен, *сөзбе-сөз (сөздік)* аударма аударма тілінің бірліктерінде бастапқы мәтінді сөзбе-сөз көбейтуден тұрады, онда бастапқы тілдің Синтаксистік құрылымы аударма тілінің ұқсас құрылымымен ауыстырылады. *Семантикалық (контекстік)* аударма түпнұсқа фрагментінің нақты контекстік мағынасын беруден тұрады. *Ситуациялық (коммуникативті-прагматикалық)* аударма – бұл адресатқа бастапқы әсер етуі бар аударма мәтінін құру. Ситуациялық аударма толығымен реципиентке

(адресатқа) бағытталған, оған қарым-қатынастың стандартты жағдайларында таныс формада бастапқы хабарламаны қарапайым және нақты жеткізуді қамтамасыз етеді [34].

Ауызша және жазбаша қарым-қатынастың екі формада жұмыс істеуі және аударма процесін түпнұсқадан (бастапқы мәтіннен) аударма мәтініне бағыттау аударманың жазбаша және ауызша формаларын бөліп көрсетуге әкелді. Сонымен, *жазбаша аударма* кәсіби аударманың кең таралған түрлерінің бірі болып табылады, онда бастапқы (аударылатын) мәтінді қабылдау визуалды түрде жүзеге асырылады, ал аударма мәтінін ресімдеу жазбаша түрде жүзеге асырылады. Жазбаша аудармада тіларалық қарым-қатынас процесінде тілдердің арақатынасы әдетте өзгеріссіз қалады. Жазбаша аударма қызметі аудармашылардың белгілі бір тілден аудармаға мамандануымен сипатталады (бір жақты аударма). Жазбаша аударма кезінде тіркелген (баспа) мәтіндермен жұмыс жасай отырып, аудармашының қажетті материалдарға анықтама алуға уақыты болады. Аудармашы аудармада салыстырмалы түрде ұзақ уақыт жұмыс істей алады, таңдалған опцияларды реттейді және оңтайлы нұсқаны таңдайды. Қосымша ақпарат көздерін пайдалану: сөздіктер, анықтамалықтар, әртүрлі мәліметтер базасы, мамандармен немесе басқа аудармашылармен кеңесу мүмкіндігі, сондай-ақ аударманы мұқият өңдеу, редакциялау аударма тіліндегі бастапқы мәтінді дәлдікпен беруге, аударма тіліне қарағанда түпнұсқа мәтінінің эквиваленттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қосымша ақпарат көзі ретінде сіз аудармашының қызметіндегі ақпараттық-тақырыптық іздеуді едәуір кеңейтуге мүмкіндік беретін ақпараттық коммуникациялық технологиялары мен интернет қорларын пайдалана аласыз. Жазбаша аудармашы электрондық сөздіктерді, on-line автоматтандырылған аударма жүйелерін пайдалана алады; аударма тақырыбы бойынша жарияланымдарды таба алады; аудармашылардың кәсіби форумдарына барып, қажетті сұрақтар қоя алады; чатқа кіріп, лингвистикалық немесе этномәдени мәліметтерді алу үшін ана тілін таба алады; терминологияны нақтылау және мамандық бойынша білімдерін кеңейту үшін аударма тақырыбы бойынша соңғы хабарламаларды қарау; әріптестерімен кәсіби қарым-қатынас жасау үшін электрондық поштаны пайдалану және т.б. сонымен қатар, жазбаша мәтінді аудару жағдайында аудармашы барлық мәтінді перспективалық білімге ие, барлық мәтінді ақпаратпен аударуға кіріседі. Мәтінді оқу және талдау жалпыдан, бүтіннен егжей-тегжейге, нақтыға құрылады. Аударма процесі асықпай, кезең-кезеңімен, аудармашы мәтін элементтері арасындағы семантикалық қатынастардың түрін анықтағанға дейін және мәтіннің контекстік ортасы мен жанрлық-стилистикалық байланысына сәйкес аударма мәтінінде оларды көрсетудің баламалы, барабар құралдарын таңдағанға дейін жүреді.

Ауызша аударма шеңберінде ауызша дәйекті және синхронды аударма ажыратылады. Аударма кезінде аудармашы уақытпен шектеледі, сондықтан аудармашының жақсы реакциясы, бір тілден екінші тілге ауысу мүмкіндігі бірінші орынға шығады. оның қажетті эквиваленттерді тез тауып, оларды Таңдалған бірліктердің өзектілігіне байланысты беттік синтаксистік

байланыстар негізінде тиісті құрылымдарға біріктіру дағдылары мен дағдылары. Қосымша күрделілік Ауызша аударма актісіне қатысушылар арасындағы тікелей «тірі» байланыстың психологиясынан туындайды. Түпнұсқаны бір реттік ауызша ұсыну және бір реттік актілер сериясы түрінде аударма мәтінін жасау түпнұсқаға оралу немесе аудармаға елеулі түзетулер енгізу мүмкіндігін болдырмайды. Кері түзету, редакциялаудың мүмкін еместігі қосымша қиындықтар туғызады. Аудармадағы аударма қызметінің сипаты максималды эквиваленттілікке жету үшін белгілі бір шектеулер тудырады және аудармашының түпнұсқаны қабылдауында да, аударма нұсқасын таңдауда да ақпараттың кейбір жоғалуын анықтайды. Кейбір сыртқы факторлар мен сөйлеу емес мінез-құлық (мимика, ым-ишара, позалар, коммуниканттардың қозғалысы) аудармашыға көп жағынан көмектесе алады, бірақ олардың ұлттық ерекшелігі бар екенін ұмытпаңыз және тілдік емес мінез-құлықтың бірдей элементтерін түсіндіру халықтар арасында әр түрлі болуы мүмкін. Нәтижесінде бастапқы тілде сөйлейтіндер мен аударма тілінде сөйлейтіндердің тілдік емес әрекеттерінің дифференциалын тілдік өтеу қажеттілігінен туындауы мүмкін.

Осылайша, әртүрлі теорияларда сипатталған аударма түрлерінің сипаттамаларының сәйкес келмеуі аударма процесінің әртүрлілігіне байланысты болады. Көріп отырғанымыздай, жоғарғы оқу орнындарында аудармашыны даярлау – бұл еңбек нарығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс жүйелі дайындықты талап ететін кешенді, көп сатылы процесс. Негізгі міндеттер ретінде мыналар айқындалады: оқытылатын шетел тілдеріне жазбаша немесе ауызша аударманы жүзеге асыру; жазбаша аудармаларды редакциялау; кез келген күрделілік дәрежесіндегі және кез келген тақырыптық бағыттағы мәтіндерді талдау, рефераттау және аннотациялау; кәсіби қызметте инфокоммуникациялық технологияларды пайдалану; аударма сәйкестіктерінің белсенді қорын кеңейту, кәсіби және дербес тезаурусты байыту, түрлі салаларда арнайы терминологияны зерделеу мақсатында ақпараттық-іздістіру жұмыстарын жүзеге асыру; қажетті фондық және пәндік білімді қалыптастыру; жаңа мәдени ортаға бейімделу және т. б. [35].

В.П. Фурмановтың тұжырымдамасында мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында табысты қарым-қатынас жасау үшін «мәдени-тілдік» тұлға меңгеруі тиіс пәндік аялық білімнің келесі бөлімдері бөліп көрсетілді: тарихи даму процесінде қоғамның мәдениеті туралы мәліметтерді қамтитын тарихи-мәдени, әлеуметтік-мәдени, тұрмыс, дәстүрлер, мерекелер туралы ақпаратты қамтитын этномәдени орта; шетел тілді ортаның символикасы, белгілері, ерекшеліктері туралы ақпаратты қамтитын семиотикалық аясы [36].

Аудармашының рөлдік репертуарын Е.Р. Поршнева толық сипаттаған. Е.Р. Поршневаның пікірінше, аудармашы практикалық психолог болып табылады, өйткені аудармашы аударма процесінде тұлғааралық қатынастарды, мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысушылардың психологиялық жағдайы мен реакциясын ескере отырып, аударманы түзетеді; зерттеуші де бола алады, өйткені аудармашы аударма тақырыбын зерттеп, мамандардың сауалнамасына, қажетті әдебиеттерді таңдауға және зерттеуге, терминологиялық жүйелерді

салыстыруға терминологиялық дайындалуы керек; адаптер да болады, өйткені мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде аудармашы хабарлама мәтінін басқа мәдениеттің өкілдері түсінетін етіп бейімдейді; корректор де бола алады, өйткені аудармашы тыңдаушылардың реакциясын бақылай отырып, өз мәтінін түзетеді; редактор да болады, өйткені аудармашы өз мәтінін жазбаша түрде редакциялап, оны жариялауға дайындайды [17, б. 53-54].

И.И. Халеева өзінің еңбегінде «аудармашы-биллингв, екі тілде сөйлеуші ретінде, екі тілдік жүйені біріктірген тұлға болып, шетел тіліндегі мәтінді қабылдауда шетел тілін қолданушы лингвосоциокультураының перспективасынан көруді меңгеруі қажет. Бұл тәсіл оның ана тіліндегі тілдік және социокультуралық кодтарға ауысуына мүмкіндік береді, ал бұл өз кезегінде түсіну процесінен шығармашылық аударма қызметіне ауысуды қамтиды» деп жазады [37].

Көріп отырғанымыздай, аудармашы мамандығы соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасында да, шетелде де үлкен дамуға ие болды. Қазақстан ғалымы А.К. Жұмабекова тәуелсіздік алғаннан кейін тікелей (қазақ тілінен шетел тілдеріне) аудармалардың өсуі оң үдеріске айналғанын жазады. Аударма нарығының қажеттіліктері біздің елімізде аударма туралы ғылымның әлемдік аударма трендтеріне сәйкес дами алатын перспективалық бағыттарын анықтайды, атап айтқанда: тікелей ақпараттық аударма, цифрлық аударма, аударма дидактикасы, ауызша және синхронды аударма, аудиовизуалды аударма [38]. Бүгінде бұл сұранысқа ие мамандық. Бірақ жай аудармашы жоқ, сондай-ақ жай инженер немесе дәрігер, жай заңгер немесе экономист те жоқ. Еңбек нарығында көптеген аударма мамандықтары пайда болады, олардың арасында субтитр құрастырушы аудармашы, халықаралық жарнама аудармашысы, жазбаша аудармадағы техникалық жазушы, ауызша аудармада кадр сыртындағы аудармашы, сот аудармашысы, хатшы-аудармашы және т.б.

Соңғы жылдары аударманың жаңа түрі – цифрлық түрі пайда болды. *Цифрлық аударма* – бұл дәстүрлі және цифрлық ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың симбиозы. Білімнің әртүрлі салаларындағы мамандардың кәсіби қызметін цифрландыру жаңа жағдайлар жасауға және кәсіби бағдарланған аударма тәсілдерін қайта қарауға әкеледі. Ақпаратпен алмасу және оны тарату кезінде цифрлық аударма ерекше рөл атқарады, ол барған сайын жетілдіріліп, мамандардың кәсіби талаптарына бейімделеді. Цифрлық аударма кәсіби бағдарланған ақпарат алмасуға ықпал ететін халықаралық коммуникацияның тиімділігін арттыруға қатысты көптеген міндеттерді шешуге мүмкіндік береді, бұл күрделі және тез өзгертін әлем жағдайында прогресті одан әрі жеделдетуге әкеледі. Цифрлық аудармада аударма процесінің технологиясы ғана емес, сонымен қатар аудармашының санасындағы танымдық процестердің сипаты да өзгереді. Адамның функциялары өзгереді: аудармашы жасанды интеллект орындайтын әртүрлі аударма процестерін басқарады.

Аударма белгілі бір талаптар мен нормаларға сәйкес келетін мақсатты әрекет болғандықтан, бұл нормалар аудармашының тұтас бағытының негізінде жатыр және аударма мәтінін құру кезінде аударма шешімдерінің логикасын

анықтайды. Аударманы жан-жақты талдау және аударма процесін модельдеу аударманың іс-әрекетін, процедуралық жағын және оның нәтижесін-аударма мәтінін есепке алуды қамтиды. Аударманың процедуралық жағын зерттеу кезінде зерттеу әдісі ретінде аударма процесінің модельдерін құру қолданылады. Осыған байланысты қазіргі аударма теориясында «аударма модельдері» деп аталатын бірқатар модельдер бар, және бұл модельдердің әрқайсысы нақты құбылыстың бір немесе басқа аспектісін, бір жағын немесе басқа жағын – аударма процесін көрсетеді. Л. Бархударовтың пікірінше, олардың барлығы өзінше дұрыс, өйткені олар әр түрлі жағынан болса да, бір құбылысты (аударма процесін) модельдейді. Бұл жағдайда қолданыстағы модельдердің ешқайсысы абсолютті шындықты немесе жалпыға бірдей талап ете алмайды [39].

Аударматану үнемі жаңа идеялармен толықтырылады, бұл ғылымды ғалымдар мен тәжірибешілердің қажырлы еңбектері арқылы әр түрлі аударма модельдерін жасаудың кең таралуына алып келді. Аударма моделі дегеніміз — бұл аударма үдерісін зерттеуге бағытталған ғылыми тұжырымдама, басқа ғылымдарда (тіл білімі, психология, психолінгвистика, этнопсихология, коммуникация теориясы, қызмет теориясы және т.б.) қолданылатын жалпы ережелерді аудармаға тарату әрекетіне негізделген шартты бейнелеу. Аударма теориясын зерттеушілер аударма процесі мен аударма моделін құрудың түрлі әдістерін сипаттаған және талдаған. Олардың арасында келесі аударма модельдері кеңінен таралған: ситуациялық (денотативті), трансформациялық, семантикалық, ақпараттық, психолінгвистикалық, коммуникативті-функционалды моделі аудармада кең таралған және негізінен жағдаяттық критерийге, яғни нақты немесе қиялдағы жағдайларды айқындауға сүйенеді. Бұл модельде жағдай тілден тыс шындық ретінде қарастырылады. Яғни, ол мәтінде бейнеленген сөйлеу жағдайларын түсіну арқылы түпнұсқа тіліндегі нақты жағдайды аударма тіліне көшіру процесі ретінде қарастырылады. В.С. Виноградов бұл үдерісті аударма тілін қолдану арқылы түпнұсқадағы жағдайды суреттеудің бір түрі деп санайды [40.]. Сурет 2-де аударма модельдерінің түрлері берілген.



## Сурет 2 – Аударма модельдерің түрлері

Басқаша айтқанда, *жағдаяттық модель* бойынша аудармашы бастапқы мәтіндегі жағдаяттар мен пайымдауларды материалдық тұрғыда қабылдайды және оларды басқа тілде қайталайды. Бұл жағдайда бастапқы мәтінде көрініс тапқан денотаттар (мағыналық мазмұн) өзгермей қалады. Егер бұл модель аударма үдерісіне қатысатын бірнеше тілдің көмегімен сипатталған екі жағдайдың сәйкестігіне негізделсе, онда *трансформациялық модель* аударма үдерісін түпнұсқаны аударма мәтініне өзгерту немесе түрлендіру әрекеті ретінде қарастырады. Мұнда аудармашы түпнұсқаны қабылдап, санасында тіларалық трансформацияларды орындайды және нәтижесінде дайын аударманы ұсынады. *Семантикалық модель* аударма процесінде тілдік бірліктердің мағынасын кішігірім, қарапайым мағыналарға (сема шоғырларына) бөлуге мүмкіндік беретін компоненттік талдауды қолданады. Бұл талдау арқылы тілдік бірліктердің мағынасы қарама-қарсы дифференциалды белгілерді анықтау жолымен ашылады. Сема бірлігін бөліп көрсету осы мазмұнның тілдегі өзге бірліктермен мағыналық байланысын айқындауға көмектеседі.

*Аударманың ақпараттық теориясы* аударма процесі тіларалық трансформация емес, ақпаратты іздеу және беру, бір тілден екінші тілге көшу ақпараттық деңгейде жүзеге асырылады деп тұжырымдайды. Р.К. Миньяр-Белоручев аударманың *ақпараттық теориясы* аударма деген не? деген сұраққа жауап беруге жақын деп есептеді. Бұл теорияны түсіну үшін «хабарлама» терминін «тыңдаушыға немесе оқырманға арналған кез-келген мәтін» ретінде емес, оны жеткізуге арналған ақпарат ретінде және пайда болған жағдаймен таныс белгілі бір адресат қана ала алатын ақпаратты түсіндіру үшін маңызды. Аударма дидактикасы аударма үдерісін коммуникативті ақпараттық коммуникациялық ресурс ретінде құрудың модельдерімен танымал, онда аударма коммуникация теориясы тұрғысынан екі тілді коммуникация актісі ретінде қарастырылады [41]. Аударманың мәнін екі тілді тіларалық коммуникацияның көрінісіне қарай қарастыра бастаған алғашқы коммуникативті-бағытталған теориялар *О. Каденің үш фазалы аударма* моделі, "SKOPOS" теориясы болды [42].

Америкалық лингвист Д. Кирали өзінің аударма моделін когнитивті тәсіл тұрғысынан ұсына отырып, мәтіндер арасындағы мағыналық өзара байланыстарды зерттеу арқылы аударма процесін түсіндіру мүмкіндігін ашады. Ол тілдік ынталандырудың санада сәйкес схемаларды қалыптастырып, осы схемалар арқылы мағыналарды анықтауға көмектесетінін айтады. Бұл процесстер ұзақ мерзімді жадыдағы білім схемаларын белсендіреді, сол арқылы мәтіннің мағыналық құрылымын қалыптастырады [43].

Коммуникативтік модель аударма әрекетін екі тілде сөйлеушілердің өзара байланысын қарастырады, мұнда маңызды элементтер ретінде хабарлама, жіберуші, алушы, код және байланыс арнасы қарастырылады, деп түсіндіреді Тютөбаева А.М. [44]. Аударма үдерісіндегі коммуникативті модельдераударманы тек тілдік құбылыс ретінде емес, сонымен бірге әртүрлі

факторларға байланысты болатын күрделі үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл модельдерде аударма тәсілдерінің синтезі жүзеге асырылады, өйткені олар заманауи аударма ғылымының қажетті аспектілерін ескеріп, нақты жағдайларды тиянақты түрде сипаттайды.

Психолингвистикалық модель аударма процесін орындағанда аудармашының бастапқы мәтіннің мазмұны туралы түсінігін ішкі бағдарламаға айналдыратынын атап көрсетеді. Бұл бағдарлама сөйлеушінің субъективтік кодынан құралғандықтан, аударма үдерісі екі кезеңнен тұрады: біріншісі – шетел тілінен ішкі кодқа аудару, ал екіншісі – ішкі кодтан аударма мәтініне аудару. Мұндай модель сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде аударманы түсінуге мүмкіндік береді, бірақ оның кейбір аспектілері түсіндіруде қиындық туғызады. Мысалы, ішкі бағдарламада қандай мазмұн элементтері сақталады және аударма мәтінінде осы бағдарламаны жүзеге асырудың қандай тәсілдері таңдалатынын анықтау мәселесі әлі толық шешілмеген. Аударма үдерісінің бұл психолингвистикалық аспектісі терең зерттеуді қажет етеді, өйткені аудармашының жеке тәжірибесі мен санасы, сондай-ақ мәдени және тілдік ерекшеліктер оның ішкі бағдарламасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. В.В. Сдобников көрсеткендей, «аударма өзінің ең терең мәнінде психологиялық процесс болып табылады. Оның психологиялық табиғаты үш негізгі кезеңнен тұрады: бастапқы мәтінді түсіну, бастапқы тілдің формаларынан “босату”, және аударма мәтінін жасау. Аударманың психологиялық негізін ашу оның мәнін түсінудің маңызды алғышарты болып табылады» [45]. Психолингвистиканың негізгі міндеттерінің бірі–аудармашының дыбыстық сөйлеуді бір тілден екінші тілге сәйкес формаға синхронды түрде аудару қабілетін сипаттау. Бұл танымдық қабілет лингвистикалық ақпаратты өңдеудің ең күрделі түрлерінің бірі болып табылады (тілді өңдеу, language processing).

Н.Н. Гавриленканың ұсынған аударманы оқытудың *интегративті моделі* аударма процесін кешенді түрде қарастырып, төрт негізгі кезеңнен тұрады: кәсіби бағдарлы, аналитикалық, синтездеу және түзету. Бұл модель аударма қызметінің барлық аспектілерін біріктіреді, сондай-ақ аудармашы мен аударма үдерісінің көпқырлы сипатын көрсетеді [46, б. 47].

Д. Селескович пен М. Ледерердің интерпретациялық теориясы аударма қызметін дидактикалық тұрғыдан қарастырды. Олар аударма мен аудармашыларды даярлау жүйесін құрды, мұнда аударма тек тілдер арасындағы сөздерді ауыстыру емес, идеяларды жеткізу мен мәдениетаралық айырмашылықтарды түсіну болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, аудармашы сөздердің тура мағынасын аударудан гөрі, олардың артындағы мағына мен идеясын беруі керек [19, б. 34; 24, б. 20-23.].

Психология, лингвистика және әдістеме арасындағы синтез аударма іс-әрекетінің дидактикасын жобалауға негіз болды, бұл аударма үдерісін түсінуге және оны оқытуға арналған тиімді әдістемелерді дамытуға мүмкіндік берді. Е.Г. Тарева атап көрсеткендей, қазіргі аударма қызметінің дидактикасында әртүрлі тәсілдердің интеграциясы байқалады. Бұл үрдіс әсіресе аударма теориясының түрлі аспектілерін біріктіруге бағытталған: лингвистика, прагматика,

коммуникативтік және коммуникативтік-когнитивтік тәсілдер. Мұндай интеграция кәсіби аударма қызметінің көпқырлығын және аударма процесіне кешенді көзқарасты талап етеді [47].

Өз кезегінде академик Қунанбаева С.С. аударматану мен басқа ғылымдар мен ғылыми зерттеу салаларының өзара әрекеттесу аясының кеңдігін атап өтеді. «Аударматану ғылыми теория мен тәжірибе ретінде интегративті теориялық негізге ие және пәнаралық зерттеу объектісі болып табылады» дейді автор аударманың лингвистикалық, герменевтикалық, мәдени, психолингвистикалық және т.б. ең байланысты немесе біріктіруші [3, б. 97-98]

Соңғы жылдары аударма кәсібінің стандарты мен аударма қызметін реттеу туралы пікірталастар кең таралып, бұл салада жаңа өзгерістер мен заңнамалық бастамалар туындауда. Мысалы, European EN 15038 стандарты 2006 жылы күшіне еніп, Еуропада аударма саласындағы терминологияны біріздендірумен қатар, аударма қызметін көрсетушілерге және тұтынушыларға қойылатын талаптар мен міндеттерді айқындады. Бұл стандарт аударма жобасын іске асыру барысындағы әкімшілік рәсімдер мен мамандардың рөліне көп назар аударады.

А.В. Козуляевтың пікірінше, қазіргі уақытта аудармашыларды даярлау жүйесінің нарық талаптарына сай болмауының негізгі себептерінің бірі – дәстүрлі көзқарастар мен классификациялардың жаңашылдыққа сай келмеуі. Бұл жағдай жоғары оқу орындары мен аударма ұйымдары арасында өзара байланыс пен үйлестіруді арттыру қажеттілігін көрсетеді. Аудармашыларды даярлау жүйесі мен стандарттарды жетілдіру мәселелері қазіргі таңда өте өзекті болып табылады, себебі олар аударма саласының кәсібилігін арттыруға және нарықтың талаптарына сай болуға ықпал етеді [48].

Аударма мамандығын даярлау қазіргі заман талабына сай жаңартуды қажет етеді, әсіресе әлемдік стандарттарға бағдарланған оқу бағдарламаларын құру маңызды болып табылады. Еуропалық білім беру стандарттарына бағдарланғанына қарамастан, ҚР-да аудармашыларды кәсіби даярлауға өзіндік көзқарас қалыптасты, оның бірқатар ерекшеліктері бар. «Аударма ісі» мамандығы бойынша кәсіби стандартта «Жазбаша аудармашы» және «Ауызша аудармашы» сияқты мамандық карталары сипатталған; олардың Ұлттық біліктілік шеңбері, Сала біліктілік шеңбері, еңбек функциялары, міндеттер, дағдылар мен компетенциялар, аудармашыларға әртүрлі жанрдағы мәтіндерге байланысты қойылатын талаптар белгіленген. Кәсіби стандарттың маңызы өте зор, өйткені қоғамның түрлі салаларында жоғары сапалы аудармаға деген сұраныс жоғарылап, аударма сапасына қойылатын талаптар да артып келеді. Осы орайда «Аударма ісі» мамандығы бойынша кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарының ерекше рөлі бар. Осы стандарт қабылданғаннан кейін білім беру бағдарламаларын нақтылау, өзгерту, жұмыс берушілермен байланысты күшейту және басқа да шаралар қабылдануы қажет. Бұл, өз кезегінде, аудармашылардың құзыреттерінің нақты тізбесін анықтап, нарық сұранысын қанағаттандыру үшін білім беру стандарттарын қалыптастыруды талап етеді. Аударма — тек тілдік кедергілерді жою ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық байланыстарды орнататын және түрлі әлеуметтік салаларда қызмет ететін маңызды сала. Оның



қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі рөлі ерекше, себебі аударма арқылы әртүрлі мәдениеттер мен тілдер арасындағы қарым-қатынас жүзеге асырылады. Бұл сала өзінің пәнаралық сипатымен ерекшеленеді, яғни, аударма тек тіл білімін ғана емес, психология, социология, мәдениеттану және басқа да гуманитарлық пәндерді қамтиды.

Осыған байланысты, аударма саласын оқыту университеттік білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналып отыр. Аударма білімін жетілдіру қоғамның гуманитарлық білім деңгейін арттыруға, сондай-ақ мәдениетаралық түсіністік пен прогресті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Аудармашылардың кәсіби біліктілігін арттыру үшін жаңа әдістер мен қағидаттарды енгізу, сондай-ақ осы салада қызмет ететін мамандарға арналған білім беру бағдарламаларының талаптарын жаңарту қажеттілігі туындайды.

## **1.2 Кәсіби-негізделген құзыреттілігінің ұғымының мәні мен құрылымы**

Көріп отырғанымыздай, соңғы онжылдықта жоғары кәсіптік білім беруді реформалау және оқытудың жаңа тәсілдерін болжайтын жаңа білім беру стандарттарын әзірлеуге байланысты қазақстандық қоғамда өрбіген педагогикалық пікірталастар тіл мен аударманы оқыту теориясымен практикасының алуан түрлі мәселелерін шешу жолында көптеген көзқарастарды анықтады. Оның ішінде дәстүрлі, классикалық, білім беру мазмұны туралы және ақпараттық-коммуникациялық желілермен шатастырылған қазіргі білім беру кеңістігінде қолайлы білім беру технологиялары туралы мәселелерде бар. Кәсіби маманның жеке басына қойылатын заманауи талаптар құзыреттілік тәсілдер өз көрінісін тапты. Құзыреттілік тәсілдің негізгі идеясы – білім берудің негізгі нәтижесі жеке білім, дағдылар емес, адамның әр түрлі әлеуметтік маңызды жағдайларда тиімді және өнімді іс-әрекетке қабілеттілігі мен дайындығы. В.И. Байденко құзыреттілік тәсілді «жоғары мектептің еңбек әлемімен әлеуметтік диалогын күшейту құралы, олардың ынтымақтастығын тереңдету және өзара сенімнің жаңа жағдайында қалпына келтіру құралы» ретінде қарастырады [49].

Соңғы онжылдықта Қазақстанда білім нәтижесін бағалаудың жаңа ұғымы — кәсіби құзыреттілік ұғымы пайда болды. Бұл ұғым «білімдерге негізделген, интеллектуалды және тұлғалық тұрғыдан адамның әлеуметтік-кәсіби сипаттамасы» деп түсіндіріледі. И.А. Зимняя пікірінше, «құзыреттілік» және «құзыреттер» терминдері жиі бірдей мағынада қолданылады және «синонимдер» ретінде пайдаланылады [50]. «Құзыреттілік» және «құзыреттер» ұғымдарының арақатынасында ең көп қабылданған пайымдау – бұл адамның акмеологиялық категория ретіндегі «құзыреттілігін» және тұлғаның интеллектуалды және кәсіби даму әлеуетін түсіну, оның сипаттамасы «құзыреттілік» болып табылады, олар білім беру процесінде жүйелі сапалы жаңа құрылымдар ретінде қалыптасуы керек, деп санайды С.С. Кунанбаева [13, б. 89].

Егер «құзыреттілік» термині білім беру нәтижесінің санатына жатса, онда біліктілік параметрлеріндегі білім сапасын бағалаудың жаңа академиялық

нормаларын «білімдік» әлеуметтік-кәсіби сипаттамаларға ауыстыру туралы айтуға болады, сонда маманның біліктілік моделінен құзыреттілік моделіне көшу жүреді. Демек, білім берудің заманауи сапалы нәтижесі – бұл тұтынушының тапсырысына сәйкес келетін білім берудің құзыреттілік моделі көрсетілген белгілі бір құзыреттердің алдын ала бөлінген құрамы [51]. Осылайша, компетенция дегеніміз – студенттің белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асырудағы табыстылығын анықтайтын сипаттама, ол оның білімдері, дағдылары, қабілеттері мен мотивациясына негізделеді. Ал кәсіби қызмет барысында бұл компетенция компетенттікке айналуы мүмкін.

Т.Г. Пшенкина өз зерттеулерінде аудармашыға тән көптеген функцияларды анықтайды: ақпараттық-аналитикалық, интерпретациялық, сөйлеу болжамы, ұйымдастырушылық-бейімделгіш, жобалау-іздістіру, конструктивті-трансформациялық, мәдениетаралық [52].

Аудармашының келесі кәсіби маңызды атқарымды анықтайды: семантикалық (хабарламаның семантикалық мазмұнын қабылдау және есте сақтау); интерпретациялық (дискурсивті контекстке сәйкес ана және шетел тілдерінде хабарламаның тұжырымдалуы және қайта тұжырымдалуы); мәтіндік (мәтіннің мағынасын беру кезінде оның типтік, жанрлық, денотативті, коннотативті, нормативтік, прагматикалық және эстетикалық эквиваленттілік); мәдениетаралық (коммуниканттардың сөйлеуінің ұлттық, әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктерін анықтау (жазбаша және ауызша түрде), мәдениетаралық қарым-қатынас тараптарын түсінбеудің алдын алу немесе өтеу.

Соңғы онжылдықтарда «аударма құзыреттілігі» (translation competence), «аудармашының кәсіби құзыреттілігі» ұғымдары ресейлік және шетелдік ғалымдардың әртүрлі зерттеулері аясында, Еуропа кеңесі әзірлеген білім беру және кәсіби аудармашыларды даярлау стандарттарында белсенді түрде сипатталды. Аударма білімінің, дағдылары мен шеберліктері құрамын сипаттауға, күрделілік пен нақтылықтың азды-көпті дәрежесіндегі құзыреттердің жіктелімдері мен модельдерін жасауға көптеген әрекеттер жасалды. Ғалымдар мен зерттеушілер теориялық пікірталастарға қатысып, аударма құзыреттілігі деп атауға болатын нәрсені нақтылауға тырысады және, әрине, олардың құрылыстарын жалпылауға мүмкіндік беретін кейбір модельдер жасауға тырысады. Аударма құзыретінің мазмұны туралы ұзақ пікірталастар барысында аудармашының әлеуметтік, коммуникативті және нақты мәтіндік дағдыларын сипаттайтын аударма құзыреттілігінің әртүрлі тұжырымдамалары мен модельдері пайда болды.

Ресейде ғалым В.Н. Комиссаровты аударма құзыретінің тұтас тұжырымдамасын әзірлеудегі ізашар ретінде атап жүр, бұл аудармашының тілдік, мәтін құраушы, коммуникативті, техникалық құзыреттіліктері мен жеке сипаттамаларының жиынтығымен ұсынылған. Тілдік құзыреттілік тілдің жүйесі, нормасы мен узусы, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы, сөйлеу сөздерін құру үшін тіл бірліктерін қолдану ережелері туралы білімді білдіреді. Коммуникативті құзыреттілік түпнұсқа мәтініндегі мәлімдемелерге аударма рецепторларының инференциалды мүмкіндіктерін, реципиенттермен байланыс

орнату қабілетін болжайды. Мәтінді қалыптастыру құзыреттілігі осы тілдік ұжымда қабылданған ережелерге сәйкес әр түрлі типтегі мәтіндерді құра білуді қамтиды. Сонымен қатар, ол аудармашының кәсіби құзыретіне аудармашының жеке сипаттамаларын да қамтиды [53].

А.Б. Шевнин аударма құзыреттілігіне қатысты өзінің түсініктемесін береді – онда «бұл аудармашының кәсіби қызметін сәтті жүзеге асыруы үшін қажетті білімнің, іс-әрекеттің және дағдылар мен операциялардың жалпы жиынтығы ғана делінген» [54].

Аудармашының кәсіби құзыреттілігі белгілі бір жеке сипаттамаларды қамтуы керек, онсыз аударма процесін сәтті жүзеге асыру мүмкін емес (жақсы есте сақтау, назар аудару, бір тілден екінші тілге тез ауысу мүмкіндігі), деп санайды Г.Э. Мирам. Кәсіби аудармашы жақсы оқыған, сауатты және жан-жақты дамыған білімді тұлға болуы керек [55]. Ол аудармашының жеке сипаттамаларына аудармашының моральдық-этикалық қасиеттерін де жатқызады, өйткені оның жұмысының сапасына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Неміс лингвисті және аударма мұғалімі А. Нойберт аудармашының құзыреттілігінің мазмұнын зерттей отырып, мәдениетаралық коммуникация саласындағы маманның білімі мен дағдыларының күрделілігін, гетерогенділігін және эмпирикалық сипатын ескерууді ұсынады. Аударма қызметінің мазмұнының ерекшелігі – ол түпкілікті емес, шектеулері де жоқ, ал оның тиімділігі мен толықтығы әр нақты адамның шығармашылық әлеуетіне, оның дарындылығына тікелей байланысты. Ол аударма құзыретінің мазмұнын оның келесі белгілері тұрғысынан қарастырады: күрделілік, әртүрлілік, шамаластық, шектеусіздік, шығармашылық, жағдаяттылық, тарихилық [56].

Л.К. Латышевтің көзқарасы да біз үшін өте қызықты, ол аударма құзыретінің құрамында оларды аударма процесінде қолдану дәрежесі бойынша екі негізгі компонентті анықтады: негізгі және прагматикалық. Бұл жағдайда негізгі компонент концептуалды және технологиялық компоненттерді – аударма процессінде үнемі қолданылатын элементтерді біріктіреді. Прагматикалық компонент (арнайы және нақты компоненттер) аудармашыға аударманың белгілі бір түрлерін орындау кезінде қажет болатын шеберліктер мен дағдыларды қамтиды [57]. Базалық құзыреттер білім алушыларға аударма туралы «теориялық-қолданбалы» сипаттағы білімді жеткізуге және олардың негізінде аударманың кез келген түрін орындауға ортақ дағдыларды қалыптастыруға дейін азаяды. Нақты құзыреттерге аударманың қандай да бір түрін (жазбаша, дәйекті, синхронды және т.б.) жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік және дағдылар жатады. Арнайы құзыреттерге белгілі бір жанр мен стильдегі мәтіндерді аудару кезінде қажетті дағдылар кіреді (ғылыми-техникалық, іскерлік, көркемдік және т.б.) [58].

Лингвист Ю. Хольц-Мянттяридің теориялық тұжырымдамасында, аударма құзыретіне қойылатын үш негізгі талапты алға тартты. Біріншіден, аудармашы сарапшы ретінде тапсырыс берушінің - бастапқы мәтіннің авторы мен аударма мәтінін алушының коммуникативті жағдайларын тиісті мәдениеттер шеңберінде талдай білуі және осындай талдау негізінде өз

қызметінің шарттарын тұжырымдай білуі керек. Екіншіден, ол мәтіндерді «жобалай» білуі керек, ол үшін ол тек тілдік құзыреттілікке ие болып қана қоймай, сонымен қатар басқа мәдениетте белгілі бір мазмұнның қалай айтылатынын және жазылатынын, коммуникацияның қандай құралдарын қолданған дұрыс екенін білуі керек деп айтып кеткен [59].

Г. Будиннің пікірінше, аудармашының әлеуметтік және мәдениаралық құзыреттілігі аудармашыларды дайындауда маңызды, өйткені ол аудармашыға клиенттермен, тапсырыс берушілердің көңіліне жол табуға, мінез-құлқын қалыптастыруға және мәдениетаралық кеңістікте әрекет етуге көмектеседі. Осы мақсатқа жету үшін аудармашыдан өзінің және шет елдің мәдениетін мұқият білу ғана емес, сонымен бірге проблемалық жағдайды түсіну және одан шығудың жолын табу қажет [60].

А.Б. Бушевтің пікірі де қызықты, ол кәсіби аудармашы тілдік сананың тасымалдаушысы ретінде тек тілдік, сөйлеу, әлеуметтік-мәдени және аударма құзыреттіліктерінің үйлесімі ғана емес, сонымен қатар белгілі бір жеке қабілеттерге ие болуы керек деп санайды [61]. Екі мәдениет арасындағы медиатор рөлін атқаратын аудармашының тілдік тұлғасы әмбебап тілдік тұлғаның функционалдық аспектілерінің бірі болып табылады және әртүрлі деңгейдегі аударма трансформациялары арқылы шешілетін бастапқы және аударма мәтіні арасындағы сәйкессіздіктер жағдайында өзін көрсетеді. Аударма қызметінің мақсаты өзінің «ауызша немесе жазбаша түрдегі мәтіндік өнімін құру болып табылатындығына сүйене отырып, аудармашы ақпараттың барабарлығы үшін толық жауап береді, аудармашы алатын ақпаратты қабылдаудың, түсінудің когнитивті тетіктерін қосу қажет. Бұл когнитивті механизмдер аударма процесінің өзін ғана емес, сонымен бірге аудармашының «танымдық тәжірибені» жинақтау үшін қажетті ақпараттық қызметінің және «аудармашының алғышарттар базасын» құруының негізгі кезеңі болып табылады [62].

Қазіргі жағдайда аудармашыны даярлау моделін іске асырудың басым қағидаттарының бірі ретінде этносаралық коммуникацияны жүзеге асыру міндеттерін ескере отырып, лингвистикалық, коммуникативтік, лингвистикалық елтану құзыреттерін қалыптастыру бірлігі қағидаты қарастырылады [63]. Осыған байланысты, D. Scheller-Boltz мазмұны тіл мен арнайы лексиканы білумен шектелмейтін құзыреттіліктердің аудармашыларды дайындаудағы маңыздылығын атап көрсетеді. Аудармашы өзінің көкжиегін кеңейту үшін үнемі хабардар болып, жұмыс істеуі керек, өйткені аударма процесінде ол тарихи фактілер мен даталарға тап болады (білім саласына қарамастан). D. Scheller-Boltz пікірінше, дәл осы жалпы білім беру құзыреті аудармашыға қажетті ақпаратты табуды жеңілдететін, фактілер арасында семантикалық байланыс орнатуға және оларды ұйымдастыруға көмектеседі [64].

Осылайша, біз көріп отырғанымыздай, аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін түсіндіру, оның құрамдас бөлігі мен мазмұны әлі күнге дейін зерттеушілерге көптеген сұрақтар туғызады. Дегенмен, шетелдік ғалымдардың көпшілігі бұл терминді аудармашыға өзінің кәсіби міндеттерін сәтті шешуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар жиынтығы ретінде қарастырады [65].

Аударма дидактикасының дамуымен аударма құзыретіне қойылатын талаптар нақтылыққа ие болды және прагматизммен сипатталады. Аудармашының қызмет саласына біртіндеп кәсіби және академиялық дағдылар, аудармашыға көмектесетін техникалық құралдардың кеңейіп келе жатқан жабдықтарын қолдана білу кіреді. Аударма құзыреттілігінің модельдері негізінен бірдей дағдылар мен талаптарды топтастыруға әртүрлі тәсілдермен қарайды. Зерттеушілер арасында әлі де келісім жоқ, ал кейбір модельдер ескірген кезде жаңалары пайда болады. Сонымен, «Process in the Acquisition of Translation Competence and Evaluation» (РАСТЕ) моделі аударма құзыретінің келесі компоненттерімен ұсынылған. Екі тілді құзыреттілік тілдік аспектілерді (лексика, грамматика, әлеуметтік лингвистикалық, прагматикалық және мәтіндік білім) қамтиды және екі тілде сөйлесу үшін қажет [66].

ЕМТ (European Master's in Translation) жобасының аударма құзыреттілігінің моделі магистрлік бағдарламалар үшін аударманы оқыту стандарты ретінде әзірленді және ЕО, Швейцария және Ұлыбритания елдерінің көптеген университеттерінде қолданылады. Осы модель шеңберінде аудармашының өзара байланысты алты құзыреті ұсынылады: аударма қызметтерін көрсету құзыреті (кәсіби); тілдік құзырет жұмыс тілдерін және оларда пайдаланылатын конвенцияларды білуді қамтиды; мәдениетаралық құзырет екі аспектіні біріктіреді – әлеуметтік-лингвистикалық және мәтіндік; ақпаратты іздеу құзыреті (ақпараттық құзыреттілік) ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай білуді, сондай-ақ электрондық сөздіктер мен корпустар сияқты қосалқы құралдарды пайдалана білуді көздейді; тақырыптық құзыреттілік әртүрлі пәндік салалардағы білімді қамтиды; технологиялық (аспаптық) құзыреттілік көмекші техникалық құралдарды – АҚ ресурстарын, аудармашылар бағдарламаларын тиімді пайдалануды білдіреді, деректер базасы және т.б. ЕМТ моделі аясында сарапшылар аударма әдістемесінің білім беру жағын ғана емес, сонымен қатар аудармашының бәсекеге қабілетті маман болу үшін қажет практикалық дағдыларын да ескеруге тырысты [67].

Сонымен, көптеген пікірталастардың нәтижесінде «Competences for professional translators, experts in multilingual and multimedia communication» («кәсіби аудармашылардың, көптілді және мультимедиялық коммуникация саласындағы мамандардың құзыретіне қойылатын талаптар») жалпыеуропалық құжатында ұсынылған аударма қызметінің мазмұнын барынша толық көрсететін құзыреттер шеңбері айқындалды. Онда көрсетілген құзыреттер мен олардың мазмұны мамандарды даярлаудағы басымдықтар ретінде қарастыруды ұсынады: лингвистикалық, тақырыптық (пәндік), мәдениетаралық, технологиялық, ақпараттық және аударма қызметтерін қамтамасыз ету [68].

«Soft skills» және «hard skills» ұғымдары білім беру жүйесіне бизнес саласынан енді, мұнда бұл терминдер үміткерлерді нақты лауазымдарға іріктеу кезінде қолданылатын қасиеттер ретінде қарастырылады. «Soft skills» тұжырымдамасы 2000 жылдан бастап батыс педагогикалық ғылымында белсенді талқылаудың нысанына айналды. Жұмыс берушілер сонымен қатар кәсіби жетістікке жету үшін маңызды рөл атқаратын «жұмсақ» немесе әлеуметтік


дағдыларға (soft skills) назар аударады. Soft skills – олар коммуникативті және басқарушылық дағдылардың, тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының болуын білдіреді. Оларға сендіру, басқару, адамдардың көңілін табу, презентация жасау, жанжалды жағдайларды шешу, командада жұмыс істеу қабілеті, яғни жалпыадамзаттық деп атауға болатын қасиеттер мен дағдылар жатады. Бұл дағдылар мен кәсіби білім, жұмыс берушілердің пікірінше, бірдей [69].

Қазіргі жағдайда аудармашының рөлдік репертуарының кеңеюіне байланысты кәсіби құзыреттілікті дамытуды талап ететін аудармашыларды даярлау тәсілін өзгерту қажеттілігі туындайды. Мамандықты игеру барысында білім алушылар кәсіби-негізделген құзыреттіліктерді дамытады, сондай-ақ оқуды аяқтаған кезде өз саласында табысты және бәсекеге қабілетті маман болуға мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттілік деңгейіне жету үшін жаңа дағдылар мен қабілеттерге ие болады. Айта кету керек, оқытудың жоғары кезеңінде де студенттер болашақ кәсіби аударма қызметінің ерекшеліктерін жақсы түсінбейді, бұл аударма қызметі процесінде практикалық тәжірибе алудан тұрады. Бұл дегеніміз, аудармашы өзінің шеберлігін тек университеттегі сабақтарда ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметі бойында дамытып, әр уақытта жаңа білім алып, дағдыларын жетілдіріп, танымдық тәжірибесін арттыруы керек. Студенттер де, аударма мұғалімдері де қажетті тәжірибені алу үшін аутентті жағдайда тұрақты тәжірибе қажет екенін нақты түсінуі керек.

Қазіргі әлемдегі маманның жұмысқа қабілеттілігі мен бәсекеге қабілеттілігінің міндетті шарты болып табылады. Аудармашы «адам білімі мен адам қызметінің әртүрлі салалары туралы ақпараттың бірегей жинақтаушысы» ретінде «жүздеген іздеу жүйелері бар ақпараттық ресурстардың ауқымды желілік қоймасын» тиімді пайдалану үшін өзін және жұмыс кеңістігін ұйымдастыра білуі керек. Осылайша, аудармашының кәсіби құзыреттілігінің тұжырымдамалық мәнін анықтау мәселесі бойынша бірқатар жұмыстар мен зерттеулердің болуына қарамастан, бірқатар міндеттер, оның ішінде оның құрамдас құрамына қатысты мәселелер шешілмеген күйінде қалып отыр. Жоғарыда айтқанымыздай, болашақ аудармашы әртүрлі қызмет түрлерін жүзеге асыруға дайын болуы керек – ұйымдастырушылық-коммуникациялық, ақпараттық-аналитикалық, ғылыми-зерттеу және т.б. Осы қызмет түрлерін жүзеге асыруға кәсіби дайындықтың қалыптасуы аударма процесінің мазмұнын қамтамасыз етеді. Аталған қызмет түрлері болашақ аудармашыны даярлауда келесі міндеттерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді: оқытылатын шетел тілдерінен не жазбаша және ауызша дәйекті аударманы жүзеге асыру; жазбаша аудармаларды редакциялау; кез келген күрделілік дәрежесіндегі және кез келген тақырыптық бағыттағы мәтіндерді талдау, рефераттау және аннотациялау; кәсіби қызметте инфокоммуникациялық ресурстарды пайдалану; аударма сәйкестіктерінің белсенді қорын кеңейту, аудармашының дербес тезаурусын байыту, түрлі салалардағы арнайы терминологияны зерделеу, қажетті аялық білімді қалыптастыру; жаңа мәдени ортаға бейімделу және т.б. мақсаттарда ақпараттық-іздістіру жұмыстарын жүзеге асыру.

Аударма үдерісінде аудармашы үнемі білімнің әртүрлі түрлерімен бетпе-бет келеді. Аудармашыларды дайындауда пәндік сала туралы фондық білім маңызды екені анық. Аударма процесінде мағынасына назар аудармай, сөздерді түпнұсқа тілінен аударма тіліне аударуға болмайды. Сондықтан аудармашы мәтіннің не туралы екенін түсінуі керек. Алайда, білімнің әртүрлі салаларының, мысалы, экономиканың, медицинаның және басқа салалардың барлық қыр-сырын түсіну мүмкін болмағандықтан, аудармашылар көбінесе жоғары мамандандырылған бағытта жұмыс істейді.

Аударма түрлері: ауызша және жазбаша аударма	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ауызша аударма мен жазбаша аударма түрлері</li> <li>- Аударма бірлігі туралы түсінік</li> <li>- Мәтінді аударма алдындағы талдау</li> <li>- Сөзбе-сөз, барабар, еркін аударма</li> <li>- Ауызша және жазбаша аударманың айырмашылықтары</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ауызша және жазбаша аударма түрлерін қолдану арқылы жаттығулар</li> <li>- Мәтінді аударма алдындағы талдау жасау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Өртүрлі деңгейлерде аударма жаттығуларын орындау.</li> <li>- Жалпылық пен эквиваленттілік арасындағы айырмашылықтарды түсіну.</li> <li>- Түпнұсқаға толық баламалы аударма сәйкестік талаптарына жауап бере ме?</li> </ul>	YouTube: <a href="http://youtube.com">youtube.com</a> (аударма сабақтары мен шеберлік сыныптары)

Кесте 7 жалғасы

1	2	3	4	5
Тіларалық түрлендірулер теориясы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Трансформация және деформация ұғымдарын анықтау</li> <li>- Аударма тіларалық трансформация үдерісі ретінде трансформациялар және тіларалық асимметрияның қатынасы</li> </ul>	Тіларалық түрлендірулердің мысалдары мен олардың теориялық негіздерін талқылау	Жоба: Қазақстандағы аудармашылықтың даму тарихы	Academia.edu: <a href="http://academia.edu">academia.edu</a> (ғылыми мақалалар)
Аударма сапасын бағалау мәселесі және лексикографиялық аспектісі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аударма сапасын бағалау мәселесі</li> <li>- Аударманы өңдеу негіздері</li> <li>- Аударманың лексикографиялық аспектісі</li> <li>- Сөздіктердің түрлері</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аударма сапасын бағалау және өңдеу бойынша практикалық тапсырмалар</li> <li>- Сөздіктермен жұмыс жасау</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Аударма сапасын бағалаудың қиындықтары мен бағалау критерийлері.</li> <li>- Ю.В. Тиссеннің «Аудармашының жұмысындағы Интернет» мақаласының материалымен танысу.</li> </ul>	Linguee және Reverso Context

1 Тақырыптың мысалында аудармашы дайындығының теориялық-негізгі деңгейінің мазмұнын қарастырайық.

*Аударма мамандығы туралы түсінік. Қазіргі әлемдегі аударманың рөлі мен орны.*

*1-тақырып.* Аударма — тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияның бір түрі. Дәріс сабағы (6 сағат):

- Аударма ұғымы.
- Аударма процесі – коммуникация процесі ретінде.
- Аударма теориясының нысаны, пәні және міндеттері.
- Терминологиялық аппарат.

*Translation as an Object of Linguistic Study*

Translation is a complex and multifaceted type of human activity. While it is often described as "transferring from one language to another," in reality, the translation process involves much more than substituting one language with another. It encompasses the interaction of diverse cultures, individuals, ways of thinking, literatures, eras, levels of development, traditions, and perspectives. Translation captures the interest of cultural scholars, ethnographers, psychologists, historians, and literary critics, with various aspects of translation activity becoming objects of study within these corresponding fields of science. Moreover, in translation studies—known as translatology—cultural, cognitive, psychological, literary, and other aspects are emphasized. However, the traditional understanding that languages play a central role in translation has been scientifically validated, and in modern translation studies, linguistic translation theories hold a leading position.

Бұл дәрісте келесі сұрақтар қарастырылады:

1. Аударма ұғымы.
2. Аударма процесі – коммуникация процесі ретінде.
3. Аударма теориясының нысаны, пәні және міндеттері.
4. Терминологиялық аппарат.

Дәрістен кейін негізгі ақпаратты меңгеру деңгейін көрсету үшін талқылануы қажет сұрақтар ұсынылады:

1. Қазіргі әлемдегі аударманың рөлі.
2. «Аударма» ұғымы.
3. Аударма теориясы: міндеттері, нысаны және пәні.
4. «Қызмет» құрылымын анықтаңыз. Аударма қызметінің негізгі мақсаты қандай?
5. Аударма теориясының негізгі бөлімдері.

*1-семинар:*

1. Қазіргі әлемдегі аударманың рөлін сипаттаңыз.
2. Аударма анықтамаларының ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
3. Аударма теориясына анықтама беріңіз. Оның міндеттері, нысаны және зерттеу пәні қандай?
4. «Қызмет» құрылымын анықтаңыз. Аударма қызметінің негізгі мақсаты қандай?



5. «Тілдік делдалдық» ұғымын алғаш енгізген кім? Анықтама беріңіз. «Тілдік делдалдық» пен аударма ұғымдары қалай байланысады?

6. Тілдік делдалдықтың түрлерін атаңыз.

7. Аударма теориясының негізгі бөлімдерін атаңыз.

*Семинарда студенттерге арналған арнайы тапсырмалар:*

Семинарлық сабақтарда студенттер арнайы алдын ала аударма тапсырмалары арқылы когнитивтік-ұғымдық білімдерін қалыптастырып, тереңдетеді. Студенттердің өзіндік жұмысы кейстік тапсырмалар мен жобалық жұмыстар түрінде ұсынылған. Студенттердің оқытушымен бірге орындайтын өзіндік жұмысы кейстік тапсырмалар түрінде жүзеге асырылады.

*Students` independent work with teacher (SIWT 1)*

*Case study 1.* Аударма қызметтеріне қатысты топтарды немесе форумдарды ізденіп және оларға қосылыңыз. Сізді қызықтыратын немесе көмек қажет ететін салалар туралы сұрақтар қойыңыз (талқылауға арналған тақырыптар сіз кезіккен аударма қиындықтарына, сіз қолданатын құралдарға немесе саладағы трендтерге қатысты болуы керек). Осы форумдар мен топтарға қатысудан не үйренгеніңіз туралы қысқаша рефлексия (200 сөз) жазыңыз. Берілген сұрақтарды қарастырыңыз.

Search for and join groups or forums related to translation services. Ask questions about areas you are curious about or need help with (topics for discussion should be related to translation challenges you face, tools you use, or trends in the industry). Write a brief reflection (200 words) on what you learned from participating in these forums and groups.

Consider the following questions:

- What new terminology or concepts did you learn?
- How did engaging with peers and professionals influence your perspective on translation?

Compile your screenshots and reflection into a single document. Submit this document by the specified deadline.

*Students` independent work (SIW 1)*

*Project work 1.* Topic: «Pragmatical aspects of translation».

Тақырып бойынша ақпаратты іздеңіз. Google Scholar, JSTOR, немесе басқа академиялық базалардан ғылыми мақалалар мен зерттеулерді табыңыз. Оларды оқып, негізгі идеяларды қысқаша мазмұндаңыз. Тақырып: «Pragmatical aspects of translation». Қорытындыңызды презентация түрінде дайындаңыз.

Search for information on the given topic. Find scholarly articles and researches from Google Scholar, JSTOR, or other academic databases. Read them and summarize the main ideas. Prepare your finding in the form of presentation.

Түпнұсқалық аутентті материалдар студенттерді мамандандырылған тақырыпқа қатысты жалпы қабылданған терминологиямен және тұрақты сөз тіркестерімен таныстырады.

Аудармашыларды кәсіби даярлау процесін ресурстық қамтамасыз ету оқу-әдістемелік материалдарды, ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды (АҚР), техникалық құралдарды және тұлғалық ресурстарды қамтиды. Оқу-әдістемелік

материалдар сабақтарға арналған түпнұсқалық аутентті материалдар есебінен толықтырылды. Мұндай материалдар кәсіби аударма тезаурусын қалыптастыру, кәсіби аудармашылардың жұмысын талдау және өзіндік жаттығулар жасау үшін пайдалы дереккөз болып табылады.

Аудармашының жұмысын жеңілдететін, әртүрлі аударма жобаларын жүзеге асыруға және ауызша/жазбаша аударманың негізгі түрлерін орындауға мүмкіндік беретін жаңа электрондық құралдар мен технологиялар пайда болады. Аударманы оқыту үдерісінде британдық ұлттық корпусты оқытудың қосымша құралы ретінде қолданған жөн (<http://www.natcorp.ox.ac.uk/>), Американдық ұлттық корпус (<http://corpus.byu.edu/coca/>), орыс тілінің ұлттық корпусы (<http://www.ruscorgo.ru/>), бұл көптеген дереккөздерден алынған ауызша және жазбаша сөйлеу үлгілерінің әлемдік жинағы.

*Кәсіби-коммуникативтік тілдік даярлық модулінің* негізгі мақсаты – студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік субкомпетенциясын қалыптастыру және дамыту. Бұл модуль кәсіби салада шетел тілін тиімді қолдану дағдыларын меңгеруді қамтамасыз етеді, сонымен қатар тілдік, мәдени және салалық ерекшеліктерді ескере отырып, жан-жақты кәсіби қарым-қатынасты жүзеге асыруға бағытталған.

Осы модульдің аясында студенттер кәсіби саладағы шеттілдік қарым-қатынас үшін қажетті дағдыларды дамытып, шетел тіліндегі мәтіндермен жұмыс істеу, арнайы терминологияны меңгеру және мәдениетаралық коммуникацияға дайындық жүргізеді. Модульдің мазмұнын іріктеу кезінде біз келесі критерийлерді басшылыққа алдық: пәнаралық және тәртіптік байланыстарды есепке алу; аудармашы мамандығының пәндік және әлеуметтік мәнмәтінін қайта құратын проблемалық жағдайларды пайдалану; зерттелетін материал мен тапсырмалар аудармашының шетел тілін оқыту дағдыларын дамытуға және когнитивті-коммуникативті қызметті белсендіруге ықпал етуі керек. Болашақ аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілігін қалыптастыру үшін ақпараттық-коммуникациялық білім беру ресурстарының жиынтығына мыналар кірді: білім беру платформалары, подкаттар, квизис мультимедиялық мазмұн бейне-контент, BBC English Learning онлайн сервисі және т.б.

*«Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетел тілі»  
пәнінің құрылымы мен мазмұны*

*Пәннің мақсаты:* студенттердің мәдениетаралық, коммуникативтік және кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқытылатын лексикалық және грамматикалық тақырыптар шеңберінде ауызша және жазбаша сөйлеу негіздерін іс жүзінде меңгеру. Пәннің көлемі – 5 кредит.

*Пәнді оқу міндеттері:* Кәсіби негізделген құзыреттілік деңгейі бойынша пәндік мазмұны коммуникативті практикумның міндеттерін қамтиды, ол кәсіби қарым-қатынастың типтелген жағдаяттарының тізімін береді, қарым-қатынас пен хабарламаның контекстке негізделген (жалпы және нақты) дағдыларын қалыптастыру модельдерін құру үшін олардың функционалды мақсатын жүзеге асырады. КП-да оқытудың негізгі бірлігі кәсіптік негізделген жағдаят болып

табылады: «Коммерциялық коммуникация» саласы, «Халықаралық-құжаттамалық алмасу» саласы, «Кәсіби қарым-қатынастың стереотиптік және типтік емес кәсіптік жағдайларын көрсететін қаржы-банк қызметі» саласы. Осы міндеттерді шешуге барлық туындайтын коммуникативтік міндеттері бар өндірістегі, бизнес-өндірістік алаңдардағы жағдаяттардың дискурстық негіздерін қамтитын үлгілік оқу бағдарламалары мен коммуникативтік практикумдар бағытталған [143].

Кәсіби-бағытталған когнитивті-коммуникативті кешен (КБКК) пән мазмұнын концептуализациялайды, ол аудармашының шетел тілі кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды басқаруды қамтамасыз етеді. Бұл кешен қарым-қатынастың жеке салалары шеңберінде жүзеге асырылады, білім беру бағдарламасында негізгі білім блоктарын (ТТЕ) ұйымдастырады және оқу жаттығулар жүйесі арқылы процессуалды түрде жүзеге асырылады. Кәсіби-бағытталған когнитивті-коммуникативті кешен (КБКК) 1) коммуникативтік қарым-қатынас салалары; 2) қарым-қатынастың типтік жағдайлары; 3) метатілдік лингвистикалық материал; 4) сөйлеу-коммуникативтік материал; 5) әртүрлі композициялық-сөйлеу формалары мен жанрларындағы мәтіндері [13, б.194 ].

Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігінің бір шағын құзыреті-бұл «ана тілінде сөйлейтіндер ұстанатын лингвистикалық және әлеуметтік ережелерді ескере отырып, әртүрлі әлеуметтік детерминистік жағдаяттарда шетел тіліндегі мәлімдемелерді түсіну және тудыру қабілеті» деп түсінілетін шеттілдік коммуникативті құзыреттілік. Бұл аудармашы аударма рецепторларының базалық білімнің әртүрлі көлемін иеленуіне байланысты оны дұрыс қабылдайтынына назар аударуы керек дегенді білдіреді. Қажет болған жағдайда аудармашы аударма мәтінін түсінуді жеңілдету мақсатында қосымша базалық ақпарат бере алады. Төмендегі кесте 8-де Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетел тілінің технологиялық картасы берілген.

Кесте 8 – Технологиялық карта: Мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетел тілі

Коммуникативтік тақырыптары	Коммуникативтік қатысым аясы	Тапсырмалар	АК Ресурстар
1	2	3	4
Theme 1. Professions of the Future	- Болашақ мамандықтар мен трендтер аясы - Жаңа технологиялардың әсері аясы	Мамандық трендтері туралы зерттеу, пікірталас ұйымдастыру	1. TED Talks: "The Future of Work" ЭУ Basic English For Translators
Theme 2. Motives of Choosing Future Profession	- Мамандық таңдаудың себептері - Шешім қабылдау факторлары	Мамандық таңдауға әсер ететін мотивтерді талдау, зерттеу	1. Google Scholar ЭУ Basic English For Translators
Theme 3.	- Жыныс пен жасқа	Теңсіздіктерді	Google

Кесте 8 жалғасы

1	2	3	4
Gender, Age, and Inequality in the Professions	байланысты теңсіздіктер - Инклюзивтілік мәселелері	талдау, инклюзивтілік бойынша зерттеу жүргізу	Scholar ЭУ Basic English For Translators
Theme 4. Successful Career Path	- Табысқа жету стратегиялары - Мансаптық өсу мен жетістіктерді бағалау	Мансаптық даму стратегияларын талқылау, табысты жолдар туралы зерттеу	1. TED Talks: "Career Success Tips" 2. Business Insider
Theme The Increasing Demand for Professional Translators	- Аудармашыларға сұраныстың өсуі - Жаңа талаптар мен трендтер	Аудармашыларға сұранысты зерттеу, трендтерді талдау	1. SDL Trados Blog 2. Translation 3. Trends Reports
Theme Professional Crisis and Ways to Overcome Struggles	- Кәсіби дағдарыстар - Шешімдер мен стратегиялар	Дағдарыстарды басқару стратегияларын талдау, семинарлар өткізу	ЭУ Basic English For Translators
Theme 3. Work Etiquette and Workplace Issues	- Жұмыс этикасы мен тәртібі - Жұмыс орнындағы мәселелер	Жұмыс этикасы мен мәселелерді зерттеу, практикалық жаттығулар	1. LinkedIn Learning 2. Workplace Etiquette Guides
Theme Current State and Upcoming Changes in Translation Studies	- Аударма зерттеулерінің қазіргі жағдайы - Болашақтағы өзгерістер	Аударма зерттеулеріндегі жаңалықтарды талдау, зерттеу жүргізу	1. Translation Studies Journal 2. Research Gate
Theme Mass Media as a Social Institution	- Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік рөлі - Қоғамдағы әсері	Бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік рөлін талдау, зерттеу	1. Media Studies Resources 2. Social Impact Reports
Theme Means of Communication	- Коммуникация құралдары және олардың түрлері - Өртүрлі құралдардың қолданылуы	Коммуникация құралдарының түрлерін зерттеу, олардың қолданылуын талдау	1. Communication Tools Resources 2. Tech News
Theme Functions of Media in Modern Society	- Бұқаралық ақпарат құралдарының функциялары - Қазіргі қоғамдағы рөлі	Бұқаралық ақпарат құралдарының функцияларын зерттеу, талдау	1. Media Function Reports 2. Society Studies Resources
Theme Role and Place of Mass Media in Human's Contemporary Life	- Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі өмірдегі орны - Әлеуметтік әсерлері	Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі өмірдегі рөлін талдау, зерттеу	1. Contemporary Media Resources 2. Social Media Analysis

Курстың технологияларына келесілер жатады: жобалау жұмыстары; жағдаяттарды модельдеу; презентациялар; ақпараттық-коммуникациялық ресурстарға негізделген тапсырмалар. Білім беруді технологияландыру үдерісінің өсуін, сондай-ақ осы зерттеуде қарастырылған КН құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі ақпараттық коммуникациялық ресурстармен (электрондық сөздіктермен, энциклопедиялармен, сайттармен және т.б.) жұмыс істеуге негізделгенін ескере отырып, пәннің кәсіби мазмұны практикалық блокпен – жаттығулар мен тапсырмалар кешенімен толықтырылған (3.1- тармақта келтірілген.). Сонымен, жаттығулар мен тапсырмалар шартты және коммуникативті болды. Сөйлеу-коммуникативті материалды таңдаудың негізгі принципі институционалдық дискурстың негізгі салаларына сәйкестік қағидаты болып таңдалды, сонымен қатар бірқатар басқа қағидаттар ескеріледі: функционалдылық, үлгілі, шынайылық, стилистикалық әртүрлілік, пайдалану және жиілік.

Пәнді ақпараттық-ресурстық қамтамасыз ету ретінде біз оқу процесінде пайдаланылған "Basic English For Translators" (12,9 п/л) авторлық мультимедиялық оқу құралын қолдандық [144]. Біз жасаған аудармашы КНҚ қалыптастыру моделі электронды оқу құралының негізін қалады, ол КНҚ аудармашының құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған және келесі ерекшеліктерге ие: пәндік мазмұнды жүйелейді және одан әрі өзін-өзі жетілдірудің алғышарты болып табылады; білім алушылардың шетілдік-коммуникативтік құзыреттілігін арттыратын белгілі бір мәтіндік материалдан тұрады; фондық білім көлемін ұлғайтады; коммуникативтік сипаттағы белгілі бір проблемаларды шешуге өзін-өзі дамытуға және шығармашылықпен қарауға үйретеді; аударма қызметінің дағдылары мен дағдыларын қалыптастырады; тыңдау дағдыларын жаттықтырады және дамытады. Электрондық практикумға студенттерді аудиториялық және аудиториядан тыс даярлау үшін қажетті материалдар мен тапсырмалар енгізілді. Әр сабақ, сондай-ақ белгілі бір аударма дағдылары мен дағдыларын дамытуға бағытталған. ЭО лингвистикалық (лексикалық жаттығулар), операциялық (аударма түрлендірулерінің белгілі бір түрлеріне және парафразаға арналған жаттығулар), коммуникативті (аударма-қайталау, рефераттау), жаттығу (есте сақтау тренингі, тілден тілге ауысу тренингі, екі жақты аударма тренингі, қарқынды тренинг) жаттығулар мен тапсырмаларды қамтиды. II бөлім: мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударуға, кейс-тапсырмаларды орындауға, мәтінді аудармаға дейінгі талдауға арналған жаттығуларды, әртүрлі дәрежедегі қиындықтағы мәтіндерді жазбаша аударуға арналған тапсырмаларды, АҚ ресурстарын (сөздіктерді, анықтамалықтарды, деректер банктерін және басқа да қосымша ақпарат көздерін) кәсіби пайдалану дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды ұсынады.

## **Тақырып: Болашақтың мамандықтары**

### **Мақсаты:**

Студенттерді болашақ мамандықтарын зерттеуге, технология мен еңбек нарығындағы өзгерістерді талдауға және болашақта қажет болатын дағдыларды түсінуге ынталандыру.

### **Plan of the lesson:**

- 1) Introduction.
- 2) Definition of the concept of "professions of the future".
- 3) Examples of professions that arise under the influence of technological progress
- 4) Vocabulary
- 5) Grammar
- 6) Reading
- 7) Listening

### **TASKS:**

Read the texts. Do all critical reading and thinking tasks.

Listen to the text. Comment on quotations.

Discuss the issues presented in the text.

Do grammar exercises.

**Case study 1:** Find a current newspaper or magazine article. Write up the details for a short presentation to the class.

**SIW 1:** Writing: write an essay on the topic “Professions of the future”

Жазбаша және ауызша аударманың тиімділігін қамтамасыз ету әдістері. Кәсіби бағытталған аударма когнитивті-коммуникативті тұжырымдамаға сәйкес жүзеге асырылатын және кәсіби бағдарланған көзқарас тұрғысынан жүзеге асырылатын кәсіби-негізделген құзыреттілікті аудармашыларды даярлау үшін маңызды. Мәтіндерді шетел тілінен ана тіліне және ана тілінен шетел тіліне аудару кезінде студенттер мәтінге аударма алдындағы талдау жасауды және аударма стратегиясын әзірлеуді, мәтіннің мазмұны мен формасын талдауды, аударылатын мәтіннің әдістері мен тәсілдерін таңдауды, стандартты қолдануды және түпнұсқа аударма шешімдерін іздеуді үйренеді. Бұл тәжірибе студенттерге аударма алдындағы талдауды жүзеге асыруға негіз қалайды, оларға негізгі мәселелерді көруге және болашақта автоматизмге жеткізуге болатын аударма мәселелерін шешуге бағытталған белгілі бір іс-қимыл алгоритмін жасауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу аясында аударма трансформациясы сияқты ұғымның жалпы сипаттамалары зерттелді. Осы саладағы отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысын талдау бізге: «Аударма трансформациясы» ұғымын нақтылауға мүмкіндік берді, біз Л.К. Латышевтің пікіріне сүйене отырып, аударманың сәйкестігіне қол жеткізу үшін тіларалық асимметрияға сәйкес

түпнұсқа мен аударманың құрылымдық және семантикалық параллелизмінен дәлелді және қасақана ауытқуды түсінеміз; аударма трансформацияларын аударма үдерісіне қатысатын тіл деңгейлерін ажырату негізінде лексикалық және грамматикалық түрлендірулерге жіктеу; аударма трансформацияларының барабар өлшемін табу критерийлерін нақтылау; аударма қиындықтарын және оларды әртүрлі аударма трансформацияларының көмегімен жеңуді анықтау, аударма шешімдерін таңдау дәлелдерін әзірлеу [57, б. 88-91]. Төмендегі сурет 11-де кәсіби бағытталған аударма көрсетілген.



Сурет 11 – Кәсіби бағытталған аударма

Осылайша, шетел тіліндегі кәсіби бағытталған мәтіндер өздерінің негізгі міндеттері – ақпараттылықтан басқа, жалпы және тақырыптық сөздік қорын толықтыруға көмектеседі, ағылшын сөздері мен өрнектерін айтуға үйретеді, мәтінде кездесетін типтік мысалдарды талдау және оларды есте сақтау мақсатында бірнеше рет қайталау арқылы ағылшын грамматикасының ережелерін бекітеді, ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Шет елдермен ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың дамуымен және ақпарат алмасудың артуымен өндіріс саласындағы мәтіндерді аудару мүмкіндігі ерекше маңызға ие болады. Кез-келген мәтін күрделі семиотикалық бірлікті білдіреді, онда тілдік құралдарды таңдау көбінесе мәтін жасалатын сөйлеу жанрының ерекшеліктерімен анықталады. Сондықтан аударманың сапасы көбінесе аудармашының «*мәтін жанры*» ұғымына біріктірілген өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бастапқы мәтіннің жеке элементтерін берудің барабар әдістерін таңдау қабілетімен анықталады.

Кәсіби бағытталған мәтін деп белгілі бір мамандықты игеруге көмектесетін мәтінді түсінуге болады. Кәсіби бағытталған мәтін элементтер кешенін қамтиды және, ең алдымен, арнайы тілдің көмегімен ұсынылған немесе арнайы мақсаттар үшін тіл деп аталатын арнайы кәсіби білімнің мазмұнымен сипатталады (language for special purposes). Сөйлеу жанры пәндік мазмұнның

мағынасын түсіндіреді, ал функционалды ғылыми- техникалық стиль бұл мазмұнды түсіндіреді. Кәсіби бағытталған мәтінді түсіну үшін дискурс жанрларының ерекшеліктерін және оларды құру ережелерін білу, сондай-ақ оларды коммуникативті жағдайға сәйкес түсіндіре білу маңызды.

Кәсіби бағытталған аударма-бұл екі мәтіннің, коммуникативті жағдайлардың және екі мәдениеттің арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, ғылыми және техникалық ақпаратты бір тілден екінші тілге (жазбаша да, ауызша да) беруге бағытталған кәсіби қызмет. Мәтіндерді шетел тілінен ана тіліне және ана тілінен шетел тіліне аудару кезінде студенттер мәтінге аударма алдындағы талдау жасауды және аударма стратегиясын әзірлеуді, мәтіннің мазмұны мен формасын талдауды, аударылатын мәтіннің әдістері мен әдістерін таңдауды, стандартты қолдануды және түпнұсқа аударма шешімдерін іздеуді үйренеді. Бұл тәжірибе студенттерге аударма алдындағы талдауды жүзеге асыруға негіз қалайды, оларға негізгі мәселелерді көруге және болашақта автоматизмге жеткізуге болатын аударма мәселелерін шешуге бағытталған белгілі бір іс-қимыл алгоритмін жасауға мүмкіндік береді. Осы зерттеу аясында аударма трансформациясы сияқты ұғымның жалпы сипаттамалары зерттелді. Осы саладағы отандық және шетелдік ғалымдардың жұмысын талдау бізге: Л.К. Латышевқа сәйкес «*аударма трансформациясы*» ұғымын нақтылауға мүмкіндік берді. Латышев аударманың барабарлығына қол жеткізу мақсатында түпнұсқаның және аударманың құрылымдық және семантикалық параллелизмінен тіларалық асимметрияға сәйкес дәлелді және қасақана ауытқуды түсінеді; аударма процесіне қатысатын тіл деңгейлерін ажырату негізінде аударма трансформацияларын лексикалық және грамматикалық түрлендірулерге жіктеу; аударма трансформацияларының барабар шарасын табу өлшемдерін нақтылау; аударма қиындықтарын және оларды әртүрлі тәсілдермен жеңуді анықтау. аударма шешімдерін таңдау үшін аргумент әзірлеу[90, б. 89].

Осылайша, шетел тіліндегі кәсіби бағытталған мәтіндер өздерінің негізгі міндеттері – ақпараттылықтан басқа, жалпы және тақырыптық сөздік қорын толықтыруға көмектеседі, ағылшын сөздері мен өрнектерін айтуға үйретеді, мәтінде кездесетін типтік мысалдарды талдау және оларды есте сақтау мақсатында бірнеше рет қайталау арқылы ағылшын грамматикасының ережелерін бекітеді, ауызша сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Кез-келген мәтін күрделі семиотикалық бірлікті білдіреді, онда тілдік құралдарды таңдау көбінесе мәтін жасалатын сөйлеу жанрының ерекшеліктерімен анықталады. Сондықтан аударманың сапасы көбінесе аудармашының «мәтін жанры» ұғымына біріктірілген өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, бастапқы мәтіннің жеке элементтерін берудің барабар әдістерін таңдау қабілетімен анықталады.

Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялар мен электрондық ресурстар қарқынды дамып келеді, бұл аудармашының кәсіби қызметіне табиғи түрде әсер етеді. Аудармашының жұмысын жеңілдететін, әртүрлі аударма жобаларын жүзеге асыруға және ауызша және жазбаша аударманың негізгі түрлерін



орындауға мүмкіндік беретін жаңа электрондық құралдар мен технологиялар пайда болады.



Сурет 12 – АҚР түрлері

Аударма саласындағы маман аударма қызметінің мәні мен міндеттері, аударма теориясының негізгі ережелері, аударма стратегиясы мен аударма әдістері туралы түсінікке ие болуы керек. В.Н. Комиссаровтың пайымдауынша «аудармашының стратегиясы аударма процесін жүзеге асырудың жалпы принциптерінің үш тобын қамтиды: кейбір бастапқы постулаттар, аудармашы нақты шешімдер қабылдау кезінде басшылыққа алатын іс-әрекеттің жалпы бағытын таңдау және аударма процесінде іс-әрекеттің сипаты мен реттілігін таңдау» деп санайды [53, б. 201]. Жалпы стратегияның негізінде аудармашының бастапқы мәтіннің мағынасын мүмкіндігінше дәл түсінуге және реципиентке жеткізуге деген ұмтылысы жатыр. Ол әрқашан өз іс-әрекетіне сыни көзқараспен қарауы керек. Аударма мәтіні түсініксіз немесе мағынасыз болып көрінсе де, ең алдымен өз біліміңіздің немесе тәжірибеңіздің жеткіліксіздігіне күмәнданып, олқылықтарды жоюға тырысу керек. Аударманың ең жақсы нұсқасын табу үшін аудармашы барынша күш салады, аударманың мақсаттарын, орындалу мерзімдерін, сондай-ақ техникалық құралдарды (компьютерді) пайдалану мүмкіндігі сияқты басқа да жұмыс жағдайларын ескереді. Стратегиялық тәсіл кейбір ережелерді сақтауды білдіреді: аударманы түсінуден бұрын; мәтінді дәйекті сегменттерге бөлу (әдетте бір-екі мәлімдемеге тең); бастапқы мәтіннің тақырыбымен алдын-ала танысу (энциклопедияларда, сөздіктерде, мақалаларда қосымша ақпарат іздеу); танысу мақсатында түпнұсқа мәтінді толығымен оқу; бейтаныс сөздердің немесе нақты терминдердің тізімін жасау; мәтінді құрастыру аударманың өрескел нұсқасы және аударманың соңғы нұсқасын өңдеу.

Әрине, болашақ аудармашыларға арналған бір семестрлік практикалық курс жоспарын ұсыну үшін, біз әр сабақтың негізгі мақсатын және қолданылатын әдістерді анықтаймыз. Міне, бір семестрге арналған жоспардың үлгісі: Бұл жоспар студенттерге аударма теориясы мен практикалық дағдыларды жан-

жақты меңгеруге көмектеседі. Әр сабақтың мақсаты мен әдістері нақты қажеттіліктер мен оқу мақсаттарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

### Кәсіби бағытталған аударма

*Пәннің мақсаты* – аударма теориясының негіздері, принциптері мен әдістерін үйрету арқылы студенттердің аударма процесін терең түсінуін қамтамасыз ету. Пәннің көлемі – 5 кредит (150 акад. сағ.), дәріс сабақтары – 30 сағат, семинар – 15 сағат.

*Пәнді оқу міндеттері* – аударма процесінде заманауи ақпараттық технологиялар мен құралдарды пайдалану арқылы аудармашының жұмысын оңтайландыру. Студенттерге бағытталған аударма үшін қажетті практикалық дағдыларды (аударма жасау, редакциялау, лексикографиялық жұмыс) меңгерту.

*Кәсіби бағытталған аударма* – бұл екі мәтін, коммуникативті жағдайлар және екі мәдениет арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, бір тілден екінші тілге ғылыми және техникалық ақпаратты (жазбаша да, ауызша да) беруге бағытталған кәсіби қызмет кесте 9-де берілген.

Кесте 9 – Технологиялық карта: Жазбаша аударма практикасы

Сабақтың тақырыбы	Мақсаты	Материал	АК ресурстар
1	2	3	4
Жазбаша аударманың ерекшеліктері	Жазбаша аударманың жеке түрлерінің сипаттамасы	Аутентті мәтіндердің түрлері: Қоғамдық-саяси және ресми-іскерлік мәтіндер	САТ құралдарымен жұмыс, машиналық аударма жүйелерін қолдану
Аударма әдістері мен стратегиялары	Әр түрлі аударма әдістерін түсіну және	Мәтіндермен жұмыс, мысалдарды талдау	Онлайн аударма форумдары, аударма блогтары
Терминология мен арнайы сөздік қор	Арнайы қолдану терминдерді зерттеу және аудармадағы ролін түсіну	Терминологиялық жұмыстар, сөздік қорды кеңейту	Терминологиялық базалар, сөздік қор құралдары
Мәтіннің стилі мен тонын дұрыс аудару	Мәтіндермен салыстыру, практикалық жаттығулар	Стильді сақтау жаттығулары, тонды талдау	Grammarly
Машиналық аударма құралдарының артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау	Машиналық аударма жүйелерін қолдану, нәтижелерді салыстыру	Машиналық аударма жүйелерін қолдану, қателерді түзету	Google Translate, Yandex.Translate
Аударылған мәтіндердегі қателерді табу және түзету	Редакциялау жұмыстарын орындау, қателерді түзету	Редакциялау жаттығулары, қателерді түзету	Adobe Acrobat, MS Word Track Changes

Кесте 9 жалғасы

1	2	3	4
Машиналық аударма жұмысын меңгеру, постредактирлеу арқылы аударма сапасын жақсарту	Машиналық аударма жүйелерін қолдану, нәтижелерді салыстыру	Машиналық аударма қолдану Машиналық аудармаларды постредактирлеу мысалдармен практика	Google Translate, Yandex.Translate
Аударма процесінің құжаттамасын жасау	Құжаттау жұмыстары, есеп беру	Құжаттау, есеп беру жұмыстары	Құжаттау құралдары (Google Docs, MS Word)
Әлеуметтік ғылымдар, құқық және бизнес мәтіндерді аудару дағдыларын қалыптастыру және нығайту, түсініп, дұрыс қолдануды үйрету.	Мәтіндермен жұмыс, жұптық жұмыс, талқылау	келісімшарттарды аудару, терминологиялық глоссарий құру	сөздіктер, онлайн аударма құралдары, экономикалық мақалалар (мысалы, The Economist)
Сөздік және терминологиялық ресурстарды қолдану	Терминологиямен және кәсіби сөздіктермен жұмыс жасау дағдыларын дамыту	Практикалық сабақ, топтық жұмыс	Терминологиялық глоссарий құру

## Practical lesson 1

**Тапсырма 1.** Google Translate және Яндекс Аудармашы арқылы мәтінді аударыңыз (сурет 13 қосымша В).

The most important wealth of countries is the human resource that leads to sustainable development. Creating a social structure that will ensure sustainable development and development, and shaping the necessary infrastructure and educational opportunities for this is among the priorities of all decision makers in the era of digital transformation. Developments in fields such as robotic systems, automation, artificial intelligence and biotechnology have opened the door to a completely different future. This transformation, which affects every part and every moment of our lives, has also shown its effect on working life and professions. While many professions are disappearing or transforming with the increasing use of mobile internet, cloud technology, unmanned vehicles, nanotechnology and 3D printers in the business world, brand new professions are emerging.

Сурет 13 – Тапсырма

- 1 Мәтінді Google Translate және Яндекс Аудармашы арқылы аудару
  - Google Translate-ке мәтінді салыңыз:
    - Мәтінді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударыңыз.
    - Нәтижесін сақтап қойыңыз.
  2. Яндекс Аудармашыға мәтінді салыңыз:
    - Дәл сол мәтінді аударыңыз.
    - Нәтижені салыстыру үшін сақтаңыз.

## 2-қадам. Аудармаларды салыстыру

### 1. Мағынаның дәлдігі:

- Аударманы түпнұсқамен салыстырыңыз. Мәтіннің жалпы мағынасы дұрыс берілген бе?
- Мысалы, "human resource", "sustainable development", "digital transformation" ұғымдары нақты аударылғанына көз жеткізіңіз.

### Тапсырма 2. Терминология мен жұмыс.

- Кілт сөздердің (мысалы, "artificial intelligence", "nanotechnology") бірдей аударылғанын тексеріңіз.
- Google мен Яндекс бір терминді әртүрлі аударуы мүмкін. Айырмашылықтарды белгілеңіз.
- Аударманың қаншалықты табиғи және түсінікті екенін бағалаңыз.

### Тапсырма 3. Аудармаларды талдау

Аударманы талдау үшін келесі критерийлерді қолданыңыз:

#### 1. Дәлдік

- Түпнұсқа мәтіннің мағынасы толық берілген бе?
- Қателіктер немесе мағынасы дұрыс жеткізілмеген бөліктер бар ма?

#### 2. Терминология

- Терминдер дұрыс қолданылған ба?
- Google мен Яндекс арасында терминдерді қолдануда айырмашылықтар бар ма?

#### 3. Контекстке сәйкестік

- Мысалы, "robotic systems" сөз тіркесі "роботтық жүйелер" деп аударылуы тиіс, ал "sustainable development" – "тұрақты даму" деп берілуі қажет.

### Case study 1. Студенттерге арналған сұрақтар:

- Мәтіндегі негізгі терминдер Google және Яндекс арқылы әртүрлі қалай аударылған?
- Қай аударма табиғи және түсінікті болып көрінеді? Неге?
- Аудармада қандай қателіктер бар? Олар қандай деңгейде (грамматикалық, лексикалық, стилистикалық)?

### Case study 2. Талқылау:

- Автоматты аудармадағы қиындықтар қандай?
- Неге мәтіннің контексті мен стилін сақтау маңызды

Түпнұсқа: "The most important wealth of countries is the human resource that leads to sustainable development."

Google Translate (қазақша): "Елдердің ең маңызды байлығы - тұрақты дамуға әкелетін адам ресурсы."

Яндекс Аудармашы (қазақша): "Елдердің ең басты байлығы – тұрақты даму үшін маңызды адам ресурсы."

Талдау:

- Екі аударма да дұрыс, бірақ:
- Google Translate аудармасы дәл, бірақ ресми стилі анық емес.
- Яндекс Аудармашы табиғи стильді жақсы жеткізген.

## Practical lesson 2

**Тапсырма 1.** Яндекс аудармасын негізге алу, бірақ "тұрақты дамуға әкелетін" бөлігін сақтап, мағынаны нақтылау. Google Translate және Яндекс Аудармашы сияқты құралдарды қолдану аудармаларды салыстыруға, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл студенттерге аударманы талдау, қателерді түзету және автоматты аударма құралдарын тиімді пайдалану дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кесте 10 – Тапсырма

Google Translate	Яндекс Аудармашы
Мәтін	Мәтін

**Тапсырма 2.** Интернетте орналасқан әртүрлі МА жүйелерінің жұмысын тексеріңіз (Google-дан <http://translate.google.ru> және). Ол үшін сол мәтіннің автоматты аудармасын орындаңыз (көлемі – 1-2 абзац, ШТ – қазақ тілі, АТ – таңдауыңыз бойынша, (тақырыбы – жалпы). Нәтижелерді кестеге енгізіңіз.

Кесте 11 – Тапсырма

Бастапқы мәтін	Аударма1 <a href="http://translate.google.ru">http://translate.google.ru</a>	Аударма 2 <a href="http://yandex.ru">http://yandex.ru</a>
----------------	---	--

**Тапсырма 3.** Автоматты аударманы редакциялауға арналған қосымша тапсырмалар. Студенттерге ағылшын тіліндегі мәтіннің түпнұсқасы және Google Translate немесе Яндекс Аудармашы арқылы аударылған нұсқасы беріледі. Олар автоматты аударманың түпнұсқамен қаншалықты сәйкес екенін тексеріп, келесі сұрақтарға жауап береді:

1. Қандай сөйлемдерде мағына толық жеткізілген?
2. Қандай жерлерде мағына жоғалған немесе бұрмаланған?
3. Терминология дұрыс қолданылған ба?

Мысалы: "Artificial intelligence is expected to change the way businesses operate in the next decade."

Автоматты аударма:

Жасанды интеллект келесі онжылдықта бизнестің жұмыс істеу тәсілін өзгертеді деп күтілуде.

**Тапсырма 4.** “Жұмыс істеу тәсілі” тіркесі қазақ тіліне табиғи түрде аударылған ба? Егер жоқ болса, оны қалай жақсартуға болады?

Студенттер автоматты аударманың артықшылықтары мен шектеулерін түсінеді. Мәтіннің мағынасын, стилін және терминологиясын жетілдіру қабілеттерін дамытады. Өртүрлі аударма құралдарымен жұмыс істеп, олардың ерекшеліктерін тәжірибеде пайдалана алады. Бұл тапсырмалар студенттердің жазбаша және аналитикалық дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Үй тапсырмасы ретінде студенттер сол мақалаларды басқа машиналық аударма жүйелерінде аударып, постредакциялау жұмыстарын орындады, және алынған мәліметтерді кестеге енгізді. Барлық студенттер аударма барысында қосымша ақпарат көздерін пайдаланды: моно - және билингвалды электрондық сөздіктер мен анықтамалықтар, контекстік сөздіктер, іздеу жүйелері. Мұндай материалдар кәсіби аударма тезаурусын жасау, кәсіби аудармашылардың жұмысын талдау және өзіндік дайындық үшін пайдалы дереккөз болып табылады.

*Students` independent workwith teacher (SIWT )*

**Case study 1.** Түсініксіз немесе мәдени ерекше тілді қамтитын мәтін жасау үшін AI платформасын пайдаланыңыз. Бұл идиоматикалық өрнектерді, юморды, сарказмды немесе мәдени реңкті фразаларды қамтуы мүмкін. Жасалған мәтінді талдау мақсатында мұқият құжаттаңыз.

Use an AI platform to generate text that contains obscure or culturally specific language. This may include idiomatic expressions, humor, sarcasm or culturally charged phrases. Carefully document the generated text for analysis purposes.

**Case study 2.** Use AI tools and internet resources to research and retrieve information on pragmatic norms relevant to the language pair involved in the generated text. Focus on understanding how pragmatic norms vary across cultures and influence language use, interpretation, and communication.

Pragmatic analysis:

- Context: Where and when the text was generated.
- Intention: What the speaker or writer intended to communicate.
- Audience: How the audience might interpret the text based on cultural context and norms.
- Implications: The impact of cultural differences on understanding and interpreting the text.

Provide clear references and citations for the pragmatic norms and cultural aspects discussed. Structure your analysis logically, presenting key observations and insights derived from your research and analysis.

Resources for Research:

Pragmatic Norms and Language Use:

- Stanford Encyclopedia of Philosophy – Includes a comprehensive section on Pragmatics.
- Linguistic Society of America – Provides resources on language use and pragmatic theories.

Translation Studies:

- Translation Journal - Features articles and research on translation theories and practices.

- American Translators Association (ATA) - Offers resources and guidelines for translators.

Language Dictionaries and Corpora:

- Collins Dictionary – Includes idiomatic expressions and cultural references.
- Google Books Ngram Viewer – Allows exploration of language usage over time.

Discuss how the identified pragmatic norms influence translation choices: Identify specific elements of the text that pose challenges or require cultural adaptation. Propose alternative translations or adaptations that preserve the intended meaning and pragmatic effect in the target language. Justify your translation choices with references to the pragmatic norms and cultural insights discovered.

*Students` independent work(SIW)*

**Task:** Translate the text.

Аударма тәжірибесі жалпы алғанда зерттеушілер тарапынан аудармашының жүйелі ауызша және/немесе жазбаша аударма қызметінде когнитивті әрекеттер ретінде анықталады (екі тілдік жағдайдағы ақпаратты өңдеу, аударма теориясы, әдістемесі және техникасы бойынша жинақталған білімге негізделген). Н.А. Дьяконованың пікірінше, аудармашы аударма мәтінін жасау барысында аналитикалық-синтетикалық жұмыстар жүргізеді, бұл мәтіннің түпнұсқасының тілінде эквивалентті болуын қамтамасыз етеді. Аударма стратегиясы ретінде зерттеуші аудармашының нақты аударма мәселесін шешуге бағытталған әрекеттерін анықтайтын когнитивтік субстратты түсінеді [145].

**Осылайша, пәндерді интеграциялау келесі сипаттамаларға ие:**

**Аударма теориясы мен практикасы бойынша әртүрлі пәндерден алынған білімдерді біртұтас жүйеге келтіреді.** Бұл білімдер студенттерге нақты кезеңде аударма тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді және олардың кәсіби дамуының негізін қалайды.

**Аудармашылардың құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған мазмұнды материалдармен қамтамасыз етеді.** Мұндай материалдар аударма сапасын арттыруға және мамандыққа тән міндеттерді шешуге көмектеседі.

**Аялық білім деңгейін жоғарылатады.** Студенттер әртүрлі тақырыптар бойынша ақпаратты кеңейтіп, оны аударма барысында тиімді қолдануды үйренеді.

**Лингвистикалық мәселелерді шығармашылық тұрғыдан шешу қабілетін қалыптастырады.** Бұл студенттерге инновациялық әдістерді қолдануға және тілдік құрылымдарды жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

**Аударма қызметіне деген ынтаны арттырады.** Интеграцияланған тәсіл студенттердің кәсіби қызығушылықтарын оятып, олардың мотивациясын күшейтеді.

**Аударма дағдыларын қалыптастырып, жетілдіреді.** Бұл процесс, әдетте, аудармашыларды оқытудағы ең күрделі міндеттердің бірі болғанымен, интеграция оны жеңілдетіп, нәтижелілігін арттырады.

### **2.3 Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы қалыптастыруға бағытталған жаттығулар типологиясы мен жүйесі**

Аударма практикасын жалпы зерттеушілер аудармашының жүйелі ауызша және/немесе жазбаша аударма қызметі үдерісінде танымдық іс-әрекеті ретінде анықтайды (аударма теориясы, әдістемесі мен техникасы, таңдалған дағдылар мен шеберліктер туралы жинақталған білімге негізделген екі тілді жағдайда ақпаратты өңдеу. Жаттығу кез-келген пәндік оқыту әдістемесінің орталық ұғымдарының бірі болып табылады, өйткені дағдылар мен шеберліктер жаттығуда дәл қалыптасады. Шетел тілдерін оқыту әдістемесінде жаттығу «сөйлеу дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру немесе жетілдіру мақсатында тілдік (сөйлеу) операцияларды немесе әрекеттерді арнайы ұйымдастырылған бірнеше рет орындау» деп түсіндіріледі». Белгілі ресейлік әдіскер А.Н. Щукин жаттығу жүйесін «мақсаты, материалы және оларды орындау тәсілі бойынша біріктірілген жаттығулардың түрлері, тектері мен типтерінің жиынтығы деп анықтайды» [146].

Философияда «жүйе» термині бір-бірімен қарым-қатынаста және байланыста болатын және тұтастық пен бірлікті құрайтын элементтер жиынтығын білдіреді. Жаттығу жүйесінде белгілі бір оқу жағдайларында қажетті дағдыларды қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін оқушылар осындай мөлшерде және сапа деңгейінде орындайтын тапсырмалардың белгілі бір типтері мен түрлерінің жиынтығы болуы керек. Жүйеде жаттығуларды орындау тәртібі қалыптасқан шеберліктер мен дағдылардың қалыптасу ретін ескере отырып, қиындықтардың артуымен анықталады. Е.Н. Соловова жаттығуларды әрбір алдыңғы жаттығу келесі жаттығуларды орындау үшін тірек болатындай етіп орналастыру қажеттілігі туралы айтады [147]. Жаттығу жүйесін дамыта отырып, біз аударманы оқыту теориясы мен практикасы саласындағы мамандардың жинаған әдістемелік тәжірибесіне сүйендік. Авторлар ұсынған типологияларды талдау нәтижесінде біз жаттығулар түрлерін ұсыну кезінде олардың аудармаға дейінгі немесе аударма кезеңіне жататындығы шешуші рөл атқарады деген қорытындыға келдік.

Жаттығу түрлеріне келетін болсақ, олардың көптеген зерттеулердегі номинациясы білімді игеруге, дағдыларды қалыптастыруға және аударма дағдыларын дамытуға бағытталған. О.В. Железнякова аударма жаттығуларының жүйесін әзірлеу кезінде аударма қызметінің кезеңдеріне назар аударуды ұсынады, атап айтқанда: бағдарлау, іздеу, орындау, рефлексивті-бақылау. Осыған сәйкес ол жаттығулардың келесі түрлерін қолданады: болжау, қалыптастыру, тұжырымдау және рефлексивті [148].

Белсенді тренинг аясында аудармашының ауызша ілеспе аударма саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған бірқатар жаттығулар бар. И.С. Алексееваның айтуы бойынша, аудармашыларды ауызша ілеспе аударма саласында дайындауға арналған жаттығулардың ішінде мыналар бар: есте сақтау тренингі, бір тілден екінші тілге ауысу тренингі, қарқынмен




жаттығу, лексикамен жұмыс, компрессия, орналастыру, аударма нотациясының техникасын игеру, көптілді конференция [149, б. 56].

В.Н. Комиссаровтың типологиясына сәйкес, орындалатын сөйлеу әрекеттерінің сипаты бойынша жаттығулар аударма алдындағы және нақты аударма болып бөлінеді. Аударма алдындағы жаттығулар аударма процесін сәтті жүзеге асыру үшін жағдай жасауға, қажетті коммуникативті көзқарасты құруға, студенттердің тілдік және фондық білімдерін тексеруге, тәжірибелі жоғары білікті аудармашылардың типтік аударма мәселелерін қалай шешетінін көрсетуге бағытталған. Осы типтегі негізгі жаттығулар-олардың айырмашылықтарын анықтау мақсатында түпнұсқа және аударма тілдеріндегі параллель мәтіндерді салыстыру; жарияланған аудармаларды олардың түпнұсқаларымен салыстыру және аудармашы қолданған әдістер мен әдістерді сыни тұрғыдан талдау; түсіну тереңдігін және қажетті фондық білімнің болуын тексеретін мәтінге арналған сұрақтарға жауаптар; мәтін мазмұнының негізінде жатқан және онымен байланысты ұғымдарды талқылау олармен терминдер мен ұғымдар; аударма тілін жетік меңгеруге арналған түрлі жаттығулар (синонимдік қатарларды құрастыру және синонимдердің мағыналарын саралау, ұсынылған нұсқаларды стилистикалық бағалау, мәлімдемелерді парафразалау, берілген тақырыпта сөйлеу және т.б.).

Нақты аударма жаттығулары: екі тілдің бірліктері мен құрылымдарының семантикасының ерекшеліктерімен байланысты аударма мәселелерін шешу қабілетін дамытатын тілдік; аударманың әртүрлі тәсілдері мен әдістерін қолдана алатын операциялық жаттығулар болып бөлінеді; аударма процесінің әртүрлі кезеңдерінде қажетті әрекеттерді сәтті орындау қабілетін тудыратын коммуникативті. Жаттығудың түріне сәйкес оны орындау тапсырмасы да тұжырымдалады. Тілдік жаттығуларда тапсырмада аударма кезінде мәні ерекше ескерілуі тиіс тіл бірлігі немесе құрылымы көрсетіледі [150, б. 91]. Осылайша, аудармашы дайындауға арналған жаттығулардың түрлері мен кіші түрлерінің көптеген классификациялары бар:

- Тілдік жаттығулар белгілі бір тілдік құбылыстарды (тіл бірліктерінің семантикасы мен қолдану ерекшеліктерін) бөліп көрсетуді және оларды арнайы жаттықтыруды көздейді.
- Операциялық жаттығулар аударма процесінде зерттелген үлгілерді, трансформацияларды және техникалық тәсілдерді қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.
- Коммуникативтік жаттығулар сөйлеу дағдыларын жетілдіруге және дамытуға бағытталған, аудиовизуалды мәтінді қайта жаңғырту кезінде әртүрлі манипуляцияларды қамтиды, сонымен қатар түпнұсқа мазмұнын жеткізуге арналған әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды қамтиды.
- Тренингтік жаттығулар аудармашылық дағдыларды қалыптастыруға, сондай-ақ алынған білімді бекітуге бағытталған.
- Аудитивтік/визуалдық жаттығулар есту/көру талдаушы арқылы қабылдауға арналған.

- Біртілді/көстілдік жаттығулар ана тілін қолданбай немесе қолданып орындалады.
- Жеке/топтық жаттығулар жоғары деңгейдегі дербестікпен және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескерумен сипатталады.
- Трансформациялық жаттығулар тіларалық өзгерістер теориясына негізделген, олардың негізгі міндеті – білім алушылардың теориялық білімдерін жүйелеу, ойды ынталандыру, ықтимал нұсқаларды ұсыну, аударма тактикалық әдістерін меңгеру арқылы аудармашылық ойлауды қалыптастыру және аударма міндетін дұрыс анықтау дағдысын дамыту.



Сурет 14 – Аудармашының КНҚ қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі

Мазмұнды сипаттамалардың ауызша дәйекті және жазбаша аударма жағдайларындағы ерекшеліктерін талдау негізгі жаттығу түрлерін айқындауға мүмкіндік береді. Ақпаратты бастапқы мәтіннен анықтау, түсіну және қабылдау, сондай-ақ аударма мәтінін құрастыру технологиялық процесін жүзеге асыру барысында әртүрлі жаттығу түрлерінің болатынын атап өту қажет. Әрбір түрі аудармашының кәсіби негізделген құзіреттілігін және оның субкомпетенцияларын қалыптастыруға бағытталған түрлі жаттығуларды қамтиды.

### **Аудармашының шеттілдік кәсіби-коммуникативтік дайындығын қалыптастыруға арналған жаттығулар мен тапсырмалар блогы**

Жоғарыда айтқанымыздай, шеттіліндегі коммуникативті құзыреттілік күрделі көп компонентті құбылыс ретінде болашақ аудармашылардың КНҚ құрылымында жетекші және жүйе құраушы болып табылады және олардың болашақ аударма қызметінің бағытын анықтайды. Шеттілдік кәсіби-коммуникативті субкомпетенция болашақ аудармашылардың қажетті және жеткілікті жеке қасиеттердің, білімнің, дағдылардың, қажетті сапаны аудару


дағдыларын игеру негізінде табысты кәсіби қарым-қатынас жасау қабілетін сипаттайды.

Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік субкомпетенцияны қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі лексикалық, грамматикалық және аударма бағытындағы жаттығуларды қамтиды. Кәсіби бағдарланған дискурсты аударуға үйрету үшін жалпы ғылыми лексиканы таңдау келесі қағидаттарға негізделеді: тақырыптық, практикалық қажеттілік, жиілік, сөздің үйлесімділігі, сөздің коммуникативті құндылығы, саптық қабілеті, сөзжасамдық құндылығы, стилистикалық бейтараптық. Сонымен қатар, мәтін деңгейіндегі жаттығулар (негізгі ойды, кілт сөздерді, байланыстырушы элементтерді, пікірдің логикалық негізін анықтау, әртүрлі ақпарат түрлерін алу, әртүрлі оқу тәсілдерін қолдану және т.б.) студентті ауызша немесе жазбаша сөйлеуде мазмұнды пікір білдіру дағдысын қалыптастыруға жетелейді.

Бастапқы тілдің лексикалық, соның ішінде терминологиялық бірліктеріне сөздік және аударма баламаларын таба білуге бағытталған тапсырма.

**Тапсырма 1.** Мәтінді оқып, ондағы кәсіби терминдерді анықтаңыз.

Әр терминге шетел тілінде (ағылшын) және қазақ тілінде балама табыңыз. Терминдерді кесте түрінде жазыңыз.



In recent years, digitalization has enabled 2 million new business lines to join working life in the last 10 years. It is predicted that approximately 2 million new business lines will be created in the near future. This transformation, which is reflected in the working life, is a dynamic process that requires citizens, business people and decision makers to adapt proactively. For this reason, the content of education, starting from pre-school period to higher education and lifelong learning, should be in harmony with the transforming world. In addition to human resources, our business world needs to position itself strategically according to the changing working life conditions and to read the current and future reality well. It is inevitable that companies that continue their traditional tendencies by closing their eyes to the transformation of professions will succumb to competitive winds.

Сурет 15 – Тапсырма

Кесте 12 – Мысал кесте

Түпнұсқа термин (ағылшынша)	Қазақша балама	Түсіндірме/мағынасы
1	2	3
Digitalization	Цифрландыру	Деректерді цифрлық түрге көшіру процесі
Business lines	Бизнес бағыттары	Бизнес салалары немесе кәсіптік бағыттар
Working life	Еңбек өмірі	Адамдардың жұмыс істеу процесі
Dynamic process	Динамикалық үдеріс	Тұрақты түрде өзгеріп отыратын процесс

Lifelong learning	Өмір бойы оқу	Жеке және кәсіби даму үшін үздіксіз білім алу
-------------------	---------------	---

*Тапсырманың мақсаты:*


Студенттер кәсіби мәтіндерден маңызды терминдерді анықтауды үйренеді. Терминдерді қазақ тіліне дұрыс аударуды меңгереді.

Терминологиялық сәйкестік жасау қабілетін дамытады.

**Тапсырма 2.** BBC, The Guardian сияқты беделді ақпарат көздерінен ішкі саясат мәселесіне арналған бір мақаланы және сыртқы саясат мәселесіне арналған мақаланы таңдаңыз. Әр мақала үшін 150-200 сөз көлемінде қысқаша мазмұн жасаңыз.

**Тапсырма 3.** Қарым-қатынастың ауызша түрлерін дамыту үшін Ted Talks платформасында спикер Иван Попурев бейне жұмысы ұсынылады. Топпен жұмыс.

[https://www.ted.com/talks/ivan\\_poupyrev\\_everything\\_around\\_you\\_can\\_become\\_a\\_computer?language=tr](https://www.ted.com/talks/ivan_poupyrev_everything_around_you_can_become_a_computer?language=tr)



Сурет 16 – Тапсырма

**Тапсырма 4.** Берілген мәтіннен логикалық байланыстарды анықтап, олардың қалай қолданылғанын түсіндіріңіз.

Creating opportunities for the population to contribute to this new wave remains the most important homework for countries; therefore, countries will have a human resource and therefore knowledge that can capture the scale and multiplier effect brought by the new world.

Студенттерді кәсіби қарым-қатынасқа қажетті лексиканы меңгеруге үйрету, дүниетанымын кеңейтеге, ауызекі тілді түсіну дағдыларын дамытуға, сөздік қорын арттыруға арналған келесі жаттығулар. Мысалы, YouTube-та кеңінен танымал «TED-talks» деп аталатын материалды табуға болады. Бұл – білім беру, бизнес, ғылым, технологиялар және шығармашылық салаларындағы сарапшылардың 100-ден астам тілдегі бейнелері бар платформа. Бұл материал белгілі бір пәнді оқытуда қолданылуы мүмкін.

**Тапсырма 5.** "Подкаст сегментімен жұмыс: транскрипция және аударма"

*Мақсаты:* Студенттердің кәсіби қарым-қатынас үшін қажетті лексиканы меңгеруін арттыру. Тыңдау, жазу және аударма дағдыларын дамыту. Сөздік қорды кеңейту және интонацияны, фондық әсерлерді түсінуді жақсарту.

Платформалар: *The Daily, Science Vs, TED Talks Daily*

Платформалардан 5-10 минуттық кәсіби немесе білім беру тақырыбындағы сегментті таңдаңыз. Сегментте мамандыққа қатысты терминдер немесе кәсіби лексика болуы тиіс (мысалы, бизнес, технологиялар, ғылым тақырыбы). Таңдалған сегментті тыңдап, мақсатты тілде (мысалы, ағылшын тілінде) естігеніңіздің барлығын жазып алыңыз. Дәлдікке назар аударыңыз: сөздер мен сөйлемдердің дұрыс жазылғанын тексеріңіз. Фондық шулар мен интонацияларға назар аударыңыз. Әр сөйлемді нөмірлеңіз. Қиындық тудырған сөздер мен сөйлемдерді белгілеңіз.

Мысал: Аудио: "Artificial intelligence is transforming industries worldwide. However, it also raises ethical concerns."

Транскрипция:

1. Artificial intelligence is transforming industries worldwide.
2. However, it also raises ethical concerns.

**Тапсырма 6.** Мәтіннің түпнұсқасын тыңдап, мағынасын қазақ тіліне жеткізіңіз: <https://reallanguage.club/anglijskie-teksty-s-audio/>

Listen to the original text and translate the meaning into Kazakh language: <https://reallanguage.club/anglijskie-teksty-s-audio/>



Сурет 17 – Тапсырма

Төмендегі жаттығулар студенттердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге арналған.

**Тапсырма 7.** Студенттердің кәсіби коммуникация дағдыларын дамыту. Студенттер топта "Клиент пен аудармашы" рөлдерін бөліп, нақты бір жағдайды (мысалы, халықаралық конференцияда аударма қызметін көрсету) модельдеңіздер. Клиенттің сұрақтарына жауап беріп, аударма процесі туралы талқылаңыздар.


**Тапсырма 8.** «Мультимедиялық мәдени артефактілер». Қатысушылар топтарға бөлінеді және оқытудағы мәдени әртүрлілікті бейнелейтін онлайн ресурстарды (суреттер, бейнелер, мақалалар және т.б.) табу міндеті жүктеледі. Әр топ Pinterest немесе Google Slides сияқты платформаларды пайдаланып, оқытуға әсер ететін әртүрлі мәдени артефактілерді көрсететін сандық коллаж жасайды. Мәдени қиындықтар туралы талқылау. Студенттер шетел тілін

үйренудегі мәдени әртүрліліктің мүмкін болатын қиындықтары мен артықшылықтары туралы пікірталасқа қатысады. Талқылауға арналған сұрақтар: Мәдени әртүрлілік шет тілін үйрену тәжірибесін қалай байыта алады? Шет тілін үйренуге әртүрлі мәдени көзқарастарды енгізу кезінде қандай қиындықтар туындауы мүмкін?

"Multimedia Cultural Artifacts." Participants are divided into groups and tasked with finding online resources (images, videos, articles, etc.) that represent cultural diversity in teaching. Each group will use platforms such as Pinterest or Google Slides to create a digital collage showcasing different cultural artifacts that impact learning. Discuss cultural challenges. Students engage in a discussion about the potential challenges and benefits of cultural diversity in foreign language learning. Discussion Questions: How can cultural diversity enrich the experience of learning a foreign language? What challenges might arise when introducing different cultural perspectives into foreign language learning?

**Тапсырма 9.** Берілген сілтемені немесе QR кодты пайдаланып, бетке өтіп, сұрақтарға жауап беріңіз, суреттер немесе мысалдар келтіріңіз: <https://PollEv.com/discourses/Ce5dpqgmz1P5uVNEitfVys/respond> (сурет 18).

Using the provided link or QR code, go to the page and answer the questions, provide pictures or examples: <https://PollEv.com/discourses/Ce5dpqgmz1P5uVNEitfVys/respond> (Figure 18).



Сурет 18 – Платформадағы «PollEverywhere» тапсырмасы

**Тапсырма 10.** Аудармашы ретінде мансап түрлеріне қатысты шағын бейне таныстырылым (3-5 минут) жасаңыз. Идеяларыңызды жеткізу үшін әртүрлі грамматикалық құрылымдар мен сөздік қорын қолданыңыз. Бейнежазбаны YouTube немесе сыныптағы пікірталас тақтасы сияқты платформаға жүктеңіз.

Осылайша, аталған жаттығуларды қолдану шетел тілін үйренуге деген ынтаны арттырады, студенттерге өзіндік белсенділікті үйретеді, олардың когнитивті-коммуникативті қызметін ынталандырады, шеттілдіккәсіби-коммуникативті субкомпетенциясының қалыптасуына және одан әрі дамуына ықпал етеді, яғни болашақ маманның әртүрлі әлеуметтік детерминистік жағдайларда әрекет ету қабілеті, мәдениетаралық өзара әрекеттесуге дайындық пен қажеттілікті қалыптастырады.

## **Аудармашының кәсіби-қолданбалы аударма дайындығын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар блогы**

Аудармашының кәсіби-қолданбалы аударма дайындығын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар ұғымдар мен терминдерді, метатілді түсіну және саналы түрде меңгеру, сондай-ақ оқылатын тақырыптар бойынша студенттердің материалды бекітуіне арналған жаттығуларды қамтиды. Когнитивті-ұғымдық субкомпетенцияны игеру нәтижесінде аударма теориясы мен практикасының негіздері бойынша тұжырымдамалық аппарат қалыптасып, жүйеленеді.

Бұл жаттығулар блогы келесі дескрипторларға негізделген тапсырмаларды қамтиды: аударма қызметінің ерекшелігін білу; Кәсіби аббревиатураларды, белгілерді, формулаларды және олардың қазақ тіліндегі аналогтарын білу; анонимдер мен антонимдерді, терминологиялық баламаларды және арнайы лексиканы таба білу; арнайы терминдер мен тұрақты сөз тіркестерінің мағыналарын анықтау; негізгі ұғымдарды ажырата білу; анықтаманы сәйкес терминмен ауыстыру арқылы қысқарту (сығымдау); терминдердің мағыналарын қысқаша түсіндіріп, сөйлемді қайта құру (прагматикалық бейімдеу – мәтінді жеңілдету, түсіндіру).

Аударма үйрету барысында студенттерді аббревиатуралар мен қысқартуларды қамтитын рубрикаларды толтыру кезінде туындайтын ықтимал қиындықтарды шешуге үйрету қажет. Төменде аударма дағдыларын қазақ және шетел тілдерінде дамытуға арналған ықтимал тапсырмалар ұсынылған.

**Тапсырма 1.** Төмендегі кестеден әрбір аббревиатураның мағынасын табыңыз.

Кесте 13 – Кәсіби бағытталған мәтіндердегі жалпы аббревиатуралар

SMM	Social media marketing	A process of promotion through social networks
AWB	Research and Development	
LLC	Disk operating system/virtual storage	
RWM	Airway Bil	
DOS/VS	Cost and Freight	
C&F	Read–write memory	
R&D	Limited Liability Company	

**Тапсырма 2.** «Аудармашыларға арналған терминология». Сөйлемдерді толықтыру үшін дұрыс нұсқаны таңдаңыз. Бұл тапсырма терминологияны түсіну, ұғымдық аппараттың анықтамасын ұғындыру кабеттерын қалыптастыруға арналған жаттығу.

Кесте 14 – Аудармашыларға арналған терминология

Literary translation	is a translation type used for the documents and management texts of organizations like corporate or regional businesses
Technical Translation	is a specialized translation, which entails the highest quality standards, and it is applied to different areas and industries
Professional translation	is the translation of creative and dramatic prose and poetry into other languages
Administrative translation	is the process of using artificial intelligence to automatically translate text from one language to another without human involvement
Machine Translation	is a type of specialized translation including the translation of documents

Қою кестесі – сөйлем деңгейінде де, шағын байланысты репликалар деңгейінде де пікір білдірудің әртүрлілігін қамтамасыз етудің ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Келесі жаттығуларда студенттер терминдер мен терминологияға түсініктеме немесе анықтама береді.

**Тапсырма 3.** Берілген терминдердің мағынасын түсіндіріп, оларды кәсіби контексте пайдаланыңыз.

Терминдер: "Жасанды интеллект", "Цифрландыру", "Локализация".

Әр терминге қысқаша анықтама жазыңыз:

Бұл жаттығулар студенттердің терминологияны түсіну, қолдану және кәсіби лексикамен жұмыс істеу қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Келесі жаттығу терминдер мен сөз тіркестеріне ағылшын тілінде анықтамалар табу тапсырмасынан басталады. Бұл жаттығу студенттердің сөздік қорына жаңа терминдерді енгізеді, олар негізгі мазмұндық бірліктер болып табылады және мәтіндерді әрі қарай аударуда жиі кездеседі. Алайда, жаттығуларды құрастыру кезінде, әсіресе бастапқы кезеңде, олардың мазмұны студенттердің кәсіби дайындығының деңгейіне сәйкес болуы керектігін есте ұстаған жөн.

**Тапсырма 4.** Белгілі бір терминдер немесе тіркестерді таңдаңыз. Бұлар идиомалар, кәсіби сөздер немесе әртүрлі контекстерде жиі қолданылатын тіркестер болуы мүмкін."


Choose online corpora and decide which online corpora you will use for your analysis. Recommended options include the Corpus of British National Corpus. Search for terms/phrases, use the chosen corpora to search for your selected terms or phrases. Examine the different contexts in which these terms or phrases are used. Pay attention to variations in meaning, usage frequency, and any accompanying words or phrases (collocations). Look for patterns in how the context affects the meaning of the terms or phrases. Note any significant differences in usage based on factors such as genre (e.g., academic colloquial), region (e.g., British American English), or field (e.g., legal medical).

**Тапсырма 5.** Аударма теориялары бойынша пікірталас форумы: Аударма теорияларының әртүрлі түрлерін, мысалы, «филологиялық теориялар»,



«лингвистикалық теориялар», «әлеуметтік-лингвистикалық теориялар» сияқты ой картасын жасаудан бастаңыз. Идеяларыңызды визуализациялау үшін MindMeister немесе Canva сияқты онлайн ой картасы құралдарын қолданыңыз. Әр теорияны зерттеп, оның негізгі ұғымдарын, қағидаттарын және білім беру үдерісіне әсерін қарастырыңыз. Өз тұжырымдарыңызбен, түсініктеріңізбен және осы теориялардың студенттердің кәсіби тәжірибесін жақсарту үшін қалай қолданылатыны туралы жеке ойларыңызбен бөлісіңіз.

**Тапсырма 6.** «Қазіргі аудармашының кәсіби қасиеттері» тақырыбында ой картасын жасаңыз. Canva, GitMind, Miro немесе Cacoo сияқты онлайн платформаларды қолданып, «Қазіргі аудармашының кәсіби қасиеттері» тақырыбының негізгі аспектілерін визуалды түрде көрсететін ой картасын жасаңыз (3-суретті қараңыз). Орталық тақырып пен қосымша тақырыптарды көрсету үшін кілт сөздерді, суреттерді немесе жазбаларды пайдаланыңыз. Негізгі тақырып пен қосымша идеялар арасындағы байланыстарды көрсету үшін сызықтарды сызыңыз. Қазіргі заманғы оқыту қасиеттерін жан-жақты зерттеу үшін әртүрлі қырлардан қарастырыңыз.



Сурет 19 – Ой картасын жасауға арналған платформа «Mind Map»

**Тапсырма 7.** «Қалай аудармашы болуға болады» тақырыбына арналған бейнежазбаны қараңыз. Тыңдау кезінде оның мазмұнын басыңызға суретті «салу» арқылы ойша ұсынуға тырысыңыз. Тыңдағаннан кейін өзіңіз ұсынған суреттерді сипаттаңыз. Бейнематериалды көргеннен кейін тыңдаушылар материалдың мәнін қазақ тілінде қысқаша баяндауы керек. Жаттығудың негізгі мақсаты – материалды дұрыс және қисынды түрде жеткізу қабілетін дамыту.



Сурет 20 – Негізгі-көрнекі мәтінмен жұмыс

Болашақ аудармашылардың ақпаратты тиімді іздеп табу және оны дұрыс пайдалану қабілеттерін дамытуға арналған арнайы жаттығулар кешені. Бұл жүйе аудармашылардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі болып табылады және ақпаратты іздеу, сұрыптау, талдау, сондай-ақ оны аударма үдерісінде дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталады. Аудармашылар әртүрлі ақпарат

көздерін (электрондық базалар, терминологиялық сөздіктер, арнайы веб-сайттар) пайдаланып, қажетті мәліметтерді жылдам табуға үйренеді. Іздеп табылған ақпараттың шынайылығын, оның қажеттілігін және аудармада қолданылу мүмкіндігін талдайды. Бірнеше тілде ақпарат іздеу және тілдік әртүрлілік жағдайында қажетті мәліметтерді алу алады, терминология және кәсіби ақпаратты іздестіреді. Жаттығулар жүйесі ақпаратты-іздеу субкомпетенциясын дамытуға көмектесетін тапсырмалардан тұрады. Ақпараттық дереккөздерді салыстыру және ең қолайлысын таңдау. Онлайн ресурстардан қажетті ақпаратты табу және оны аудармада дұрыс пайдалану. Мәтіндік және мультимедиялық дереккөздерден алынған ақпаратты өңдеу.

**Тапсырма 8.** Студенттерге «Машиналық аударма» тақырыбы беріледі. Осы тақырып бойынша ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды (онлайн-кітапханалар, мәліметтер базалары, ғылыми журналдар, мамандандырылған сайттар) пайдаланып, сәйкес материалдарды табу қажет. Студенттер келесі ресурстарды қолдана алады:

- Онлайн-кітапханалар (Google Scholar, ScienceDirect);
- Ғылыми мақалалар мәліметтер базасы (Scopus, JSTOR);
- Арнайы аудармаға арналған сайттар (Proz.com, Linguee).

Жиналған материалдарды пайдаланып, студенттер машиналық аударманың негізгі принциптері мен мәселелерін талдауы керек.

**Тапсырма 9.** Интернет-ресурстарды бағалау. Студенттерге аударма саласына қатысты әртүрлі интернет-ресурстардың тізімі беріледі (мысалы, блогтар, академиялық мақалалар, форумдардағы жазбалар). Олар әрбір интернет-ресурсты сенімділігі, өзектілігі және кәсіби аудармаға пайдалы болуы тұрғысынан бағалауы тиіс. Берілген ресурстарды талдау: блог жазбасы; ғылыми мақала; форумдағы пікір. Әрбір ресурсты келесі критерийлер бойынша бағалау: сенімділік (автордың беделі, жарияланған дереккөзі); өзектілік (ақпараттың жаңалығы мен нақты уақыттағы қолданылымы); пайдалылығы (кәсіби аудармаға қалай әсер етеді, ұсынылатын кеңестердің практикалық маңызы бар ма).

**Тапсырма 10.** GLOSBE көмегімен мәтінді қазақ тілінен ағылшын тіліне аударыңыз. Қателерді анықтаңыз және түзеңіз. Машиналық аудармадағы осындай қателіктердің себебін түсіндіріңіз.

**Тапсырма 11.** Мәтінді ағылшын тіліне аударыңыз. Мәтінде кездесетін ұлттық немесе мәдени ерекшеліктерді түсіндіріңіз және олардың аудармадағы мәнін талқылаңыз. Мәдени ерекшеліктерді көрсетіп, оларды аудармада қалай жеткізгеніңізді түсіндіріңіз. Ұлттық мерекелерді аударудағы қиындықтар мен шешімдерді талқылаңыз (Наурыз мейрамы – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық мерекесі).

**Тапсырма 12** Қазақ тіліндегі жаңалықтар сайты (мысалы, Tengrinews, Informburo) ашып, мақаланы ағылшын тіліне аударыңыз. Аударма барысында жаңалық стилін сақтап, сенімді ақпарат көздерін пайдаланыңыз. Интернеттен алынған ақпараттың сенімділігін қалай тексергеніңізді түсіндіріңіз.

Осылайша, ақпараттық-іздестіру жаттығулары белгілі бір ережелер мен критерийлерге негізделі отырып, ақпарат көздерімен өз бетінше жұмыс істеу

дағдыларын қалыптастырады (түсініктеме беру, талдау, синтез, дәлелдеу және пікірталас әдістері). Бұл жаттығулар болашақ аудармашыларға ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды (АҚР) тиімді пайдалану арқылы аударма тәжірибесін жетілдіруге және заманауи құралдармен жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Операциялық-инструменталды субкомпетенцияға бағытталған жаттығулар. Операциялық-инструменталды субкомпетенцияны дамытуға арналған жаттығулар студенттерді аударма құралдарын, технологияларын және процестерін тиімді пайдалануға үйретуге бағытталған. Бұл жаттығулар аудармашының практикалық дағдыларын жетілдіру және заманауи құралдармен жұмыс істеу қабілетін дамыту үшін маңызды.

САТ-құралдармен жұмыс жасау

**Тапсырма 13.** «Терминологиялық база құру»

SDL Trados немесе MemoQ сияқты САТ құралдарын пайдалана отырып, берілген мәтін бойынша терминологиялық база жасаңыз.

Мәтіндегі негізгі терминдерді анықтаңыз және оларды аударып, терминологиялық базаға енгізіңіз.

**Тапсырма 14.** Файлдарды түрлендіру және аудару"

PDF, Word, және Excel файлдарының аудармасын жасаңыз.

САТ құралдары арқылы мәтінді шығарып, форматты сақтай отырып, қайта аударыңыз.

Студенттерді әртүрлі файл форматтарымен жұмыс істеуге үйрету.

**Тапсырма 15.** "Терминологиялық глоссарий құру". Белгілі бір тақырыпқа арналған терминологиялық глоссарий жасаңыз. Терминдерді ағылшын, қазақ, және орыс тілдерінде беріңіз.

Кесте 15 – Мысал кесте

Термин (EN)	Қазақша	Орысша
Artificial Intelligence	Жасанды интеллект	Искусственный интеллект
Cloud computing	Бұлттық есептеулер	Облачные вычисления

Осылайша, аудармашылардың кәсіби-коммуникативтік, алдын ала аудармалық, аударма және рефлексивті-түзету жаттығулары аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілігін қалыптастыру деңгейлеріне сәйкес келеді. Бұл аударма қызметін оқыту барысында ауызша аудармашының базалық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында құрылған білім беру ортасының негізін қалаған жаттығу жүйесінің қысқаша шолуы болып табылады.

Аударма дағдыларын (түпнұсқа мәтіннің мазмұнын жеткізудің негізгі әдістерін меңгеру, соның ішінде қою, мазмұнды қайта бөлу, баламасыз лексиканы аудару, әртүрлі мазмұн түрлерін жеткізу) қалыптастыруға бағытталған жаттығулар болашақ аудармашылардың операциялық-инструменталды құзыреттілігін дамытуға ықпал етеді.

Мәтіндерден аударма үшін ақпаратты алу және аударма мәтінін әртүрлі форматтарда сақтау бойынша тапсырмалар; аударма бағдарламаларын қолдануды меңгеру жаттығулары (бағдарламаны таңдау, қолдану, аударманы тексеру және мәтінді одан әрі өңдеу) аударма қызметінің әртүрлі түрлері мен тиісті техникалық құралдарды пайдалану саласында дағдыларды қалыптастыруға арналған.

### **Екінші тарау бойынша қорытынды**

Бұл тарауда ақпараттық коммуникациялық ресурстарды (АҚР) пайдалану арқылы болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің негізгі аспектілері қарастырылды. АҚР негізінде аудармашылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-функционалды моделі, лингводидактикалық кәсіби концепті және жаттығулар жүйесі жан-жақты талданды.

Құрылымдық-функционалды модель АҚР-ды қолдана отырып, аударма ісіндегі кәсіби негізделген құзыреттілікті дамытудың әдістемелік негізін қалыптастырады. Модель компоненттері болашақ аудармашылардың кәсіби дайындықтарын кешенді дамытуға бағытталған және олардың ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалану қабілетін арттырады.

Аудармашының интегративті тезаурыстық кәсіби концептісінде аудармашыларға ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдану арқылы тілдік және мәдени білімдерді меңгерту жолдары көрсетілді. Бұл кәсіби концепт АҚР негізінде кәсіби құзыреттілікке жету үшін қажетті лингвистикалық, мәдени және техникалық дағдыларды жүйелі түрде қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Соңғы бөлімде аудармашының кәсіби құзыреттілігін АҚР арқылы қалыптастыруға бағытталған жаттығулардың типологиясы мен жүйесі талқыланды.

АҚР арқылы жаттығулар жүйесі болашақ аудармашылардың тек тілдік және кәсіби қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған. АҚР арқылы аудармашылардың кәсіби негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді әдістемесі болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, еңбек нарығында сұранысқа ие болуына жағдай жасайды.

### **3 АК РЕСУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ АУДАРМАШЫНЫҢ КНҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ӘЗІРЛЕНГЕН МОДЕЛІ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК – ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ**

#### **3.1 Ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін қалыптасу деңгейлерін диагностикалық бағалау**

Кәсіби-негізделген құзыреттілікті қалыптастыру деңгейінің диагностикасы – біз ұсынып отырған модельдің тиімділігі – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде тәжірибелік-эксперименттік оқыту барысында сыналған, болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Аудармашыларда КНҚ қалыптастыруға арналған әзірленген құрылымдық-функционалды модельдің тиімділігі 2019 жылғы қазаннан 2020 жылғы қыркүйекке дейінгі аралықта аударма факультеті базасында тексерілді.«Аударма ісі» білім беру бағдарламасының бакалавриат 2 курс деңгейіндегі студенттері кездейсоқ таңдау әдісі арқылы тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа іріктелді.

Кездейсоқ іріктелген студенттері топтар бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Эксперименттің әдіснамасына сәйкес, зерттеушілер тәжірибенің сенімділігін қамтамасыз ету үшін әдістемелік өзара әрекеттестікті мұқият бақылап, нәтижелердің біркелкілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз ететін жағдайларда аз көлемді іріктемелерде дәлелдеуге болады деп санайды [151]. Осы негізде оқу процесіне қатысушылар саны 2-курс студенттерінің 4 тобымен шектелді: эксперименттік топтар 202, 203 және бақылаушы топтар 204, 205, жалпы студенттер саны 60. Мұндай ұйымдастыру оқу үдерісін, әр студенттің оқу әрекетін мұқият бақылауға және оның нәтижелерін дәл бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 16 – Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуге қатысушылар

Оқу топтары	Топтардың бөлінуі	Студенттер саны
202	Эксперименттік	15
203	Бақылау	15

Эксперименттік-тәжірибелік оқытудың мақсаты – әзірленген болашақ аудармашыларда КНҚ қалыптастыру моделінің орындылығын дәлелдеу болды. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды:

Аудармашылардың кәсіби қызметі туралы студенттердің көзқарастарын анықтауға арналған диагностикалық құралдарды әзірлеу;

Студенттердің аудармашы ретіндегі кәсіби-негізделген құзыреттілігінің бастапқы деңгейін және студенттердің күрделі когнитивтік қызметке дайындығын анықтау;

Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік алгоритмі мен АҚ ресурстар арқылы жаттығулар жүйесін қолдана отырып, қалыптастыру процесін іске асыру;

Студенттердің кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы он/теріс динамиканы өнімдерді талдау, тестілеу және педагогикалық бақылау арқылы дәлелдеу;

Тәжірибелік-эксперименталды оқыту барысында алынған бастапқы және соңғы нәтижелерді өңдеу және талдау жүргізу;

Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігін анықтау.

Тәжірибелік-эксперименттік оқыту анықтау, қалыптастыру және қорытынды кезеңдерден тұрды. Эксперимент шарттары өзгеріссіз және өзгертілген болып бөлінді. Өзгеріссіз эксперимент шарттарында сағат саны, оқу бағдарламасы, бақылау формасы және екі топ үшін де эксперименттің ұзақтығы бірдей болды. Өзгертілген шарттарға модель, жаңа әдістер және технологияларды қолдану енгізілді. Бақылау тобы интерактивті және ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолданусыз оқытылды.

**Анықтаушы эксперименттік кезеңі (2019-2020 жыл)** «Аударма және аударматану» дайындау бағыттары бойынша МЖМБС-ты, жұмыс бағдарламаларын, оқу жоспарлары мен аудармашыларды кәсіптік даярлау бойынша оқу материалдарын зерделеуді және талдауды көздеді.

Анықтау кезеңі барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезінде факторлар, критерийлер мен көрсеткіштер, сондай-ақ авторлық әдістемелер мен диагностикалық құралдардың көмегімен болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейі айқындалды. Анықтау кезеңінің негізгі мақсаты — екінші курс аудармашы студенттерінің кәсіби қызметі, оның маңызды кәсіби қасиеттері мен қызметін ұйымдастыруға қатысты түсініктерін анықтауға арналған диагностикалық құралдарды таңдау. Диагностикалық зерттеу үшін келесі әдістер қолданылды: аудармашының кәсіби қызметінің ақпараттық-ұйымдастырушылық құрамдас бөлігіне қатысты түсініктерін анықтау мақсатында сауалнама (қосымша А) жүргізілді.

Эксперименттік әсердің нәтижелерін түсіндірудің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін интеллектуалды-танымдық, ақпараттық-іздістіру, коммуникативтік, аналитикалық және кәсіби-негізделген қабілеттерді анықтайтын диагностикалық тестілер жүргізілді, өйткені КНҚ көрсеткіштерін қалыптастырудың тиімділігі негізінен бастапқы білімге, дағдыларға және біліктілікке тәуелді болады. Сауалнама Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӨТУ-дің аударма факультетінің екінші курс студенттері арасында, шамамен 110 адамға жүргізілді. Сауалнама ашық түрдегі сұрақтардан тұрды, яғни қатысушылар өз жауаптарын еркін түрде берді.


Сонымен қатар, респонденттермен сұхбат жүргізілді, оған бірнеше тақырыптық сұрақтар тобы енгізілді: 1) аудармашы мамандығындағы шетел тілі, 2) аудармашының мансабында АҚР рөлі. Бірінші топтағы сұрақтарға жауап беру

барысында болашақ аудармашылар өз жұмысында шетел тілін қандай жағдайда және қаншалықты жиі қолданатынын талдады. Төмендегі сұрақтар ұсынылды: 1) Шетел тілі сіздің болашақ мансабыңызға қалай әсер етеді? 2) Болашақ кәсіби қызметіңізде шетел тілінің маңыздылығын 0-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша бағалап, таңдауыңызды түсіндіріңіз.

Келесі сұрақтар аудармашыға қажетті кәсіби қасиеттер туралы пікірлерді анықтауға бағытталды. Респонденттердің басым бөлігі тілдік құзыреттілікке қойылатын талаптарды атады: «шетел тілін білу» – 56%, немесе «шетел тілін және ана тілін білу» – 44%. Аударма тіліне қойылатын нақты талаптар арасында сауатты сөйлеу, тілдік нормаларға сәйкестік, фразеология мен клишелерді білу және жақсы дикция атап өтілді. Сонымен қатар, қатысушылардың жеткілікті үлкен бөлігі білім (87%), кең ой-өріс (30%) және аудармашыға қажетті эрудицияның маңызын атап көрсетті.

Респонденттерге шағын сауалнама ұсынылды, онда келесі сұрақтар қойылды: «Шетел тілін үйрену тәжірибеңізді шетел тілін оқытуға арналған ақпараттық-коммуникациялық ресурстардың қамтамасыз етілуін бағалау арқылы сипаттаңыз», «Сіз электрондық білім беру ресурстарын қолдандыңыз ба, егер иә, онда қайсысын қолдандыңыз?», «Аудармашының КНҚ қалыптастыруда пайдаланылған АҚР тиімділігі мен әлеуетін қалай бағалайсыз?». Сонымен қатар, сұрақтар АҚР қолдану жиілігін және ең жиі қолданылатын ресурстарды анықтауға бағытталды.

АҚР мен аудармашының құралдарына қатысты талдау нәтижесінде екінші курс студенттерінің аударма қызметіне қажетті нақты құралдар туралы түсінігі болмағаны анықталды (мысалы, нақты сөздіктер мен интернет ақпарат көздері көрсетілмеді). Ең жиі аталған жауаптар: сөздік (70%), компьютер (95%), интернет (100%), студенттердің көпшілігі (89,3%) екі тілді онлайн-сөздіктерді қолданған, олардың арасында ең танымалдары Google және Yandex болды.



Олараудармашы ретінде кәсіби құзыреттілігін арттыратынын атап өтті. Алынған деректерді талдау сауалнамаға қатысқан барлық студенттердің ақпаратпен жұмысістеу, жоспарлау және уақытты тиімді бөлу дағдыларының маңыздылығын түсінгенін көрсетті. Ең жиі аталғандағдылар: ақпаратты «сүзгіден өткізу», қажетті ақпаратты таңдау, оны табу, сенімді дерек көздерді

анықтау, ақпаратты өңдеу және құрылымдау, тапсырмаларды орындау ретін жоспарлау, жоспар құру және уақытты дұрыс ұйымдастыру сияқты дағдылар болды. Аудармашының психологиялық қасиеттеріне қатысты студенттер маңызды деп санайтын келесі қасиеттерді атап өтті: стресске төзімділік, жақсыестесіңақтауқабілеті, қарым-қатынас дағдылары, өзіне деген сенімділік, жылдам реакция, өзін-өзібақылау, ауысу және шоғырлану қабілеті. Жауаптардың пайыздық көрсеткіштері 12-кестеде берілген.

Нәтижелерді талдау көрсеткендей, 2019/2020 оқу жылында сауалнамаға қатысқан 110 респонденттің 65,2%-ы хабардарлық деңгейінің орташа екенін көрсетті, 25,8%-ында төмен деңгейі, ал 9%-ында жоғары деңгейі байқалды. Бұл аудармашы мамандығының ерекшеліктеріне қатысты білім деңгейінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Аудармашының кәсіби болашағы, жұмыс шарттары мен міндеттері туралы түсініктер тек студенттердің 46%-на бар. Осылайша, студенттер үшін аудармашы мамандығы туралы толық ақпараттың маңыздылығы анықталды.

Сауалнама барысында ғылыми-зерттеу жұмысында белгіленген болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген субкомпетенцияларын дәлелдеу және олардың мазмұнын нақтылау мүмкіндігі туындады. Сонымен қатар, табысты дайындықты қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарға қатысты ұсыныстар мен ұсынылған көзқарастар нақтыланды.

Анықтау кезеңі барысында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасын әзірлеу кезінде, факторлар, критерийлер мен көрсеткіштер, сонымен қатар құрастырылған авторлық әдістер мен диагностикалардың көмегімен болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейі анықталды. Анықтау кезеңінің негізгі мақсаты — екінші курс аудармашы студенттерінің кәсіби қызметі, оның маңызды кәсіби қасиеттері және қызметін ұйымдастыру туралы түсініктерін анықтауға арналған диагностикалық құралдарды таңдау. Диагностика үшін келесі әдістер қолданылды: аудармашының кәсіби қызметінің ақпараттық-ұйымдастырушылық құрамдас бөлігіне деген түсініктерін анықтау мақсатында сауалнама, тест, және аударма тапсырмалары жүргізілді.

Бірінші кезеңде «анықтау бақылауы» жүргізілді. Анықтау экспериментінің мақсаты – болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін құрайтын субкомпетенциялардың қалыптасуын бағалау болды (кесте 17). Осы төрт субкомпетенция әртүрлі критерийлер (мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік және рефлексивтік) бойынша бағаланды. Аудармашының кәсіби қызметті жүзеге асыруға бағытталған кәсіби-негізделген құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін критерийлік-бағалау аппараты жасалды. Біз когнитивті-ұғымдық, шетел тілінде кәсіби қарым-қатынас жасау, ақпараттық-іздеу және операциялық-инструменталды құрамдастарға қатысты келесі критерийлер мен көрсеткіштерді бөлдік.

***1 Тезаурусты-білім критеріі когнитивті-ұғымдық субкомпетенцияға қатысты,*** бұл аудармашы қызметінің теориялық-интегративтік білімдері мен когнитивті механизмдерді аударма үдерісінде қолдану дағдыларын қамтиды:



мамандық туралы хабардар болу, аудармашының рөлін түсіну; лингвистикалық және экстралингвистикалық білімдер жүйесі; аударма тарихының негізгі кезеңдерін, қазіргі әлемдегі аудармашылық қызметтің ерекшеліктерін білу, кездесетін шетел тіліндегі құрылымдар мен терминологиялық лексиканы меңгеру; кәсіби қызметке қызығушылық; кәсібилікке құндылықтық қатынас.

**2 Прагма-коммуникативті критерий шеттілдік кәсіби-коммуникативтік** субкомпетенцияға қатысты және шет тілдерін және мәдениеттерді меңгерумен байланысты: тілдік құралдарды рецептивті және өнімді аспектілерде пайдалану нормаларын меңгеру; лингвистикалық білімдер жүйесін игеру; мәдениетаралық коммуникацияны жүзеге асыру қабілеті; мәтіндерді стилистикалық және функционалдық ерекшеліктерін ескере отырып құрастыру қабілеті; тыңдау арқылы түпнұсқалық сөйлеуді қабылдау және оны аудару кезінде тілдік норма мен стильді сақтау қабілеті және т.б.

**3 Ұымдастырушылық-іс-әрекеттік критерий ақпараттық-іздеу** субкомпетенциясымен байланысты, бұл әртүрлі ақпараттық тасымалдаушылармен, мәліметтер базасымен және біліммен, ғаламдық компьютерлік желілермен жұмыс істей білу; лингвистикалық мәселелерді шешу үшін электронды сөздіктермен және басқа электрондық ресурстармен жұмыс істей білу; материалын іздеу, талдау және өңдеудің стандартты әдістерін білу; аудармаға дайындық әдістерін меңгеру, оның ішінде анықтамалықтардан, арнайы әдебиеттерден және компьютерлік желілерден ақпаратты іздеу.

**4 Кәсіби-аудармашылық критерий операциялық-инструменталды** субкомпетенцияға қатысты, бұл әртүрлі аударма дағдыларын меңгеруге, аударма үдерісінде стратегиялар мен әдістерді қолдану қабілетіне жауап береді: аударманың әртүрлі түрлерін жүзеге асыруға дайындық пен қабілет; аудармашылық қызметті оңтайландыру үшін ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды пайдалану қабілеті және т.б.

Диагностика әдістері, оның ішінде авторлық әзірлемелер мен стандартталған әдістердің модификацияланған нұсқалары анықталды, сондай-ақ кәсіби-негізделген құзыреттіліктің қалыптасу деңгейлері (жоғары, орта, төмен) және олардың сипаттамасы ұсынылды. Аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілігі мен оның субкомпетенцияларының қалыптасу критерийлері дескрипторлары диссертацияның 2.1-бөлімінде егжей-тегжейлі көрсетілген.

Кесте 17 – Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігі субкомпетенцияларының қалыптасу деңгейін бағалау критерийлері мен диагностикалық әдістері

КНҚ субкомпетенциялары	Бағалау критерийлері	Бағалау әдісі	Бағалау балл
1	2	3	4
Когнитивті-ұғымдық	Тезаурусты білімділік	Тест тапсырмалары Аудармада қолданылатын терминдерге байланысты тест сұрақтар Студенттердің тезаурустық білімдерін, яғни терминологияны білу деңгейін тексеру (Қосымша Ә)	бағалау (0-100 балл)
Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік	Прагма-коммуникативтік	Студенттердің шетел тілінде кәсіби және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын кешенді бағалау. Тест тапсырмалары (қосымша Б)	жауаптардың пайызы (0-100 балл), бағалау (0-100 балл)
Ақпараттық-іздеу	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	"Ақпараттық-іздеу және ресурстарды басқару дағдыларын бағалау тесті" (Ресурстарды пайдалану және ақпаратты құрылымдау элементтері бар тапсырмалар үшін.)	жауаптардың пайызы (0-100 балл), бағалау (0-100 балл)
Операциялық-инструменталды	Орындаушылық-кәсіби критерий	Кәсіби-бағдарланған (салалық) мәтінді жазбаша аудару (Қосымша В) Мәтінді қазақ тіліне жазбаша түрде аударыңыз. Терминдерді және стильді мәтіннің мақсатына сәйкес сақтаңыз.	жауаптардың пайызы (0-100 балл), бағалау (0-100 балл)

*Тезаурусты-білімділік критерийі* аудармашылық қызметті жүзеге асыру үшін қалыптасқан білім жүйесі мен ұғымдарды қолдану қабілетін, сондай-ақ аудармашы мамандығының маңызын түсінуді және оның рөлін тануды айқындайды.

*Прагма-коммуникативтік критерий* кәсіби тілдік-коммуникативтік мінез-құлықтың түрлі коммуникативтік жағдайлар мен дискурстық оқиғаларға сәйкестік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Диагностика құралы ретінде студенттерге шетел тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін типтік тест ұсынылды. Тест нәтижелерінің талдауы студенттердің ағылшын тілін меңгеру деңгейінің шамамен бірдей екенін көрсетті, көпшілігінде B2 (Орташа) және B2+ (Орташа-жоғары) деңгейлері бар, бұл Еуропалық деңгей жүйесіне сәйкес келеді. Мұндай шет тілі деңгейлері болашақ аудармашылардың кәсіби негізделген құзыреттіліктерін мақсатты түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік критерий* студенттердің болашақ аудармашылардың ақпараттық-іздігі қызметін тиімді жүзеге асыру үшін қажетті дағдылар мен шеберліктерді меңгеру дәрежесін сипаттайды.

*Кәсіби-аудармашылық критерий* аудармашылық қызметтегі кәсіби міндеттерді шешу үшін қажетті іс-әрекеттер, дағдылар мен шеберліктерді меңгеру дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Операциялық-инструменталды

субкомпетенцияның қалыптасу деңгейін бағалау үшін жазбаша мәтінді аударудың сапасы, бастапқы хабарламаны түсіну сапасы және аударма тілінде білдіру сапасы бағаланды. Білдіру сапасы аударманың түпнұсқамен функционалды-стильдік сәйкестігі арқылы бағаланды. Сонымен қатар, студенттерге қолданылған аудармалық тәсілді аударып, түсіндіру тапсырмасы берілді. Айта кету керек, студенттер үшін аударманың практикалық курсы енді ғана басталды, сондықтан аударма тәсілдерінің теориялық білімдеріне қарамастан, студенттер сәйкестіктерді таңдауда қиындықтар мен күмәндерге тап болды.

Зерттеу әдіснамасында қолжетімді әдістердің бірі ретінде орташа арифметикалық формуланы қолдану ұсынылады, мысалы, А.В. Усов формуласы. Аудармашының КНҚ мен оның субкомпетенцияларының даму деңгейін анықтау үшін келесі пропорция пайдаланылды:

$$K_y = \sum \frac{n_1}{N};$$

мұндағы:

$K_y$  – құзыреттіліктің қалыптасу коэффициенті,

$\sum n_1$  – жиналған баллдардың қосындысы (100 балдық бағалау шкаласында),

$N$  – студенттердің саны.

Диагностикалық іс-шараларды (ҚБК даму деңгейінің бастапқы, қорытынды диагностикасы) жүргізу кезінде құзыреттілік құрылымындағы субкомпетенциялардың қалыптасуының жоғарыда аталған көрсеткіштері әрқайсысы 0-ден 100балға дейінгі шкала бойынша бағаланды.

Кесте 18 – Анықталған субкомпетенциялар контекстінде студенттердің КНҚ даму деңгейлер

Деңгей	Сапалы көрсеткіші	Балл
1	2	3
Төмен	аударманы сипаттайтын негізгі ұғымдарды түсінуде қиындықтар кездесуі немесе шектеулі түсінігінің болуы; аударманы сипаттау үшін қолданылатын негізгі ұғымдарды фрагменттік түрде немесе өте шектеулі түсінуі, негізгі терминдерді дұрыс қолдануда қателіктер жіберуі; жанрлық-стилистикалық нормаларды елемеу немесе дұрыс түсінбеу; мәтінді аудару барысында кәсіби талаптарды сақтай алмау.	0-49
Орташа	негізгі ұғымдарды түсініп, оларды қолдануда кейбір дәлсіздіктер болуы мүмкін, бірақ жалпы аудармаға қатысты мағынаны жеткізе алуы; технологиялар мен әдістерді қолдану қабілеті бар, бірақ кейбір заманауи құралдарды пайдалануда қиындықтар болуы мүмкін; аударма процесін жеңілдету үшін технологияларды жартылай тиімді қолданады.	50-79

Кесте 18 жалғасы

1	2	3
Жоғары	жаңа технологиялар, ресурстар мен әдістерді еркін меңгеру, оларды	80-

аударма процесінде тиімді пайдалана алады және заманауи талаптарға сай жасайды; жанрлық-стистикалық нормаларды толық меңгеруі және оларды аудармада мінсіз қолдануы; аударманы сипаттайтын негізгі ұғымдарды жүйелі және жан-жақты түсінуі, оларды әртүрлі жағдайларда еркін қолдану және талдау қабілеті жоғары.	100
---	-----

Осы зерттеу аудармашының КНҚ қалыптастыру әдістемесін және оның субкомпетенцияларын әзірлеуге бағытталғандығына байланысты: когнитивті ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-ізвестіру және операциялық-инструменталдық субкомпетенциялар. Аталған субкомпетенциялардың әрқайсысы қол жеткізілген нәтижелерді деңгейлер бойынша саралай отырып, тиісті бағалау критерийі ретінде қарастырылады және ішкі деңгейлерде (жоғары, орташа және төмен). Аудармашының КНҚ қалыптасу деңгейін қалыптастыруға және талдауға мүмкіндік беретіні 19-20 кестелерде берілген.

Кесте 19 – Тәжірибенің анықтау кезеңінің нәтижелері (ЭТ)

КНҚ субкомпетенциялары	Критерийлері	Қалыптасу деңгейлері		
		Төмен деңгей (0-49 балл)	Орташа деңгей (50-79балл)	Жоғары деңгей (80-100балл)
Когнитивті-ұғымдық	Тезаурусты-білімділік	40%	50%	10%
Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік	Прагма-коммуникативтік	35%	50%	15%
Ақпараттық-іздеу	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	50%	40%	10%
Операциялық-инструменталды	Кәсіби-аудармашылық	40%	52%	8%

Кесте 20 – Тәжірибенің анықтау кезеңінің нәтижелері (БТ)

КНҚ субкомпетенциялары	Критерийлері	Қалыптасу деңгейлері		
		Төмен деңгей (0-49 балл)	Орташа деңгей (50-79 балл)	Жоғары деңгей (80-100 балл)
Когнитивті-ұғымдық	Тезаурусты-білімділік	43%	50%	7%
Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік	Прагма-коммуникативтік	45%	45%	10%
Ақпараттық-іздеу	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	50%	45%	5%
Операциялық-инструменталды	Кәсіби-аудармашылық	43%	52%	5%

Кестеден көрініп тұрғандай, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында аудармашының КНҚ субкомпетенцияларының қалыптасу деңгейі

көрсеткішке байланысты төмен немесе орташа деңгейде орналасқан. Белгіленген көрсеткіштер бойынша студенттер арасында жоғары деңгейдегі КНҚ қалыптасуы жеткіліксіз болып табылады. Екі топта да осы кезеңде операциялық-инструменталдық субкомпетенцияның қалыптасу деңгейі орындаушылық-кәсіби критерийі бойынша айтарлықтай төмен екендігі байқалады: студенттер әлі күнге дейін маңызды ақпаратты жедел түрде бөлу және оны аударма тілінде логикалық-мағыналық жоғалтуларсыз жеткізуге қабілетті емес; олар жазбаша аудармадағы негізгі стратегиялар мен әдістермен тәжірибеде таныс емес. Заманауи студенттер машиналық аударма технологияларын меңгергенімен, оларды тиімді пайдалануға қажетті дағдыларға ие емес. Біз бұл жағдайды студенттердің екінші курсқа дейін аударма практикасы саласында жеткілікті практикалық біліктілік пен дағдылардың болмауымен байланыстырамыз, себебі басты назар шетел тіліндегі даярлыққа аударылады.

Жоғарыда аталған барлық фактілерді ескере отырып, диагностикалық айқындаушы эксперименттің қорытындылары бойынша келесі қорытындылар жасауға болады:


Аудармашы-болашақ студенттер арасында кәсіби негізделген құзыреттіліктің қалыптасу деңгейі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басталу кезінде төмен/орташа деп бағаланды. Сәтті кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін мұндай деңгей жеткілікті емес.

Студенттер диагностикалық тестілер мен тапсырмаларды орындау кезінде кездескен негізгі қиындықтар анықталды. Олардың арасында: аударма теориясындағы негізгі ұғымдарға қатысты жеткілікті фондық білімнің болмауы; ақпаратты іздеу дағдылары мен аударма дағдыларының жеткіліксіз қалыптасуы; мәдениетаралық-коммуникативтік және кәсіби байланыс орнату қабілетінің жетіспеушілігі; аударма әдістері, құралдары мен тәсілдерінің толық арсеналын меңгеру деңгейінің төмендігі және т.б.

Сондықтан, жоғарыда айтылғандардың барлығы аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілікті қалыптастыру мен оның субкомпетенциялары бойынша одан әрі жұмыс жасау кезінде ерекше назар аударуды талап етеді.


Жоғарыда берілген кестеден көрініп тұрғандай, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында аудармашы КНҚ субкомпетенцияларының қалыптасуы көрсеткіштерге байланысты төмен немесе орта деңгейде екені анықталды. Студенттердің көрсетілген көрсеткіштер бойынша КНҚ жоғары деңгейде қалыптасқаны жеткіліксіз. Екі топта да осы кезеңде операциялық-инструменталдық субкомпетенцияның орындаушылық кәсіби критерийі бойынша қалыптасуы төмен деңгейде байқалады: студенттер әлі де негізгі ақпаратты тез анықтап, оны мағынасы мен логикалық байланысын жоғалтпай аударма тіліне жеткізуге қабілетті емес; олар жазбаша аудармаға қатысты негізгі стратегиялар мен тәсілдерді іс жүзінде білмейді. Қазіргі заманғы студенттер бола тұра, олар машиналық аударма технологияларын меңгергенімен, оларды тиімді пайдалану дағдылары жеткіліксіз. Бұл жағдайды біз студенттердің екінші курсқа дейін аударма тәжірибесі бойынша жеткілікті практикалық дағдылар мен шеберліктерге ие болмауымен түсіндіреміз, себебі негізгі назар студенттердің

шетел тілі дайындығына аударылады. Төменде тәжірибенің анықтау кезеңінің көрсеткіштері 21, 22 суреттерде берілген.



Сурет 21 – Тәжірибенің анықтау кезеңінің көрсеткіштері (ЭТ)

Аудармашының КНҚ қалыптасу деңгейін қалыптастыруға негізделген бақылыушы топтың анықтау кезеңінің нәтижелері келесі 22 суретте көрсетілген.



Сурет 22 – Тәжірибенің анықтау кезеңінің көрсеткіштері (ЭТ)

Анықтаушы кезеңде эксперименттің диагностика нәтижелері бойынша біз келесі қорытындыларды жасай аламыз:

1. Студенттер-аудармашылардың КН құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың басында қатысушылардың бұл құзыреттілік деңгейі төмен немесе орташа деп бағаланды. Кәсіби қызметті табысты орындау үшін бұл деңгей жеткіліксіз болып табылады.

2. Диагностикалық тесттер мен тапсырмаларды орындау барысында студенттердің негізгі қиындықтары анықталды. Олардың қатарына мыналар кіреді: аударма теориясының негізгі ұғымдарына байланысты жеткілікті фондық білімнің болмауы; ақпарат іздеу дағдылары мен аударма жасау біліктерінің

жеткіліксіз қалыптасуы; мәдениетаралық-коммуникативтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерінің толық дамымауы; аударма әдістері, құралдары және тәсілдері арсеналына жеткілікті түрде ие болмауы және т.б.

Осы айтылғандардың барлығы аудармашының КН құзыреттілігін және оның субкомпетенцияларын қалыптастыру бойынша әрі қарай жұмыс жүргізу барысында ерекше назар аударуды талап етеді.

### **3.2 Аудармашының кәсіби - негізделген құзыреттілігін ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы қалыптастырудың кезеңдік әдістемесінің алгоритмі**

Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы қалыптастыруды кезеңдерге бөлу арқылы жүзеге асыру маңызды, олардың әрқайсысы белгілі бір мақсатты бағытпен сипатталады. Интеграцияланған пәндер студенттерге топтық жұмыстарда тиімді қатысу, коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, пәнаралық интеграцияны қарастыру жоспары ретінде оқыту 21-ші кестеде пәндерінің өзара енуі мен өзара әсерін қарастырады.

Кесте 21 – КНҚ қалыптастырудың кезеңдік әдістемесінің алгоритмі

Кезеңдер	КНҚ субкомпетенции	Пән	АҚР негізделген тапсырмалар
1	2	3	4
Теориялық – фундаменталды	Когнитивті-ұғымдық	Аудармашы даярлау негіздері-аударманың теориялық негіздерін меңгеру	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтіндерді талдау қабілетін дамыту бойынша тапсырмалар (тақырыптық, лингвистикалық, грамматикалық, типологиялық ерекшеліктерін анықтау).</li> <li>2. Аударма барысында ассоциативті байланыстар жасау дағдыларын қалыптастыру.</li> <li>3. Алғашқы мәтіннен алынған немесе алдын ала талдаудан кейін алынған ақпаратты жалпылау.</li> <li>4. Терминологияны әртүрлі әдістермен және тілдер арасындағы эквиваленттерді қолдана отырып меңгеру.</li> </ol>
	Ақпаратты-іздеу		

Кесте 21 жалғасы

1	2	3	4
---	---	---	---

Лингвokәcиби-коммуникати втi	Шеттiлдiк кәcиби-коммуникативтiк	Мәдениетаралық коммуникациядағы негiзгi шетел тiлi	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәдениетаралық коммуникациядағы негiзгi шетел тiлi пәнінен алынған лексика мен реалияларды аударма стратегияларына бейiмдеу бойынша тапсырмалар.</li> <li>2. Екi тiлдiң лексикалық, грамматикалық және сөйлеу нормаларын игеру бойынша</li> <li>3. Мәтiндердегi ақпаратты талдау және синтездеу арқылы аударма стратегияларын меңгеру жаттығулар.</li> </ol>
Аналитикалық-синтездеу Кәcиби-қолданбалы	Ақпаратты-iздеу	Жазбаша аударма практикасы - теориялық бiлiмдердi аударма барысында қолдану, жазбаша аударма дағдыларын дамыту.	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тiлдiк құбылыстарды (терминдердi қоса) контексте қолдану қабiлетiн дамыту бойынша тапсырмалар.</li> <li>2. Қазақ тiлiндегi кәcиби қысқартулар мен символдарды және олардың аналогтарын меңгеру.</li> <li>3. Сөзжасам, синтаксистiк және грамматикалық конструкциялар, синонимдер, антонимдер, терминологиялық эквиваленттердi табу бойынша тапсырмалар.</li> <li>4. Жазбаша аударма дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар.</li> <li>5. Аударма мәтiнiнiң көлемiн анықтау үшiн техникалық құралдарды пайдалану және аударма мәтiнiн әртүрлi форматтарда сақтау.</li> <li>6. Автоматтандырылған аударма бағдарламаларын пайдалану дағдыларынигеру.</li> </ol>
	Операциялық-инструмент алды		

Оқыту алгоритмі – оқу процесін тиімді түрде ұйымдастыруға арналған жүйелік нұсқамалар мен кезеңдер жиынтығы. Бұл алгоритм оқу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін тапсырмалар мен жаттығуларды орындауды қамтиды. КНҚ (компетенциялар мен нақты дағдылар) қалыптастыру алгоритмі оқу процесін кезең-кезеңімен ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы алгоритмнің негізгі кезеңдерін және олардың мазмұнын толығырақ қарастырайық:

КНҚ қалыптастыру әдістемесінің әзірленген алгоритмінің **бірінші кезеңі** аудармашының КНҚ қалыптасуының теориялық-фундаменталды кезеңі болып табылады. Интеграцияланған лингводидактикалық аудармашылық субкомпетенцияларына сәйкес құрастырдык. Бірінші когнитивті ұғымдық субкомпетенция кәсіби негізделген аударма алды кезеңмен байланысты. Екінші курста студенттер «Аудармашыны даярлаудың негіздері» пәні аясында болашақ мамандықтың ерекшеліктерімен танысып, аударма негіздерін зерттейді. Бұл пәнде когнитивті-ұғымдық бiлiмдер мен қабiлеттер арнайы жаттығулар мен тапсырмалар арқылы қалыптасып, жетiлдiрiледi. Осы оқу кезеңінде студенттер кәсіби қызметтің ерекшеліктері, аудармашының жұмыс істеуінің негізгі қағидаттары туралы жалпы түсінік қалыптастырады, негізгі ұғымдар жүйесін



меңгерді. Деректер көрсеткендей, теориялық (ғылыми) пәндерді оқу барысында ұғымдарды игеруге шектеулі уақыт бөлінеді, нәтижесінде студенттер жиі білім жүйесін құрайтын ұғымдар туралы жеткілікті білімге ие болмай жатады. Семинарлық және практикалық сабақтарда алдын ала аудармаға дайындық жаттығулары орындалды, олардың мақсаты аударманы орындауға дайындық деңгейін, сондай-ақ студенттердің тілдік және фонотиптік білімдерін тексеру болды. Сонымен қатар, теориялық материалды меңгеру деңгейін тексеруге арналған жаттығулар мен тапсырмалар келесі түрлерді қамтыды: рецептивті-продуктивті жаттығулар, олардың негізгі міндеті теориялық материалды қабылдау қабілетін тексеру, аудармашыны даярлаудың теориялық жағын түсінуді жақсарту, студенттердің теориялық материалды меңгеру нәтижесінде қалыптасқан дағдыларын жетілдіру, бекіту және түзету болды; репродуктивті-продуктивті жаттығулар терминологиялық бірліктердің атауларын жеткізу бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға және бекітуге бағытталды.

Әртүрлі дағдыларды біріктіру студенттердің жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін арттырады. Пәндерді интеграциялау білім беру процесінің сапасын жақсартып, студенттердің кешенді ойлау қабілеттерін дамытуға, кәсіби дағдыларды жетілдіруге және оқу мотивациясын арттыруға ықпал етеді. Интеграцияланған оқыту әдісі білім беру жүйесіне жаңа көзқарастар мен тиімді тәсілдер ұсынады.

Болашақ аудармашының лексикалық-терминологиялық базасын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатта келесі жаттығулар ұсынылады: аудармада қиындық тудыратын тілдік құбылыстарды (лексикалық, грамматикалық, фразеологиялық, стилистикалық құбылыстарды) таңдау жаттығулары. Материал жинақталған сайын назар жалпы тақырыптағы лексикалық бірліктерден лингвомәдени және кәсіби-бағдарлы құрамдас бөліктерге ауысады: фразеологиялық тіркестер, терминдер және арнайы терминология. Мұндай жаттығулар бұрын меңгерілген терминологияны есте сақтауға ықпал етеді.

Танымдық процестің осы кезеңінде оқытудың мақсаты мотивациясын құру; аудармашының кәсіби қызметінің когнитивті және психологиялық негіздерімен танысу болып табылады. Жаттығулар және мәтіндер электронды оқулығымыздан алынды.

Осы кезеңде студенттер «Аудармашыны даярлаудың негіздері» пәні аясында аударма негіздерін зерттейді, мұнда когнитивті-ұғымдық білімдер мен қабілеттер арнайы жаттығулар мен тапсырмалар арқылы қалыптасып, жетілдіріледі. Негізгі жаттығулар мен тапсырмалар келесі жоспар бойынша жүзеге асырылады:

**Тапсырма 1.** Ағылшын тіліндегі аударма ісі бойынша мәтінді абзац бойынша оқып, ондағы негізгі терминдерді белгілеңіз. Негізгі терминдермен байланысатын сөздерді анықтаңыз. Келесі схема бойынша негізгі терминдердің карталарын жасаңыз: аударматану саласы терминінің ұғымдарының бірін көрсететін мәтіннің негізгі термині;

1) бас терминнің қазақша баламасы (бар болса) немесе ағылшын

- тіліндегі терминнің аудармасы;
- 2) ағылшын тіліндегі терминнің нұсқалары;
  - 3) ағылшын терминінің синонимдері;
  - 4) ағылшын тіліндегі терминнің антонимдерін;
  - 5) титулдық терминге қатысты терминдер;
  - 6) терминдер мен олармен тіркесетін сөздер (валенттілік);
  - 7) мағынасы негізгі терминнің мағынасымен салыстырылуы тиіс терминдер.

**Тапсырма 2.** «Аудармашыларға арналған терминология». Сөйлемдерді толықтыру үшін дұрыс нұсқаны таңдаңыз. Бул тапсырма терминологияны түсіну, ұғымдық аппараттың анықтамасын ұғындыру қаблеттерын қалыптастыруға арналған жаттығу.

"Terminology for translators". Choose the correct option to complete the sentences. This task is an exercise designed to understand the definition of the terms.

Танымдық процестің осы кезеңінде оқытудың мақсаты мотивациясын құру; аудармашының кәсіби қызметінің когнитивті және психологиялық негіздерімен танысу болып табылады. Жаттығулар және мәтіндер электронды оқулығымыздан алынды.

**Тапсырма 3.** Бейнежазбаны қарап немесе конференцияның стенограммасын мұқият оқып шығыңыз, талқыланған негізгі тақырыптарды, ұсынылған негізгі дәлелдерді және қолданылған арнайы терминологияны белгілеңіз. Спикерлердің баяндамаларына, талқылауларына, сондай-ақ аудитория тарапынан қойылған сұрақтар мен пікірлерге ерекше назар аударыңыз. Конференция материалдарына негізделе отырып, негізгі ойлар мен берілген негізгі ақпараттарды қамтитын конференция қорытындыларын мақсатты тілде жазыңыз. Халықаралық ұйымдарға қатысты терминологияны, атап айтқанда, дипломатия, экономика немесе қаржы салаларында қолданылатын терминдерді көрсетіңіз. Конференция барысында қолданылған арнайы сөздік қорды анықтап, сол терминдерге анықтамалар беріңіз.

**Тапсырма 4.** Шетел мәтінінің логикалық құрылымын талдап, берілген мәтіннен негізгі ойды анықтап, логикалық байланыстарды сипаттаңыз(Сурет 23, Қосымша В)..

Considering jobs of the future, this transformation progresses with the power of digitalization and automation, which is created by the overlapping of the effects of technological developments in all areas of life, changes today's job definitions and reveals new professions of the future.

Сурет 23 – Тапсырма

**Тапсырма 5.** [www.merriam-webster.com](http://www.merriam-webster.com) сайтына кіріңіз, culture сөзін іздеу жолағына енгізіңіз. Merriam Webster сөздігінде осы сөздің сөздік енгізу аймақтарын анықтап, талдау нәтижелерін кестеде көрсетіңіз.

Сөздік енгізу аймақтары Merriam Web онлайн сөздігіндегі culture деректері.

Кесте 22 – Merriam Web онлайн сөздігінқолдану.

Сөздік енгізу аймақтары	Merriam Web онлайн сөздігіндегі culture деректері
-	-
-	-

**Тапсырма 6.** Лингвистикалық корпуста ақпаратты іздеу кезінде «кең контекст» опциясын қолдану мүмкіндігін дамытуға арналған жаттығулар. Фразеологизмдерді түсіндірмелерімен сәйкестендіріңіз. Параметрлеріңізді тексеру үшін BNC-тің «кең контекст» опциясын пайдаланыңыз.

1. a stalking horse
2. a ward heeler ...

Ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды пайдалану аударматану, лингвистикалық және болашақ аудармашының фондық білімдерін дамытудағы ең өзекті бағыттарды қамтуға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл материал когнитивті-ұғымдық субкомпетенцияны қалыптастыру үшін маңызды оқу ресурсы болып табылады. Сонымен қатар, шынайы аутентті материалдар студенттердің ынтасын арттырып, оларды аудиториялық және өзіндік жұмысқа белсенді қатысуға ынталандырады.

**Тапсырма 7.** BBC блогын немесе бейнемазмұнын таңдаңыз. Қазіргі заманғы аудармашының кәсіби қасиеттерін талқылайтын BBC-дің блог жазбасын немесе бейнемазмұнын таңдаңыз. Мазмұнның өзекті екеніне және қазіргі аудармашылардың дағдылары, атрибуттары мен міндеттері туралы түсініктер беретіндігіне көз жеткізіңіз. Аудармаға қатысты терминология мен сөз тіркестеріне назар аударыңыз.

**Тапсырма 8.** Әр мамандыққа қатысты негізгі терминдерді жазып шығыңыз (мысалы, тігінші: мата, тігін машинасы, үлгі) және оларды қазақ тіліне аударыңыз (Сурет 24, Қосымша В)..



Сурет 24 – Тапсырма

**Екінші кезең.** Лингвокәсіби-коммуникативтік шеттілдік кәсіби - коммуникативтік субкомпетенцияны қалыптастыруға бағытталды, оны жүзеге асыру негізінен мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі негізгі шетел тілі пәнінен тәжірибелік сабақтар өзіміз даярлаған электрондық оқулығымыз арқылы жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта АҚ ресурстары оқу үдерісінде таптырмас көмекші әрі студенттерді оқу қызметіне ынталандыратын құрал болып табылады. АҚТ ресурстарын енгізу аудиовизуалдық құралдармен жұмыс істеу дағдыларының дамуын, танымдық және мотивациялық белсенділікті, сондай-ақ шынайы қарым-қатынастың визуализациясын қамтамасыз етеді. Басқа халықтың тілі мен мәдениетін оқып-үйрену тілдік ортаға ену және ана тілінде сөйлейтіндермен жанды қарым-қатынассыз мүмкін емес. Ғаламтор және оның ұсынатын заманауи ақпараттық контенті мен цифрлық мүмкіндіктері өзге тілді және мәдениетаралық коммуникацияны дамыту үшін тиімді құрал ретінде қолданыла алады, бұл аудармашылардың шетел тілі бойынша кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Видео және аудио материалдарды пайдалану көптеген факторларға, соның ішінде студенттердің іс-әрекеттеріне де байланысты болады. Назарға мынаны алу керек: қолданылатын материалдардың мазмұны студенттердің жалпы және тілдік дамуының деңгейіне сай болуы тиіс; кез келген үзіндінің ұзақтығы сабақ өткізуге бөлінген уақыт мүмкіндіктерінен аспауы тиіс; үзінділердің жағдаяттық жағы шетел тілі бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға шын мәнінде қызығушылық тудырады; контекст жаңашылдығымен негізделген болуы керек. Интернет-ресурстардың ішінде YouTube видеохостингінің танымалдығы ерекше. Оның қызметінің ерекшелігі ашықтық пен қолжетімділікте; бейне материалдардың түпнұсқалық нұсқасында сақталуында; қажет болған жағдайда

субтитрлер қосу және бейнені қайта ойнату мүмкіндігінде. Мысалы, YouTube-та кеңінен танымал «TED-talks» деп аталатын материалды табуға болады. Бұл – білім беру, бизнес, ғылым, технологиялар және шығармашылық салаларындағы сарапшылардың 100-ден астам тілдегі бейнелері бар платформа. Бұл материал белгілі бір пәнді оқытуда қолданылуы мүмкін. Студенттер кәсіби қарым-қатынасқа қажетті лексиканы меңгеруді үйренеді, дүниетанымын кеңейтеді, ауызекі тілді түсіну дағдыларын дамытады, сөздік қорын арттырады және шетел тілін меңгеру деңгейін жақсартады. YouTube сервисіндегі бейне мазмұнмен жұмыс келесі ретпен жүзеге асырылды: бейнені көрсетуге дейінгі кезеңде студенттерге бейнероликтің атауы айтылып, осы тақырып бойынша сұрақ қойылады; бейнені көрсету кезеңінде студенттер бейнероликті бірінші рет қарап, тапсырмаларды орындайды; бейнені көрсету кезеңінен кейін студенттер бейнені қайта қарап, тапсырмаларды аяқтайды.

П.Ж. Балхимбекованың пікірінше, әлеуметтік медиа платформалары цифрлық дәуірде адамдардың қарым-қатынас жасау және өзін көрсету тәсілін өзгертті. Бұл платформаларда тіл өзара әрекеттесуді өзгертеді, эмоцияларды білдіреді және байланыстарды дамытады. Құрамында идиомалар, тіркестер, тұрлаулы тіркестер кіретін фразеологиялық құрылымдар тілдік қолдануды мәдени, эмоционалдық, танымдық реңктермен байытады [152].

Студенттердің шеттілдік кәсіби коммуникативтік коммуникация дағдыларын дамыту үшін түрлі интерактивті және креативті тапсырмалар ұсынуға болады.

**Тапсырма 1.** Студенттер жұп болып бөлініп, біреуі қонақ үй қызметкері, екіншісі клиенттің рөлін ойнайды. Студенттерге түрлі жағдайлар беріледі (мысалы, брондау, шағымдар, қосымша қызметтер сұрау және т.б.). Бұл сөйлеу дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

Жағдаяттық қарым-қатынасты дамыту, сөйлеу қабілетін арттыру.

2. Тұрақты сөз тіркестерін үйрену (Idioms practice)

**Тапсырма 2.** Студенттерге шетел тіліндегі тұрақты сөз тіркестері беріледі, олардың мағынасын түсіндіруі және мысалдар келтіруі керек. Мысалы: "break the ice", "hit the road", "beyond the pale", т.б.

**Мақсаты:** Лексикалық қорды байыту және шетел тіліндегі метафораларды түсіну.

**Тапсырма 3.** Болашақта танымал болатын өзіңіздің сүйікті мамандығыңыз туралы жазыңыз. Төмендегі жоспарды пайдаланыңыз (Сурет 25, Қосымша В)..

**Writing Tip**

Use capital letters

- ✓ at the beginning of a sentence
- ✓ for the personal pronoun "I"
- ✓ for Mr, Mrs, Miss, Ms
- ✓ for the days of the week, months of the year, holidays
- ✓ for the titles of books, films, songs, plays
- ✓ for towns, cities, countries, nationalities, religions, languages
- ✓ for buildings, parks, monuments, streets
- ✓ in the names, surnames and titles of people
- ✓ in abbreviations

## Сурет 25 – Тапсырма

**Мақсаты:** Жазбаша тілдік дағдыларды дамыту, ойды жүйелі түрде жеткізу қабілетін арттыру.

**Тапсырма 4.** Мәдениетаралық талдау (Cross-cultural analysis). Әртүрлі елдердегі қонақ үйде тіркелу мәдениетін зерттеп, салыстырыңыз (мысалы, АҚШ пен Жапония). Қандай мәдени ерекшеліктер байқалады?

**Мақсаты:** Мәдениетаралық түсінушілік пен аналитикалық дағдыларды дамыту.

**Тапсырма 5.** YouTube-тағы «Checking into a hotel» сияқты видеоларды қарап, студенттерге сұрақтар қойыңыз (мысалы, «Қонақ қандай қызметтерді сұрады?», «Қызметкердің жауабы қандай болды?»).

Негізгі 4К білім беру моделінің құрамдас бөліктері: коммуникация – әртүрлі ортадағы адамдармен тіл табыса білу; ынтымақтастық – басқалармен бірлесіп жұмыс істеу және жұмыс істеу қабілеті; сыни тұрғыдан ойлау – сенім артудан гөрі өз жауабын таба білу басқалардың жауаптары; креативтілік – қиялды пайдалана білу және шығармашылықпен айналысу. Бірлескен оқыту оқыту стратегиясы ретінде 4К моделін дамытудың тиімді құралы. Және жауап беру үшін 4К моделі кәсіби мансап үшін не үшін қажет деген сұраққа назар аударған жөн келесідегідей: қарым-қатынас - бұл айқын дағды, жеке тұлғаны қалыптастырудың негізгі және іскерлік қарым-қатынас; ынтымақтастық студенттердің жұмыс орнына және күнделікті өзара әрекеттесуге дайындайды, басқалармен жұмыс істеуді үйрену; шығармашылық – идеяларды жаңа тәсілдермен байланыстыру; және сыни тұрғыдан ойлау проблемаларды зерттеу және өзара әрекеттесу құралы ретінде қажет және ашық әрекеттер [153].

Жобалық тапсырмалар презентацияға дайындық бойынша барлық тапсырмаларды қамтыды, оған келесілер кірді: таңдалған тақырыпты жан-жақты зерттеу, одан кейін толық глоссарийлер құрастыру және таңдалған тақырып бойынша түпнұсқалық материалдардан деректер базасын жасау (пайдалы ақпарат көздеріне сілтемелер, екі тілдегі танымдық видео-ресурстар, белгілі бір салаға қатысты екіжақты құжаттар және т.б.); презентацияға дайындық (өнім презентациясының форматын және баяндамашының аудиториямен және

аудармашымен өзара әрекеттесу тәртібін таңдау); жобаны ұсыну және оны бағалау.

**Тапсырма 6.**Интервью құру. Сізге жақын адамнан олардың мамандықты қалай таңдағанын сұраңыз. Негізгі себептерін жазыңыз және оны шетел тіліне аударыңыз.


**Мақсаты:** Ақпарат жинау, аударма жасау және нақты мысалдар арқылы тақырыпты түсіну(Сурет 26, Қосымша В)..



Сурет 26 – Тапсырма

**Тапсырма 7.** Рольдік ойын. Топта халықаралық ұйым өкілдерінің отырысын ойнайды. Әр студент өз елінің өкілі ретінде гендерлік теңдік мәселелерін шешуге бағытталған ұсыныс жасайды.

**Мақсаты:** Келіссөздер жүргізу және нақты тақырыпқа шетел тілінде пікір білдіру дағдыларын жетілдіру(Сурет 27, Қосымша В).



Сурет 27 – Тапсырма

Негізінен жобалар питч-сессиялар түрінде ұсынылды, ол баяндамашының 5 минуттан аспайтын уақыттағы қысқа, бірақ нақты әрі сенімді сөйлеуін және одан кейін аудиториямен өзара әрекеттесуді (сұрақ-жауап, пікірлер) қамтиды. Семестр бойы әр топ кем дегенде төрт осындай жобаны дайындады, сәйкесінше, ақпарат алмасу арқылы әртүрлі салалар бойынша жеткілікті жобалық шешімдер жиналды.

«Өнімді» презентациялаудан басқа, өткен халықаралық тақырыптық форумдар мен конференцияларда спикерлердің презентацияларын зерттеу де тиімді жұмыс түрі болды. Баяндамалардағы мәтіндер студентке бір жағынан жаңа білім саласына енуге, ал екінші жағынан, зерттелетін арнайы тақырыптың шеңберін шектеуге мүмкіндік береді, бұл белгілі бір мәселелерге назар аударуға көмектеседі. Оригиналды материалдар сондай-ақ студенттерді таңдалған салаға катысты кең тараған терминологиямен және тұрақты тіркестермен таныстырады.

Сонымен қатар, презентациялар аудармашының шынайы жұмыс көлемі мен шарттары туралы нақты түсінік береді, бұл олардың жағдайды стратегиялық тұрғыдан көруіне ықпал етіп, аударманың эргономикасы мен уақытты басқару сияқты мәселелер туралы ойлануға мәжбүр етеді. Zoom Video Communications бағдарламалары аудармаға арналған оқу залдарымен және Google Meet платформалары осы жұмыстарды қолдайтын құралдар ретінде қолданылды.

**Тапсырма:** *Топтық жоба.*

Жобаның мақсаты: студенттер оқитын тілдер мен мәдениеттерге арналған салыстырмалы баяндамаларды дайындау.

*Тапсырма мазмұны:*

Топтарды бөлу: Студенттер шағын топтарға бөлінеді. Әр топ өздеріне таңдалған екі елдің (мысалы, Қазақстан мен Испанияның) тілі мен мәдениеті бойынша салыстырмалы зерттеу жүргізеді.

Зерттеу тақырыптары:

Тілдік ерекшеліктер: Әр тілдегі формальді және бейресми қарым-қатынас стилдері (ресми сөйлеу тілі, амандасу, қоштасу, этикет формалары).

Мәдени әдет-ғұрыптар: Қоғамдағы мінез-құлық ережелері, ұлттық мерекелер, дәстүрлі тағамдар.

Тілдегі сөздіктер мен терминология: Тілдердің терминологиясындағы айырмашылықтар, мәдени ерекшеліктерге байланысты пайда болған бірегей ұғымдар.

Жұмыс және білім мәдениеті: Екі елдегі жұмыс этикасы, білім беру жүйесіндегі айырмашылықтар.

Мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктері: Мәдениетаралық байланыстар кезінде жиі кездесетін қателіктер немесе түсінбеушіліктер.

Құжат дайындау: Әр топ зерттеу нәтижелерін презентация түрінде (PowerPoint, Google Slides) дайындайды, глоссарийлер құрады, мысалдарды және графиктерді қосады.

Презентация: Әр топ өз зерттеулерін сынып алдында ұсынады. Әрбір топ мүшесі өз бөлігін ағылшын немесе зерттеліп жатқан тілде таныстырады.

Сұрақ-жауап сессиясы: Презентациядан кейін әр топ аудиториядан сұрақтар қабылдайды, топ мүшелері қойылған сұрақтарға жауап беріп, пікірталас жүргізеді.

**Үшінші кезеңде** аудармашының КНҚ қалыптасуының аналитикалық-синтездеу кезеңі, ақпаратты- іздеу субкомпетенциясы қалыптасады.

**Тапсырма 1.** Кәсіби мақаланы іздеу:



Төмендегі тақырып бойынша интернеттен 1 кәсіби мақаланы табыңыз және оның атауы мен қысқаша мазмұнын жазыңыз. Мақала қайдан алынғанын көрсетіңіз. "Экономикадағы цифрлық трансформация."

- Дереккөздің сенімділігі (ресми сайт, ғылыми журнал).
- Қысқаша мазмұнның нақты жазылуы.

2 Ақпаратты салыстыру

**Тапсырма 2.** Төмендегі сұрақтарға қатысты екі түрлі дереккөзден ақпарат табыңыз және оларды салыстырыңыз.

"Машиналық аударма жүйелерінің артықшылықтары мен кемшіліктері."

- Ақпарат көздерінің сапасы мен алуан түрлілігі.
- Салыстырудың логикасы мен дәлдігі.

**Тапсырма 3.** Берілген сілтеме арқылы терминологиялық глоссарий жасаңыз. Глоссарийде ағылшын термині, қазақша аудармасы және қолдану мысалы болуы керек. Сілтеме: (нақты сілтеме көрсету немесе студенттерге өздігінен табуды ұсыну)

- Терминдерді дұрыс табу.
- Глоссарийдің құрылымы мен толықтығы.

**Тапсырма 4.** Сізге берілген жағдайды шешу үшін қандай ақпарат қажет екенін анықтаңыз және оны қайдан іздейтініңізді жазыңыз.

Сізге халықаралық конференцияда "Көптілді білім берудің болашағы" тақырыбында баяндама жасау керек.

- Ақпарат қажеттілігін дұрыс түсіну.
- Іздеу стратегиясының дұрыстығы.

**Төртінші кезеңде** – аудармашының КНҚ қалыптасуының кәсіби-қолданбалы кезеңі операциялық-инструменталды субкомпетенциясы болып табылады.

Аударма практикасы – аудармашыны кәсіби-бағдарлы даярлаудың негізгі кезеңі және болашақ аудармашылардың операциялық-инструменталды субкомпетенциясын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл кезеңде: жазбаша аударма, ғылыми-техникалық аударма, ауызша ізбе-із аударма, сондай-ақ аударма практикумдары қалыптасады. Осы кезеңнің негізгі мақсаттары: оқу процесінде алынған аударма дағдыларын жетілдіру; терминологияны меңгеру; заманауи техникалық құралдармен және компьютерлік аударма бағдарламаларымен жұмыс істеуді игеру; аудармашының мінез-құлық моделін қалыптастыру болып табылады (дескрипторларға сәйкес). Болашақ аудармашылардың КНҚ қалыптасуының тиімділігі оны ұйымдастыру сапасына, таңдалған жұмыс формаларына және мұқият жоспарлауға байланысты. Сондықтан әрбір кезеңде аудармашының КН күзiреттiлiктiң субкомпетенцияларын қалыптастыруға арналған құралдар қолданылды.

«Жазбаша аударма практикасы» пәні бойынша сабақтар бір семестр бойы жүргізіледі және жұмыс бағдарламасына (силлабусқа) сәйкес, шетел тілінен қазақ тіліне және қазақ тілінен шетел тіліне аударма жасаудың негізгі дағдыларын, сондай-ақ ауызша және жазбаша аударманы ұйымдастыру принциптерін меңгеруге бағытталған. Оқу блогының маңызды артықшылығы –

оның ресурстық базасы. Сабақтарға арналған аудио және видео материалдар <http://www.bbchttps://kazakhstan.britishcouncil.org/ru> сияқты ашық қолжетімді сайттардағы қоғамдық қайраткерлердің бейне баяндамалары негізінде толықтырылып отырды. Мұндай материалдар кәсіби аудармашының тезаурусын жасау және дербес жаттығу үшін пайдалы дереккөздер болып табылады. Аудармашының болашақ лексика-терминологиялық қорын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Кәсіби-бағдарлы мәтіндерді оқи отырып, студенттер көптеген жаңа сөздермен танысады, ал бұл лексемалар мен синтагмалар мәтіннен мәтінге қайталанатынын ескерсек, студенттер тұрақты оқу және тыңдау барысында оларды біртіндеп сіңіріп, есте сақтайды. Лексикалық үйлесімділік бойынша тұрақты білім қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет.

Төменде кесте 23-де аудармашыларды дайындаудағы оқыту бағыттары көрсетілген.

Кесте 23 – Аудармашыларды кәсіби-қолданбалы аспектіде даярлаудағы оқыту бағыттары

Жазбаша аударма түрлері	Мәтін стилі мен жанры	Терминологиялық жұмыс	Адарманың ерекшеліктері
1	2	3	4
Сөзбе-сөз аударма	Экономикалық мәтін	Экономикалық терминдерді аудару, терминдердің нақты эквиваленттерін табу	Негізгі ерекшелігі — түпнұсқаның мағынасын толық сақтай отырып, сөзбе-сөз аудару. Кейде стильден ауытқу байқалады.
Еркін аударма	Ғылыми мәтін	Ғылыми терминологияны жинақтау, қысқартуларды түсіндіру	Түпнұсқа мазмұнын еркін жеткізу, стильдік икемділікке мән беру
Машиналық аударма	Техникалық мәтін	Терминдерді сәйкестендіру, терминдер базасын тексеру	Автоматтандырылған аударма құралдарын пайдалану, кейінгі редакциялау қажет.

Фондық білімдер кәсіби-бағдарланған мәтіндерді қосу арқылы үздіксіз толықтырылып отырады. Мұндай мәтіндер нақты пәндік саланы, мәдениеттің белгілі бір аспектілерін, әлеуметтік-саяси және қоғамдық бағыттарды қамтиды. Бұл мәтіндер, қоғамның өмір сүру ерекшеліктері мен адамдардың санасы, олардың нақты салалардағы шынайылыққа деген көзқарастарын бейнелей отырып (бағдарламалық тақырып аясында), «әлем бейнесін» тану мен аудармашылық дағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Біз мәтіндерді таңдау үшін келесі критерийлерді ұсындық: мәтінде шетел тілінде делдал-тіл елінің мәдениетіне сипаттама берілуі; шетел тіліндегі мәдени сипаттама әртүрлі тілдер мен мәдениеттердің, лингвосоциомәдени терминдердің, географиялық, мәдени және ұлттық реалийлердің үйлесімінде көрінуі мүмкін; мәтін материалы студенттердің шетел тіліндегі делдал-тіл елінің әлем бейнесін, шынайылық

аналогын қалыптастыруға, кәсіби - негізделген құзыреттілігі мен кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік беруі қажет. Кәсіби мазмұнды кеңейту мақсатында студенттерге тезаурус-сөздік жүргізу ұсынылады. Мұндай сөздік шетел мәдениетін жүйелі түрде зерттеуде және өзінің ұлттық мәдениет элементтерімен салыстыруда тиімді, танымдық және маңызды құрал болып табылады. Осылайша, кәсіби-бағдарланған мәтіндермен жұмыс жасау барысында студенттердің пәндік фондық білімдері кеңейтіліп, лингвистикалық білімдерді қолдану қабілеттері дамиды.

Операциялық-инструменталды дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар.

**Тапсырма 1.** Мәтінді аудару үшін электронды ресурстардың комбинациясын қолдана отырып, мәтіндерді аудару дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдерді аударыңыз, белгіленген сөз тіркестеріне назар аударыңыз, сөздіктерді және сіз білетін басқа аударма Интернет-ресурстарды пайдаланыңыз.

**Тапсырма 2.** Google Translate және Яндекс Аудармашы бағдарламалары арқылы берілген мәтін үзінділерін аударыңыз. Әр мәтінді әртүрлі қызметті пайдалана отырып аударыңыз. Содан кейін әр бағдарламадағы аударманың қаншалықты сәтті немесе сәтсіз шыққанын сипаттаңыз, аударма қателерін ескере отырып талдау жасаңыз.

Мәтін үзінділерін Google Translate және Яндекс Аудармашы бағдарламалары арқылы аудару. Мысалы:

«Аударма практикасы – аудармашыны кәсіби-бағдарлы даярлаудың негізгі кезеңі. Бұл кезеңде студенттер жазбаша және ауызша аударма дағдыларын меңгереді, сондай-ақ терминологияны игереді. Аударма процесінде студенттер заманауи техникалық құралдармен жұмыс істеп, әртүрлі мәтіндерді аудару тәжірибесін алады. Олар кәсіби терминдерді, сөз тіркестерін және контекстуалдық нюанстарды меңгеріп, өз дағдыларын жетілдіреді.»

1. Google Translate арқылы аудару:

Аударма: "Translation practice is a key stage in the professional-oriented training of a translator. At this stage, students learn written and oral translation skills, as well as terminology. In the translation process, students work with modern technical tools and gain experience in translating various texts. They master professional terms, phrases, and contextual nuances, improving their skills."

2. Яндекс Аудармашы арқылы аудару:

"Translation practice is a key stage in the professionally-oriented training of a translator. In this stage, students acquire written and oral translation skills, as well as terminology. During the translation process, students work with modern technical tools and gain experience in translating different texts. They master professional terms, phrases, and contextual nuances, enhancing their skills."

Google Translate:

Сәтті жақтары: Аударма жалпы түсінікті және негізгі мағынаны жеткізеді. «Key stage» және «professional-oriented training» терминдері дұрыс аударылған.

Сәтсіз жақтары: «Аударма практикасы» сөзінің «Translation practice» деп аударылуы дұрыс, бірақ контексте «кәсіби тәжірибе» деп те қабылдануы мүмкін. Тексттің кейбір бөліктері сәл ауырлау, әрі табиғи емес.

Яндекс Аудармашы:

Сәтті жақтары: Аударма анық және грамматикалық тұрғыдан дұрыс. «Professionally-oriented training» термині нақты және дұрыс қолданылған.

Сәтсіз жақтары: «Acquire» сөзінің орнына «learn» сөзін қолдану мүмкін еді, өйткені бұл контексте білім алу процесін нақтырақ сипаттайды.

Екі бағдарлама да негізгі мағынаны дұрыс жеткізгенімен, Яндекс Аудармашысының аудармасы сәл анағұрлым нақты және түсінікті болып шықты. Google Translate кейбір терминдерді қолдануда аздап сәйкессіздіктер көрсетті, ал Яндекс Аудармашысы контекске сәйкес сөздермен көбірек дәлдік берді. Студенттерге әр түрлі платформалардың ерекшеліктерін түсіндіріп, терминологияны мұқият таңдау қажет екенін атап өту маңызды.

**Тапсырма 3.** «Глоссарий жасау» Терминдердің бірізділігін қамтамасыз ету үшін глоссарий құру. Берілген мәтіндегі негізгі терминдерді анықтаңыз. Әр терминге аудармасын және түсіндірмесін жазыңыз. Глоссарийді Excel немесе арнайы терминологиялық бағдарламаларда жасаңыз (Сурет 28, Қосымша В).

The “year 2050” is not just a symbolic date. “2050” is a concrete period in which the world public opinion adjusts its direction today. The United Nations Organization has published its “Global Civilizations Development 2050” forecast. The forecast report for 2050 was also announced by the World Food Organization (FAO). More countries are preparing and implementing such long-term strategies today than before. Likewise, China has determined such a strategic planning horizon for itself. Even large multinational companies prepare their development strategies half a century in advance.

Сурет 28 – Тапсырма

**Тапсырма 4.** Оқыған кәсіби мәтіннен 20 терминді таңдап, олардың шетел тіліндегі және қазақ тіліндегі баламаларын анықтап, оларды контексте қолданыңыз. Мысалы, заң саласында: “jurisdiction” – “юрисдикция”, “litigation” – “сот ісі”. Терминдердің мағынасын нақтылау үшін TermWiki немесе IATE сияқты терминологиялық дерекқорларды қолданыңыз.

Кесте 24 – Глоссарий үлгісі

Термин (ағылшынша)	Қазақша аударма	Түсіндірме
1	2	3
Year 2050	2050 жыл	Болжамдар мен стратегиялық жоспарлар құрылған маңызды кезең.
United Nations Organization	Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ)	Халықаралық ұйым, жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған.
Global Civilizations Development 2050	2050 жылға дейінгі жаһандық өркениеттердің дамуы	БҰҰ жариялаған ұзақ мерзімді даму болжамы.
World Food Organization (FAO)	Дүниежүзілік азық-түлік ұйымы (ФАО)	Азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған халықаралық ұйым.
Strategic planning horizon	Стратегиялық жоспарлау көкжиегі	Ұзақ мерзімді жоспарлар жасауға арналған уақыт аралығы.
Multinational companies	Көпұлтты компаниялар	Өртүрлі елдерде жұмыс істейтін және жаһандық қызмет атқаратын ірі корпорациялар.
Development strategies	Даму стратегиялары	Ұйымдардың немесе елдердің ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге арналған жоспарлары.

Екі аударма платформасын (мысалы, Google Translate және Яндекс Аудармашы) пайдаланып, бірдей мәтінді екі рет аударыңыз. Содан кейін олардың айырмашылықтарын талдаңыз. Аударылған мәтіндердегі ең жиі кездесетін қателерге назар аударыңыз, мысалы, сөздердің дұрыс тәртібі немесе фразалардың мағыналық сәйкестігі.

Бұл жаттығулар мен тапсырмалар студенттердің электрондық ресурстарды дұрыс пайдалана отырып, операциялық-инструменталды құзыреттерін дамытып, болашақ аудармашылық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

**Тапсырма 5.** Интернетте орналасқан әртүрлі МА жүйелерінің жұмысын тексеріңіз (Google-дан <http://translate.google.ru> және). Ол үшін сол мәтіннің автоматты аудармасын орындаңыз (көлемі – 1-2 абзац, ШТ – қазақ тілі, АТ – таңдауыңыз бойынша, (тақырыбы – жалпы). Нәтижелерді кестеге енгізіңіз.

Кесте 25 – Тапсырма

Бастапқы мәтін	Аударма, <a href="http://translate.google.ru">http://translate.google.ru</a>	Аударма 2
мәтін	Мәтін	мәтін

Мұғалімдердің курс барысында басты міндеттерінің бірі – кәсіби-бағдарлы мәтіндердің құрылымдық-стилистикалық ерекшеліктерін көрсету және түсіндіру, сондай-ақ қазақ тіліне және керісінше аударудағы қиындықтарды талдау. Студенттер үнемі алдын ала аударма анализін жүргізеді, содан кейін проблемалық жерлердің түсінігін тексеру үшін бірлесіп талқылайды. Келесі кезеңде тікелей аударма тапсырмаларына көшуге болады: алдымен көлемі аз жазбаша аудармалар; содан кейін алдын ала дайындықпен парақтан аудару

тапсырмалары енгізіледі; одан кейін алдын ала дайындықсыз, бірақ таныс тақырып бойынша парақтан аудару тапсырмалары беріледі. Соңғы кезеңде ауызша және жазбаша аударма дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларға басты назар аударылады.

Студенттерге кәсіби-бағдарлы мәтіндерді аударып, алынған нәтижелердің сапасын бағалау тапсырмасы берілді. Студенттердің міндеті — аталған аударма жүйелерімен танысып, екі мәтіннің қайсысында ең жақсы аударылғанын анықтау. Аударма процесінде сәттілік пен сәтсіздік критерийлерін ескеру маңызды. Кәсіби-бағдарлы мәтіндермен жұмыс істегенде мынадай қателер кездеседі: мәтінді сөзбе-сөз аудару, стильді сақтамау, аударылмайтын сөздерді елемеу, сандық көрсеткіштерді елемеу, фактілік қателер. Аударма қателерінің әртүрлі жіктеулері бар. Аударма қателерінің ең танымал жіктеулері Л. К. Латышевтің еңбектеріне негізделген, онда мынадай қателер бөлінеді [90, б. 55-65]:

Негізгі мазмұнды жеткізудегі қателер – түпнұсқа мазмұнынан ауытқулар, дезинформациялық әсер ету дәрежесі бойынша ерекшеленеді. Бұл қателер өте маңызды және аудармашының неғұрлым мұқият болмауы немесе біліксіздігімен байланысты, ол түсініксіз болып көрінген ақпаратты сөздіктен тексермей өтеді.

Мысал ретінде осындай қателікті келтірейік: «What was it like? I don't know. I must have blacked it out – мен оны өшіріп тастаған болуым керек – Бұл қалай болды? Білмеймін, мен нокаутқа түскен болуым керек». Сөздікте «black out» етістігінің мағынасы – қараңғылау; мәтінді қара бояумен жабу. Бұл контексте екінші сұхбаттасушының жадындағы өткен уақыт «қара дақ» болып табылады, сондықтан бұл жағдайда жауаптың дұрыс аудармасы: «мен білмеймін. Менің есімде ештеңе жоқ» болар еді.

Бұрмалау – аударма мазмұнының түпнұсқадан субъективті түрде ауытқуы, яғни хабарлама нысаны туралы алушының жаңылысуы. Мысалы: «She was one of the most popular singers in 1990's – 1990 жылы ол ең танымал әншілердің бірі болды». Аудармашы түпнұсқадағы жылды білдіретін көпше санға назар аудармаған, сондықтан аудармада әнші тек 1990 жылы ғана танымал болғандай болып шыққан. Дұрыс аударма: «Тоқсаныншы жылдары ол ең танымал әншілердің бірі болды» болуы керек.

Дәлсіздік – түпнұсқа мазмұнынан ауытқулар, олар аз дезинформациялық әсермен сипатталады. Яғни, ақпараттың жойылуы немесе қосылуы, бірақ түпнұсқаның мазмұнын толық бұрмалаусыз, тек нақтылуды талап етеді. Мысалы: «You were an economist. Your job was to save money – Сіз экономист болдыңыз. Сіздің жұмысыңыз ақшаны сақтау болды». Сөздікте «save» етістігінің мағыналары – үнемдеу, құтқару, жинақтау, сақтау. Бұл жағдайда экономист мамандығы туралы сөз болып жатқандықтан, дұрыс аударма: «Сіз экономист болдыңыз. Сіздің жұмысыңыз ақша үнемдеу болды» болады.

Лексикалық қате – сөздің негізгі мағынасын дұрыс пайдаланбау немесе аударма тіліндегі сөздердің үйлесімділік нормаларын бұзу. Мысалы: «There were a lot of people at the party besides us – Кеште қасымызда адамдар көп болды». Бұл жағдайда аудармашы «beside» (жақын, жанында) мен «besides» (бұдан басқа,

сонымен қатар) сөздерін шатастырып алған, бұл аудармаға теріс әсер еткен. Сондықтан дұрысы: «ойда бізден басқа да көп адам болды».

Грамматикалық қате – аударма тілінің грамматикалық (соның ішінде синтаксистік) нормаларын бұзу, бірақ түпнұсқа мазмұнын бұрмаламайды: «Kate is more beautiful than Jane – Джейннен Кейт әдемірек». Орыс тілінде салыстырмалы дәреженің екі формасын бір уақытта пайдалану мүмкін емес. Дұрыс аударма: «Кейт Джейнге қарағанда әдемі» болып табылады.

Бұл кезеңде қателерді алдын алуға ерекше назар аударылады. Студенттер, атап айтқанда, «аудармашының жалған достары» деп аталатын кең таралған лексикалық қателермен танысады, сондай-ақ көпмағыналы сөздердің «ұмытылған» мағыналарын, сәйкес келмейтін географиялық атауларды да ескереді. Ақпараттық аналитикалық жаттығулар ретінде жарияланған түпнұсқа мәтіндер мен әртүрлі қателермен аударылған фрагменттерді салыстыра отырып, қателерді табу, классификациялау және түзету міндеті қойылады. Мақсат – қателерді табу, классификациялау және түзету барысында мақсат қою дағдыларын дамыту. Студенттерден қателердің пайда болу себептерін түсіндіруді сұрау өте пайдалы.

**Тапсырма 1.** Smartcat бағдарламасында берілген мәтіндердің фрагменттерін аударыңыз. Содан кейін алынған нәтижелерді сипаттаңыз.

Мәтіндердің тақырыптық таңдауы кәсіби бағытталған мәселелерді көрсетеді, қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, экономикалық салаларына қатысты және әртүрлі коммуникативті жағдайлар мен дискурсивті оқиғаларды қамтиды. Мәтіндік материал онымен жұмыс істеу аударма эрудициясын дамытуға ықпал ететіндей етіп таңдалады.

Сонымен, жоғарыда аталған КНҚ қалыптастыру алгоритмі кезеңдердің әрқайсысы аудармашының КНҚ қалыптастыруға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін қамтиды. КНҚ қалыптастыру алгоритмі әрбір кезеңде нақты жаттығулар мен тапсырмаларды орындауды қамтиды. Әр кезеңнің тапсырмалары мен АК ресурстары студенттердің кәсіби негізделген құзыреттілігін дамытуға және кәсіби дайындықты арттыруға көмектеседі. Жаттығулар мен тапсырмаларды жүйелі түрде орындау арқылы студенттер аударма қызметінің барлық аспектілерін игере алады.

**3.3 Ақпараттық-коммуникациялық ресурстар арқылы болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік нәтижесін талдау.**

Біздің жұмысымыздың келесі кезеңі болашақ аудармашылар арасында КН құзыреттіліктің қалыптасуының құрастырылған әдістемесінің алгоритмін енгізуді, яғни ЭТ-та қалыптастырушы эксперимент жүргізу.

Қалыптастыру кезеңінің негізгі міндеті әзірленген модельді оқу үдерісіне енгізу болды, оның орындалуы 2-бөлімде егжей-тегжейлі көрсетілген. Модельдің қалыптастырушы кезеңінің соңында апробацияланған модельдің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді.

Қалыптастырушы эксперимент Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің оқу үдерісінің табиғи жағдайында жүргізілді. Зерттеу жоспарына сәйкес таңдалған топтарда өткізілген эксперименттік оқытудың өзіндік ауыспалы және өзгермейтін жағдайлары болды. Эксперименттік оқытудың ауыспалы емес параметрлері мыналарды қамтиды: эксперименттік және бақылау топтарындағы дайындық деңгейі шамамен бірдей, топтардың саны бірдей; оқытуға бөлінген уақыттың көлемі тең; эксперименттік бөлімдердің саны; эксперименттік мәліметтерді өңдеудің біртұтас формасы кірді. Ауыспалы эксперименттік параметрлерге келесілер кіреді: аудармашының КНҚ қалыптастырудың қадамдық алгоритмі, сонымен қатар аудармашының кәсіби негізделген құзыреттілігін дамытуға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі енгізілді.

Бұл диссертациялық зерттеудің эксперименттік-тәжірибелік бөлігі аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың кезеңдік алгоритмін тексеруге арналған. Аталған мақсатқа сәйкес, әдістемелік эксперименттің бағдарламасы әзірленді. Негізгі екі таңдамалы топқа кірген студенттер «Аудармашыны даярлаудың негіздері» және «Мәдениетаралық коммуникациядағы базалық шетел тілі» екі пәннің интеграциясы нәтижесінде жаңа «Жазбаша аударма практикасы» пәні енгізілді.

Пәндердің бағдарламалары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен «6B02301 - Аударма және аударматану» мамандығы бойынша жоғары білімнің мемлекеттік стандартына сәйкес әзірленген.

Эксперимент төрт негізгі субкомпетенция бойынша жүргізілді: когнитивтік-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпаратты-іздеу және операциялық-инструменталдық.

Экспериментке дейін және кейін бақылаушы және эксперименталды топтардың нәтижелері салыстырылды. Эксперименттің басты мақсаты – ақпараттық-коммуникациялық ресурстарды қолдану арқылы студенттердің кәсіби – негізделген құзыреттілігін дамытуға ықпал ету.

Кесте 26 – Эксперименттің қалыптастыру кезеңінің нәтижелері (ЭТ)


	Критерийлері	Қалыптасу деңгейлері
--	--------------	----------------------




КНҚ субкомпетенциялары		Төмен деңгей (0-49 балл)	Орташа деңгей (50-79 балл)	Жоғары деңгей (80-100 балл)
Когнитивті-ұғымдық	Тезаурусты-білімділік	20%	60%	20%
Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік	Прагма-коммуникативтік	20%	60%	20%
Ақпараттық-іздеу	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	20%	60%	20%
Операциялық-инструменталды	Кәсіби-аудармашылық	20%	55%	25%

Кесте 27 – Эксперименттің қалыптастыру кезеңінің нәтижелері (БТ)

КНҚ субкомпетенциялары	Критерийлері	Қалыптасу деңгейлері		
		Төмен деңгей (0-49 балл)	Орташа деңгей (50-79 балл)	Жоғары деңгей (80-100 балл)
Когнитивті-ұғымдық	Тезауруст-білімділік	25%	50%	15%
Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік	Прагма-коммуникативтік	25%	60%	15%
Ақпараттық-іздеу	Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік	35%	65%	10%
Операциялық-инструменталды	Кәсіби-аудармашылық	35%	50%	15%



Сурет 29 – Эксперименттен кейін эксперименталды топ



Сурет 30 – Эксперименттен кейін бақылаушы топ

Анықтау кезеңінің нәтижелері: Эксперименттік және бақылау топтарындағы студенттердің бастапқы кәсіби-негізделген құзыреттілігін анықтау кезінде төмен деңгейдің басым екені байқалды. Әсіресе, когнитивті-ұғымдық, ақпараттық-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенцияларда студенттердің көпшілігі негізгі дағдылар мен білімдерді толық меңгермегені анықталды. Орташа деңгейдегі көрсеткіштер белгілі бір прогресті көрсетсе де, олар студенттердің кәсіби қызметте тиімді әрекет етуге әлі дайын емес екенін көрсетті. Жоғары деңгей көрсеткіштері барлық субкомпетенцияларда өте төмен болды, бұл білім беру тәсілдерін қайта қарауды қажет етеді.

Қалыптастыру кезеңінің нәтижелері: Қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топта арнайы әдістемелік тәсілдер қолданылды, нәтижесінде студенттердің кәсіби-негізделген құзыреттіліктерінің барлық субкомпетенциялары бойынша айтарлықтай жақсару байқалды.

Когнитивті-ұғымдық субкомпетенция: төмен деңгейдегі көрсеткіштер 40%-дан 20%-ға дейін қысқарды, бұл студенттердің теориялық білімдерін жақсартып, оны тәжірибеде қолдана бастағанын көрсетеді. Орташа деңгейдегі көрсеткіштер 50%-дан 60%-ға дейін өсті, бұл олардың білімдерін жүйелеу қабілеттерінің артқанын дәлелдейді. Жоғары деңгейдегі студенттер саны екі есеге өсті (10%-дан 20%-ға).

Шеттілдік кәсіби-коммуникативтік субкомпетенция: төмен деңгей 35%-дан 20%-ға дейін азайды, бұл студенттердің кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерінің дамығанын көрсетеді. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 15%-дан 20%-ға дейін өсті, бұл студенттердің шеттілдік кәсіби контексте еркін әрекет ету мүмкіндігін арттырды.

Ақпараттық-іздеу субкомпетенциясы: төмен деңгейдегі студенттер саны екі есеге қысқарды (50%-дан 20%-ға). Орташа деңгей 40%-дан 60%-ға дейін өсті, бұл олардың ақпаратты іздеу және оны өңдеудегі дағдыларының жақсарғанын

көрсетеді. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер де айтарлықтай өсті (10%-дан 20%-ға).

Операциялық-инструменталды субкомпетенция: төмен деңгей 40%-дан 20%-ға дейін азайды. Жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 8%-дан 25%-ға дейін артты, бұл студенттердің аудармада қолданылатын техникалық құралдарды кәсіби түрде игергенін көрсетеді.



Бақылау тобында дәстүрлі оқу процесі жалғастырылды, нәтижесінде айтарлықтай өзгерістер болмады. Төмен деңгейдегі көрсеткіштер шамалы қысқарғанымен (5-10%-ға), орташа және жоғары деңгейлерде елеулі өсім байқалмады.

Эксперименттік топтың көрсеткіштері айтарлықтай жақсарды. Әсіресе төмен деңгей көрсеткіштерінің барлық субкомпетенциялар бойынша екі есеге дейін қысқаруы және жоғары деңгей көрсеткіштерінің 2-3 есеге өсуі арнайы қолданылған әдістемелік тәсілдердің тиімділігін көрсетті. Эксперимент нәтижелері арнайы әдістемелік тәсілдердің болашақ аудармашылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруда жоғары тиімділігін дәлелдеді. Атап айтқанда, когнитивті-ұғымдық, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік, ақпараттық-іздеу және операциялық-инструменталды субкомпетенциялардың дамуында айтарлықтай прогресс байқалды. Эксперименттік топтағы студенттердің нәтижелерінің айтарлықтай жақсаруы интерактивті оқыту әдістерін енгізу, оптық жұмыс, пікірталас, рөлдік ойындар арқылы студенттердің коммуникативтік дағдылары дамытылды. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланулары заманауи аударма құралдары мен бағдарламалар қолданылып, студенттердің техникамен жұмыс істеу қабілеттері артты. Практикаға бағытталған тапсырмалар. Шынайы өмірдегі кәсіби жағдайларға арналған жаттығулар орындалып, теорияны практикада қолдану дағдылары жетілдірілді.

Эксперименттік топтың нәтижелері бақылау тобынан жоғары. Әсіресе, жоғары деңгейдегі қатысушылардың үлесі айтарлықтай артты.

1. Эксперименттік әдістемелер барлық субкомпетенциялар бойынша айтарлықтай прогреске жеткізді. Бұл әдістемелерді кеңірек қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.
2. Төмен деңгейдегі қатысушылардың саны азайды. Бұл эксперименттік жұмыс нәтижесінде қатысушылардың білімі мен дағдылары жақсарғанын дәлелдейді.
3. Орташа деңгейдегі қатысушылардың саны көбейді, бірақ жоғары деңгейге жету үшін қосымша жұмыстар қажет.

Эксперименттік топтың нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жақсарғанын көруге болады. Әсіресе, когнитивті-ұғымдық және операциялық-инструменталды субкомпетенциялар бойынша көрсеткіштер жоғары деңгейге көтерілді.



Сурет 31, 32 – ЭТ және БТ топтардың нәтижелері

### Үшінші тарау бойынша қорытындысы

Үшінші тарау зерттеудің тәжірибелік бөлімін құрап, анықтаушы эксперимент кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық ресурстар негізінде болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін бастауыш базалық деңгейлерін анықтау үшін екі топқа да сауалнама әдісі арқылы талдау жүргізілді. Анықтаушы эксперимент кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық ресурстар негізінде болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін субкомпетенцияларын қалыптастырудың базалық деңгейлерін анықтау үшін екі топқа да сауалнама әдісі арқылы талдау жүргізілді. Тарау мазмұнында АҚР-ды қолдану арқылы студенттердің кәсіби-негізделген дайындықтарын жетілдіру әдістері мен олардың тиімділігі талданды. Болашақ аудармашылардың кәсіби-негізделген құзыреттілігін бастапқы даму деңгейін анықтау мақсатында төрт бағалау критерийі анықталды: тезаурусты білімділік, прагма-коммуникативті, ұйымдастырушылық іс-әрекеттік, кәсіби аудармашылық. Критерийлердің әрқайсысы көрсеткіштерде көрсетілген.

Эксперименттік-тәжірибелік оқытудың мақсаты – әзірленген болашақ аудармашыларда КНҚ қалыптастыру моделінің орындылығын дәлелдеу болды.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер анықталды: аудармашылардың кәсіби қызметі туралы студенттердің көзқарастарын анықтауға арналған диагностикалық құралдарды әзірленді; студенттердің аудармашы ретіндегі кәсіби-негізделген құзыреттілігінің бастапқы деңгейін және студенттердің күрделі когнитивтік қызметке дайындығын анықтады; аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын әдістемесінің алгоритмі мен АҚ ресурстар арқылы жаттығулар жүйесін қолдана отырып, қалыптастыру процесін іске асырылды; студенттердің кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудағы оң/теріс динамиканы өнімдерді талдау, тестілеу және дидактикалық бақылау арқылы дәлелденді.

Тәжірибелік-эксперименталды оқыту барысында алынған бастапқы және соңғы нәтижелерді өңдеу және талдау жүргізілді. Аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастырудың әзірленген моделінің тиімділігін анықталды. Эксперименттік топтың студенттері бақылау тобымен салыстырғанда жоғары нәтижелер көрсетті. Терминологиялық сөздіктер, автоматтандырылған аударма жүйелері, мультимедиялық платформалар сияқты АҚР құралдары студенттердің аударма ісіндегі практикалық дағдыларын дамытуға септігін тигізді. АҚР-ды қолдану студенттердің оқу процесіне деген ынтасын арттырып, кәсіби-негізделген құзыреттілігін қабілеттерін дамытты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеуде болашақ аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі проблемасын шешудің механизмдері ұсынылған. Құралған лингводидактикалық шарттарды негіздеу мен эксперименттік тұрғысынан тексеру және ақпараттық коммуникациялық ресурстар арқылы аудармашының кәсіби-негізделген құзыреттілігін қалыптастыру теориясы мен әдістемесі моделі мен оны жүзеге асыру ақпараттық коммуникациялық ресурстар оған дәлел. Тәжірибелік эксперимент жұмысы барысында зерттеу мақсатына қол жеткізілгенін және қойылған міндеттердің шешімін растайтын нәтижелер алынды, бұл келесі қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: заманауи ақпараттық-коммуникациялық ресурстар аудармашыларды шеттілдік-кәсіби даярлауда оқу үдерісін инновациялық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық ресурстарды қолдану соның ішінде аударма жүйелері, мәтіндік және терминологиялық деректер базалары, және электрондық кітапханалар, студенттерге кәсіби – негізделген құзыреттілігін қалыптастыруда көрсетті. Оқу үдерісін жеңілдетіп, аудармашылық тәжірибеде кездесетін қиындықтарды жылдам шешуге мүмкіндік береді. Заманауи ақпараттық коммуникациялық ресурстарды пайдалану арқылы аудармашылардың кәсіби дайындық деңгейі артып, олардың халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігі күшейді.

